

Қаралды:  
Әдістемелік бірлестіктің  
жетекшісі:

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2014ж  
№ 1 хаттама

Тексерілді  
Директордың ҒӘДЖ  
орынбасары

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2014ж


Келісілді  
Астана қ. Білім  
Басқармасының әдіскері

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2014ж

Бекітілді  
№ 66 мектеп-лицейінің  
директоры

\_\_\_\_\_ А.Шаяхметов  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2014ж

Астана қаласы Білім басқармасының  
«№ 66 мектеп-лицей» мемлекеттік мекемесі  
**2014-2015 оқу жылына арналған арнаулы курсының  
тақырыптық-күнтізбелік жоспары**



Пәні: «Ежелгі Қазақстанға саяхат»

Сынып: 6 «А»

Мұғалімі: Азатова Асел Жолдасбековна

2014-2015 оқу жылы

## Түсінік хат

Тәуелсіздігімізге қол жеткізген аз ғана жылдардың ішінде біз төл тарихымыз төңірегінде анағұрлым көбірек біле бастадық. Халқымыздың жүріп өткен ұзақ жолы өзге жұрттан кем емес. Тәуелсіздігіміздің арқасында оқу жоспарына кірген халқымыздың төл тарихы елеміздің нағыз патриоттарын дайындауда өз үлесін қосуға міндетті.

**Бүгінгі тарихты оқытудағы басты мақсат – дүниежүзілік дамудағы адамзаттың орны ерекше екендігін, ол жасаған бүкіләлемдік құндылықтарды білетін, оларды Қазақстанның дамуы үшін пайдалануға ынталы, жан-жақты жетілген, өзінің тарихи тамырларын, қоғамдағы орнын түсінетін белсенді азаматтарды қалыптастыру. Осындай міндеттерді жүзеге асыруда тарихшы мұғалімдердің атқаратын орны ерекше.**

**Тарих пәнін оқыту, ұрпақтар бойына дарыту көп ізденістерді, сан түрлі әдістемелік тәсілдерді қажет етеді. Жиырма бірінші ғасыр мұғалімі, оның ішіндегі Тәуелсіз, зайырлы Қазақстанның тарих пәні мұғалімі жан-жақты, білімді, өз ісін өте жақсы білетін ұлттық идеологиямен сусындаған азаматтар болуға тиісті. Ендеше бұл көп ізденісті, талмай еңбектенуді қажет етеді. Шәкірттеріміздің танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін жиірек қолданып жүрген сабақтарымыздың бірі сатылай кешенді талдау технологиясымен жүргізілетін сабақ. Қазақтың сатылай кешенді технология ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдылықты үйретумен қатар, мәдениетті сөйлесуге, ептілікке, тапқырлыққа баулиды және бұл сабақта балалардың белсенділігі артады, бір - бірімен бәсекеге түсу арқылы оқуға, көп білуге ынтасы өседі. Ол тәрбиеге де, оқу ісіне де зор ықпалын тигізеді сөзсіз.**

«Қазақстан тарихы» пәнінің өзекті мәселелерін, әсіресе бұрыннан қалыптасқан құндылықтар жүйесін жаңа заман тұрғысынан қарап одан әрі жалғастырып кеңіте түсетін пән. Оқушыларды біртұтас және жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыруда, олардың өзіндік қабілеттері мен табиғи қасиеттерін барынша дамытатын, өркениеттілік құндылықтарға негізделген білімді бойларына сіңіріп, заман ағымына байланысты. Тарихи өзгерістерін ой елегінен өткізе отырып, рухани-адамгершілік, мәдени-тарихи құндылықтық болмыстарын байытуда және өзіндік рухани жетілу жолдарын қалыптастыруда оқытылатын Қазақстан ежелгі тарихы, Қазақстан орта ғасыр тарихы, Қазақстан жаңа заман тарихы, Қазақстан қазіргі заман тарихы алатын орны ерекше.

**Курстың өзектілігі:** білім беру бағдарламасында тұлғаны терең білу, әрі объективті бағалау, тарихи оқиғаны жан-жақты қарастыру, территориялық, әкімшілік өзгерістерді терең зерттеу материалдың көптігі мен сағаттың шектеулілігінен мүмкін емес. Сондықтан да оқушылардың тандап алған курс Қазақстан тарихының маңызды мәселелерін, аз зерттелген беттерін, тұлғаның тарихтағы рөлін терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Бағдарламада ежелгі дәуірде еліміз жүріп өткен тарихи кезеңдерге талдау жасалады; қоғамның негізгі даму процестері мен заңдылықтарын ежелгі заман кезеңі қамтылады; Қазақстан жеріндегі ру - тайпалардың сонау көне заманғы тарихына тоқталамыз.

**Бағдарламаның мақсаты** – Қазақстан тарихының ежелгі дәуірдегі тарихын «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен меңгертіп оқыту, әр бір шәкірттің жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау.

**Тарихты оқытудағы «Сатылай кешенді талдау» технологиясының міндеттері:**

- Әр оқиғаның мағынасын таныту арқылы сөзді тандап-талдап қолдана білуге дағдыландыру;
- оқушыларға Қазақстан тарихы бойынша толыққанды, жүйелі білім беру;
- Қазақстан тарихы бойынша тарихи терминологияларды меңгерту;

- оқушылардың тарихи фактілер мен құбылыстарды талдап-қорыту, тарихи оқиғалардың мақсаты мен мәнін анықтай білу дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың қазақ және басқа да халықтардың мәдени мұраларына қызығушылығын қалыптастыру;
- оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі дерек көздерінен қажетті ақпаратты іздестіру арқылы өзіндік жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру;
- кез келген шаршы топта өз ойын шешен де шебер жеткізе білуге машықтандыру. Сол арқылы әр оқушының өз тарихын, ұлттық құндылықтарын басқаларға таныта, бағалай білуге баулу;
- талдаудың он деңгейін рет-ретімен жүргізе отырып, сатылай кешенді талдаудың түрлі амал-тәсілдерін меңгерту;
- Сатылай кешенді талдау арқылы теориялық материалды тілдік қатынасым теориясы (жазылым, айтылым, тыңдалым сөйлесім) арқылы практикалық тұрғыдан талдап, тұжырым жасап, оны өмірде қолдана білуге машықтандыру.
- Тарих пәннің табиғатын танытуда оқушының жеке мүмкіндігін ашуға ықпал ету.
- Тарих пәнінен тақырып мазмұнын ашу арқылы танымдық дүниесін қалыптастыру.

Келесі пәндермен **пәнаралық байланыстар** жүзеге асырылады:

1) «Дүние жүзі тарихымен»:

Қазақстан тарихы дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі;

Қазақстан тарихын оқытқанда көршілес мемлекеттердің тарихымен байланысты қарастырылатын ортақ мәселелерді қарастыру;

2) «Географиямен»:

Қазақстан территориясының және шекарасының анықталу кезеңі;

3) «Қазақ әдебиетімен»:

Қазақстанның көне аңыздардың, әфсаналардың тарихи оқиғалармен байланыстыруы;

4) «Бейнелеу өнерімен»:

қазақтардың қолданбалы қолөнер туындыларының тарихы;

5) «Музыкамен»:

музыкалық шығармалардың тарихи оқиғалармен байланыстылығы.

«Ежелгі Қазақстанға саяхат» курсына 34 сағат бөлініп, аптасына 1 сағаттан қарастырылған.

**Күтілетін нәтиже:**

- Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаларды, тарихи тұлғаларды сатылау арқылы тыңдалым, айтылым, жазылым, сөйлесім әрекеттері жоғары деңгейде дамиды.
- жыл мен ғасыр арақатынасын, тарихтағы жыл санаудағы ұзақтық пен жүйелілікті орната білетін, ежелгі адамдардың кәсібін, өмірі мен тұрмысын, сәулет және өнер ескерткіштерін суреттей білетін дағдылар қалыптасады.
- оқу материалдарының мазмұнын сатылау арқылы оқулықтағы мәтінінен негізгісін таба білуді, тарихи терминдерді қолдану және оларды түсіндіре білуді; тарихи оқиғаға өз бағасын бере білуді; басқа оқушылардың жауаптарына өз көзқарасын білдіруге үйренеді.
- Мұғалім мен оқушылар арасындағы әріптестік қарым-қатынас үлкен шығармашылыққа ұласады.

### Тақырыптық-күнтізбелік жоспар

P/c	Өтілетін тақырыптар	Сағат саны				
		Барлығы	Оның ішінде			
			Теориялық білім беру	Тәжірибелік білім беру	Теориялық білім беру	Тәжірибелік білім беру
<b>I бөлім «Тас дәуіріндегі Қазақстан» 4 сағат</b>						
1	Тас дәуірінің ескерткіштері	2	1	1		
2	Тас дәуірінің жетістіктері	2	1	1		
<b>II бөлім «Қола дәуіріндегі Қазақстан» 10 сағат</b>						
3	Қола дәуірінің ескерткіштері	2	1	1		
4	Қола дәуірінің жетістіктері	2	1	1		
5	Андронов мәдениеті	2	1	1		
6	Беғазы-Дәндібай мәдениеті	2	1	1		
7	Қола ғасырының антропологиялық сипаттамасы	2	1	1		
<b>III бөлім «Темір дәуіріндегі Қазақстан» 8 сағат</b>						
8	Темір дәуірінің ескерткіштері	2	1	1		
9	Темір дәуірінің жетістіктері	2	1	1		
10	Сақ қорғандары	2	1	1		
11	Темір дәуірінің антропологиялық сипаттамасы	2	1	1		
<b>IV «Тарихи тұлғалар» 6 сағат</b>						
12	Томирис	2	1	1		
13	Мөде	2	1	1		
14	Еділ (Атилла)	2	1	1		
<b>V «Көшпелілер мәдениеті» 6 сағат</b>						
15	Қола дәуірінің мәдениеті	2	1	1		
16	Темір дәуірінің мәдениеті	4	2	2		

### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы (баптары бойынша түсіндірмелерімен ) және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. Астана, 2007.
2. Оразахынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері (монография). –Алматы, 2007.-289 бет.
3. Медеуова Б.Б., Оразахынова Н.А. Қазақстан тарихы. 10 сыныпқа арналған әдістемелік оқу құралы. Алматы, Үш қиян 2007.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. –Алматы: «Атамұра», 2010.-768 бет.
5. Қазақстан балалар энциклопедиясы. — Алматы, «Аруна». — 2002. — 224 б., илл.
6. Ежелгі Қазақстан тарихы:Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық,2-басылымы, өңделген./Т.С.Садықов, Ә.Т.Төлеубаев, Ғ.Халидуллин, Б.С.Сәрсекеев. –Алматы:Атамұра, 2011. -176 бет.
7. Мөде қаған. — Алматы, «Аруна Ltd» ЖШС. 2003. — 106 б.
8. Өтениязов С. Аттила.Тарих, тұлға, уақыт. — Алматы, «Аруна Ltd» ЖШС. 2005. — 96 б.
9. Томирис: Тарих, тұлға, уақыт. Алматы, «Аруна». — 2005. — 92 б.
10. «Ұлы Дала мемлекеттері». — Алматы: «Адамдар» баспасы, 2006. -216 бет.

## 7-сынып

### Түсінік хат

Қазақ жері өзінің тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрі мен әдет ғұрпымен ерекшеленеді. Оның ұлттық тарихы ерте замандардан бастау алады. Ел мен жерді қорғау ең алдымен сол ел мен сол жердің тарихын білуден басталады. Ел мен жердің тарихын білу тарихта өткен қасиетті ата-бабалар әруағына тағзым етіп, олардың игілікті істерін еске алудан бастау алады. Ұлт тарихынан білімді болудың басты мақсаты-өткеннен тағылым алу. Осыған орай еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерін білу – біздің тарих алдындағы міндетіміз.

Әлемдегі әр ұлттың өз тарихында кие тұтатын мекендері бар. Ол жерлердің киелілігі сол халықтардың шығу ошағы немесе ұлттық мәдениетінің ошағы, елдіктің ошағы болуына байланысты болса керек. Қазақ халқының тарихында осындай жерлер өте көп. Алтай мен Жетісу, Ұлытау мен Қаратау, Еділ мен Жайық, Ертіс пен Сыр, Маңғыстау, Түркістан мен Отырар – міне, қазақтың төл бесігі болған киелі мекендер. Бұл аймақтардың өз ішінде және кішігірім киелі орындары бар. Мысалы, айтар болсақ, оларға түркі әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, Арыстанбаб кесенесі, Қарашаш ана кесенесі, Ұлытаудағы Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Жамбыл облысындағы – Айша бибі кесенесі, Қарахан кесенесі, Бабаджа Қатын кесенесі, Маңғыстау өңіріндегі Шопан-Ата жер асты мешіті және тағы басқа да тарихи-мәдени ескерткіштер.

**Сәулет өнері ескерткіштері — оны жасаған қоғамның өмірі туралы аса бай ақпарат көзі. Өнердің және құрылыс техникасының ескерткіштері болуымен қатар, олар дәуірдің эстетикалық нормалары, идеологиясы туралы, ғылыми-техникалық мүмкіншіліктің дамуы туралы, мәдени қарым-қатынастар туралы, құрылыс колөнерінің ұйымдастырылуы мен деңгейі туралы айқын түсінік береді.**

**Курстың өзектілігі:** білім беру бағдарламасында тұлғаны терең білу, әрі объективті бағалау, тарихи оқиғаны жан-жақты қарастыру, территориялық, әкімшілік өзгерістерді терең зерттеу материалдың көптігі мен сағаттың шектеулілігінен мүмкін емес. Сондықтан да оқушылардың тандап алған курс Қазақстан тарихының маңызды мәселелерін, аз зерттелген беттерін, тұлғаның тарихтағы рөлін терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Бағдарламада орта ғасырда еліміз жүріп өткен тарихи кезеңдердегі сәулет өнеріне талдау жасалады; қоғамның негізгі даму процестері мен заңдылықтарын орта ғасыр кезеңі қамтылады; Қазақстан жеріндегі орта ғасырлық сәулет ескерткіштерінің тарихына тоқталамыз.

**Бағдарламаның мақсаты** – Қазақстан тарихының орта ғасырдағы сәулет ескерткіштерін «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен меңгертіп оқыту, әр бір шәкірттің жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау. тарихи-мәдени ескерткіштер арқылы өткенімізді зерттеп, тарихқа терең үңіле аламыз. тарихи-мәдени ескерткіштерді ғылыми негізде терең әрі дәйекті зерттеу, зерделеу сол арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу, сол өткен тұлғалардан үлгі - өнеге беру.

***Тарихты оқытудағы «Сатылай кешенді талдау» технологиясының міндеттері:***

- Әр оқиғаның мағынасын таныту арқылы сөзді тандап-талдап қолдана білуге дағдыландыру;
- оқушыларға Қазақстан тарихы бойынша толыққанды, жүйелі білім беру;
- Қазақстан тарихы бойынша тарихи терминологияларды меңгерту;
- оқушылардың қазақ және басқа да халықтардың мәдени мұраларына қызығушылығын қалыптастыру;
- оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі дерек көздерінен қажетті ақпаратты іздестіру арқылы өзіндік жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру;
- кез келген шаршы топта өз ойын шешен де шебер жеткізе білуге машықтандыру. Сол арқылы әр оқушының өз тарихын, ұлттық құндылықтарын басқаларға таныта, бағалай білуге баулу;
- талдаудың он деңгейін рет-ретімен жүргізе отырып, сатылай кешенді талдаудың түрлі амал-тәсілдерін меңгерту;
- Сатылай кешенді талдау арқылы теориялық материалды тілдік қатынасым теориясы (жазылым, айтылым, тыңдалым сөйлесім) арқылы практикалық тұрғыдан талдап, тұжырым жасап, оны өмірде қолдана білуге машықтандыру;
- Тарих пәннің табиғатын танытуда оқушының жеке мүмкіндігін ашуға ықпал ету;
- Тарих пәнінен тақырып мазмұнын ашу арқылы танымдық дүниесін қалыптастыру;

- орта ғасырлардағы сәулет өнері, стильдері, архитектуралық құрылыс жүйелерінің ерекшеліктерін аша отырып, олардың тарихтағы алатын орнын анықтау;
- Қазақстандағы сәулет өнері туындыларынан мысалдар келтіре отырып, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- орта ғасырлардағы сәулет өнерінің туындыларын қазіргі заманғы архитектураның озық үлгілерімен салыстыра отырып, оқушылардың сәулет өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, эстетикалық тәрбие беру;
- Жүйелі ойлау мен талдай білу;
- Оқушының жан-жақты іздене білуін қалыптастыру;
- Бірлесіп және өздігінен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;
- Оқушының бойына ұлтжандылық сезімін қалыптастыру;
- Тарихи ескерткіштерге құрметпен қарау, қорғау, қастерлеу, бағалай білуге тәрбиелеу.

Келесі пәндермен **пәнаралық байланыстар** жүзеге асырылады:

1) «Дүние жүзі тарихымен»:

Қазақстан тарихы дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі;

Қазақстан тарихын оқытқанда көршілес мемлекеттердің сәулет ескерткіштерімен байланысты қарастырылатын ортақ мәселелерді қарастыру;

2) «Географиямен»:

Қазақстан территориясында орта ғасырлық ескерткіштердің орналасуы;

3) «Қазақ әдебиетімен»:

Қазақстанның көне аңыздардың, әфсаналардың тарихи оқиғалармен байланыстыруы;

4) «Бейнелеу өнерімен»:

қазақтардың қолданбалы қолөнер туындыларының тарихы;

5) «Музыкамен»:

музыкалық шығармалардың тарихи оқиғалармен байланыстылығы.

«Орта ғасырлық Қазақстан архитектурасы» курсына 34 сағат бөлініп, аптасына 1 сағаттан қарастырылған.

**Күтілетін нәтиже:**

- Қазақстандағы орта ғасырлық сәулет ескерткіштерін сатылау арқылы тыңдалым, айтылым, жазылым, сөйлесім әрекеттері жоғары деңгейде дамиды.
- жыл мен ғасыр арақатынасын, тарихтағы жыл санаудағы ұзақтық пен жүйелілікті орната білетін, орта ғасырдағы адамдардың кәсібін, өмірі мен тұрмысын, сәулет және өнер ескерткіштерін суреттей білетін дағдылар қалыптасады.
- оқу материалдарының мазмұнын сатылау арқылы оқу құралындағы мәтінінен негізгісін таба білуді, тарихи терминдерді қолдану және оларды түсіндіре білуді; тарихи оқиғаға өз бағасын бере білуді; басқа оқушылардың жауаптарына өз көзқарасын білдіруге үйренеді.
- Мұғалім мен оқушылар арасындағы әріптестік қарым-қатынас үлкен шығармашылыққа ұласады.

## Тақырыптық-күнтізбелік жоспар

Р/с	Өтілетін тақырыптар	Сағат саны		
		Барлығы	Оның ішінде	
			Теория-лық білім беру	Тәжірибелік білім беру
<b>I бөлім «Ерте орта ғасырлардағы дала сәулет ескерткіштері» 8 сағат</b>				
1	Сәулет өнері туралы түсінік.	1	1	
2	Тұрғын үй архитектурасы	1	1	
3	Дың ескерткіштері	1	1	
4	Ақбешім, Суяб будда ғибадатханалары	1	1	
5	Сардоба	1	1	
6-7	Ақыртас, Білеулі кешендері	2	1	1
8	Жат жазу	1		1
<b>II бөлім Ислам кезеңіндегі сәулет өнері 10 сағат</b>				
1	Қала құрылыстары Орта ғасырдағы қалалардың сәулет өнері	1	1	
2	Шығыс моншасы	1	1	
3	Мешіттер	1	1	
4	Бегім-Ана кесенесі	1	1	
5	Бабаджа қатын кесенесі	1		1
6	Айша бибі кесенесі	1		1
7	Қарахан кесенесі	1	1	
8	Жұбан ана күмбезі	1	1	
9	Аяққамыр кесенесі	1	1	
10	Жат жазу	1		1
<b>III бөлім «Дамыған орта ғасырлардағы дала сәулет ескерткіштері» 9 сағат</b>				
1	Дәуітбек кесенесі	1	1	
2	Сырлытам кесенесі	1		1
3	Арыстан баб кесенесі	1	1	
4	Қожа Ахмет Яссауи кесенесі	1	1	
5	Алаша хан кесенесі	1	1	
6	Көккесене	1	1	
7	Жошы хан кесенесі	1	1	
8	Тектұрмас кесенесі	1	1	
9	Жат жазу	1		1
<b>IV бөлім XVI-XVII ғасырлардағы дала сәулет ескерткіштері 7 сағат</b>				
1	Қажы Талиға кесенесі	1	1	
2	Ибраһим ата кесенесі	1	1	
3	Айқожа кесенесі	1	1	
4	Ақтас мешіті	1	1	
5	Асан – Ата кесенесіне	1	1	
6	Жат жазу	1		1
7	Қорытынды сабақ	1		1

## **Орта ғасырлық Қазақстан архитектурасы** **АЛҒЫС СӨЗ**

Қазақ жері өзінің ұлттық тарихы мен мұраларымен ерекше. Әлемдегі әр ұлттың өз тарихында кие тұтатын мекендері бар. Ол жерлердің киелілігі сол халықтардың шығу ошағы немесе ұлттық мәдениетінің ошағы, елдіктің ошағы болуына байланысты болса керек. Қазақ халқының тарихында осындай жерлер өте көп. Алтай мен Жетісу, Ұлытау мен Қаратау, Еділ мен Жайық, Ертіс пен Сыр, Маңғыстау, Түркістан мен Отырар –міне, қазақтың төл бесігі болған киелі мекендер. Бұл аймақтардың өз ішінде және кішігірім киелі орындары бар. Мысалы, айтар болсақ, оларға түркі әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, Арыстанбаб кесенесі, Қарашаш ана кесенесі, Ұлытаудағы Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Жамбыл облысындағы – Айша бибі кесенесі, Қарахан кесенесі, Бабаджа Қатын кесенесі, Маңғыстау өңіріндегі Шопан-Ата жер асты мешіті және тағы басқа да тарихи-мәдени ескерткіштер.

**Сәулет өнері ескерткіштері — оны жасаған қоғамның өмірі туралы аса бай ақпарат көзі. Өнердің және құрылыс техникасының ескерткіштері болуымен қатар, олар дәуірдің эстетикалық нормалары, идеологиясы туралы, ғылыми-техникалық мүмкіншіліктің дамуы туралы, мәдени қарым-қатынастар туралы, құрылыс колөнерінің ұйымдастырылуы мен деңгейі туралы айқын түсінік береді.**

Өткеннен тағылым алу. Осыған орай еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерін білу – біздің тарих алдындағы міндетіміз. Осы құндылықтарымызды қорғау және оны қайта қалпына келтіріп отыруымыз қажетпіз жас жеткіншек!

Тарихи-мәдени ескерткіштердің Қазақстан тарихында алатын орны ерекше. Сол ескерткіштер арқылы өткенімізді зерттеп, тарихқа терең үңіле аламыз. Осы тарихи-мәдени ескерткіштерді ғылыми негізде терең әрі дәйекті зерттеу, зерделеу сол арқылы өсіп келе жатқан ұрпақ, сіздер, отаншылдық рухта, сол өткен тұлғалардан үлгі – өнеге ала аласыздар.

Елбасымыздың 2005 жылғы Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауына сәйкес тарихи-мәдени ескерткіштерді туризмнің ірі орталығына айналдыру керектігі, ондағы мәдени құндылықтарымызды қорғауға алынуы керек. Осы тарихи ескерткіштерді көркейте отырып, көне ескерткіштері туристік жерлерге айналдырып, барынша отандық және шетелдік туристерге жағдай жасап, ескерткіштерді ел экономикасының көтерілуіне себепін тигізуіне мүмкіндік туғызуымыз керек. Бұл қазақ елін, жерін, тарихын бүкіл әлемге паш ете отырып, экономиканың көтерілуіне де өз үлесін қосады және Қазақстанның шетелдермен байланысын нығайта түседі.

Мәдени мұраны игеру – халықтың тарихи жадының негізі, онсыз шынайы патриотизм болмайды.

### **Сәулет өнері**

Сәулет өнері адамдардың өмірі мен қызметіне қажетті, материалдық тұрғыдан ұйымдасқан орта құрайтын үйлер мен құрлыстар, сондай - ақ кешендер, қоғамның эстетикалық көзқарасына сәйкес құрылыстар.

Архитектура, сәулет өнері – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. Қай елге, қалаға барсақ та, біз ғажайып әдемі сұлулығымен көз тартатын ғимараттар, сарайлар, мешіттер, тұрғын үйлер, өнеркәсіптік кешендер көріп жүрміз. Бірақ осы өнер түрі қалай аталатынын біле бермейміз. Бұндай сұлулық сырын бойына сіңірген өнер туындысын -«сәулет өнері» немесе «архитектура» дейді, грек тілінен аударғанда «аға құрлысшы» деген мағына береді. Архитектура деген тек ғимараттар мен құрылыс салу емес, сонымен бірге адам баласының өмір сүру тіршілігіне қажет кеңістік пен ортаны тиімді, пайдалы етіп ұйымдастыру. Сәулет өнері асқан шеберлікті қажет етеді. Рим архитекторы Витрувийдің айтуынша «Сәулетті шығармаларда бұлжытпай орындалатын 3 қасиет болуы керек» деген.

Олар:

- а) беріктік - инженерлік есеп;
- ә) қолайлылық - тұрмыс жағын білуге байланысты;
- б) әдемілік - талант - талғамға байланысты.

Сәулет өнері техника, ғылым және өнермен тығыз байланысты. Қазіргі заманда сәулет өнері де адамдардың талғамына қарай дамып отырады. Сіздер білесіздер, бүгінгі күні сәулет өнері техникалық жабдықтармен тығыз байланысты. Әдемілік шарттарын ұштастыру үшін сәулетшіге ғылыми сана, суреткерлік ой керек. Адам баласы көне заманнан бастап құрлыспен айналысқан. Олар үйді қамыстан, балшықтан, ағаштан, тал шыбықтардан салған. Ғасырдан - ғасырға мұра болып келген сәулет өнері туындылары архитектуралық ескерткіштер қатарына жатады. Орта ғасырда түркі халықтарына тән болып келген сәулеттік құрлыстарға байланысты бірнеше атаулар тән:

Мавзолей - монументтік бейіттердің аты.

Медресе - мұсылмандардың ең жоғары рухани мектебі.

Мешіт - мұсылмандардың діни ғимараты

Мозайка - түрлі түсті тастардан, боялған әйнектен сыртқы қабырғаға салынған

сурет.

Күмбез - өзінің сипаты жағынан әр түрге бөлінеді. Олар шеңберлік күмбез, сына бейнелі күмбез, баспалдақты күмбез, жұлдызды күмбез және т. б.

Қорым – ертедегі ғұрыптық жерлеу орны. Қорым, негізінен, тастан қаланып, кейде топырақтан тұрғызылған немесе қиыршық тастан үйіп жасалған бірнеше обалардан, қорған-қоршаулардан тұрады.

Монша бұл ағзаны тазарту мен сауықтыру орны. **«Монша» сөзі грек тілінен аударғанда « ауруды қуамын» деген мағынаны білдіреді.**

Кесене белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

Сардоба- құдық үстіне салынған құрылыс.

Күмбез- төбесі күмбезбен жабылған мазар. Арабша -«құббағ», [парсыша](#) – «гомбәд» - тәңкерілген аспан, дөңес шатыр деген мағынаны білдіреді. Әр түрге бөлінеді. Олар: шеңберлік күмбез, сына бейнелі күмбез, баспалдақты күмбез, жұлдызды күмбез және т. б.

Қорым - ертедегі ғұрыптық жерлеу орны, тастан қаланып, кейде топырақтан тұрғызылған немесе қиыршық тастан үйіп жасалған бірнеше обалардан, қорған-қоршаулардан тұратын құрылыс.

**Қазақ энциклопедиясы**, VI-том Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.

**Тапсырма:**

1. Сәулет өнері ежелден келе жатқан бейнелеу өнерінің бір саласы болып табылады. Ғимараттың ежелден қазіргіге дейінгі жобалық суретін сал.
2. Күмбезді құрылыстарды бейнеле.

**Тұрғын үй архитектурасы**

Ежелгі түркілердің киіз үйінің архитектурасы ғасырлар бойы қазіргі заманымызға дейін салыстырмалы түрдегі болмашы өзгерістерге ұшырап, жалпы көшпенділер өміріне ыңғайлы екенін көрсетті.

X ғасырдан бері киіз үй архитектурасының дамуының сыйымдылығын, яғни көлемі мен биіктігін үлкейтуіне байланысты. Ал ол үшін даланың қатты желіне төзімділігін білдіретін үй құрылымын күшейту, жарықпен түгін шығу мәселелерін, сонымен қатар, оның архитектуралық-көркемдік бейнесі, ал кейін моңғол көшпенділері мен оларға бағынышты халықтар арасында одан әрі дамыған. Парсы миниатюрасындағы (1315 ж.) төбесі үшкір күмбез түріндегі ежелгі түркілік киіз бейнесі XI–XIII ғасырлардың басында тек Қазақстанның түркілік тайпаларының арасында ғана емес, моңғолдық хандардың да арасында негізгі көшпенділер үйлері болғандығын көрсетеді. Бұл көрсетілген түр – биік киіз үйге жатады.

Деректер бойынша XIII ғасырда көшпенділер арасында керегелі киіз үйлермен қатар хан сарайлары, арбаларға орнатылған жығылмайтын үйлер, **Боз үй, қоңыр үй, Жолым үй, абылайша, жаппа** және күркелер болған.

**Орда** – салтанатты, жоғары мәртебелі адамдар басын қосатын елдік мәселе шешетін немесе аса құрметті хан, би, сұлтандар отыратын үй. Мұның да бірнеше түрі бар.

**Алтын орда** – 30 қанаттан (керегеден) тұратын хамәжіліс ордасы.

**Алтын үзік** – 24 қанаттан тұратын аса лауазымды хан отбасы тұратын үй.

**Ақ ала орда** – 8 қанатты дәулетті бай үйі.

**Ақ үй** – 6 қанатты дәулетті бай үйі.

**Боз үй, қоңыр үй** – 4-5 қанатты орташалар үйі.

Мин заманындағы (XIV–XVII ғғ.) қолжазбада белгісіз суретші өз кезіндегі көшпенділердің тұрмысын дәл салған. Оның ішінде үшкір төбелі шаңырағы бар киіз үймен қатар төбесінде домалақ күмбезі – шаңырағы – торлы цилиндрлі кереге қабырғасынан тұратын үш қабатты киіз үй бейнеленген. Бұл түр «кейінгі моңғол түрі» деп аталып кеткен. XIV–XVI ғасырларда Қазақстан мен Орта Азияның түркілер іарасында киіз үйдің хан шатырлық түрінің кең қолданылғаны туралы тақта отырған ұлы Темірді 1467 ж. бейнелеген парсы суреті куә болады. Бұл сурет жоғарыда аталып кеткендей, киіз үйді бейнелеген қытайлық суретті толық қайталаған. XVI–XVII ғасырларда 2 шаңырақты киіз үйлердің орнына ғылымдар арасында «түркілік» және «моңғолдық» түрі деген атау алған көшпенділердің үйлері пайда болды. Олардың ерекшелігі – қысымға тиімділеу және көшуге ыңғайлы жалпақтау шаңырақ, сонымен қатар қатты жел кезінде киіз үйдің пішіміне аэродинамикалық сапа беруінде.

Сонымен XVI–XVII ғасырларда жазғы кезде көшпенділер және жартылай көшпенділер мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көбісінде 2 түрлі тұрғын үй болған: киіз үй және арба үстіне орналасқан үй – күйме.

**Үй құрамы** – үй сүйектері, киіздері және арқан баулары.

**Үй сүйектері** – үйдің ағаштан тұратын бөліктері.

**Киіздер** – киізден тұратын бөлшектер.

**Арқан** – баулары немесе бау-шулары – құр, арқан. Бау, жіптен тұратын бөліктері.

**Шаңырақ** – үйдің бас бөлігі. Ол бірнеше атаудан тұрады:

**Тоғын** – шаңырақтың дөңгелек шеңбері.

**Күлдіреуіш** – түнікті көтеріп тұратын, ағаштан иіп жасалған бөлшек.

**Кепілдік** (кепіл ағаш) – күлдіреуіштерді біріктіріп ұстап тұратын ағаш.

**Қаламдық** – уақыттың қаламы (басы) кіріп тұратын, шаңырақтағы төрт бұрышты тесік.

**Уық** – шаңырақ пен кереге отрасын қосатын иінді ағаш.

**Қаламы** – уықтың шаңырақ қаламындағы сұғылатын ұшы.

**Қары** – уақтың иініне дейінгі бойы.

**Иіні** – уықтың иілген (бүгілген) тұсы.

**Алақаны** – уықтың кереге басына бекітілетін басы.

**Уық бау** – уықты керегеге байлайтын жіп.

**Кереге** – жиналған кереге.

**Желі** – керегені құрайтын ағаштар.

**Ерісі** – ағаштардан кереге құрайтын ұзыны.

**Сағанақ, балашық** – ағаштардың қысқасы.

**Ыру** – уық пен керегеге салынған оюлы сызықтыр.

**Көз** – керегенің тор көздері (тор көз, жел көз)

**Азат көз** – керегенің көктелмеген жерлері.

**Сықырлауық** – киіз үйдің ағаштан жасалған жарма есігі.

**Маңдайша** – екі босағаны жоғары жағынан ұстап тұратын берік ағаш.

**Босаға** – маңдайша мен табалдырықты қосатын және кереге бекітілетін ағаш.

**Бақалақ** – сықырлауықты жапқанда маңдайшада бекітіп, тұратын айналмамалы ағаш тиек.

**Туырлық** – ордада кереге бойы, шағын үйде шаңыраққа дейін жабатын киіз.

**Үзік** – ордада кереге мен шаңыраққа дейін жабатын туырлық бөлігі.

**Дөдеге** (үзiктi үй) – үй сыртында кереге басы тұсына киізден оюлап жасалған әшекейлі киіз.

**Түндік** – шаңырақ үстінен жабылатын төртбұрышты киіз.

**Түндік бау** – түндікті белдеуге байлайтын бау.

**Ши** – киіз үй бөлшегін, тұрмыс бұйымын жасайтын өсімдік.

**Ақ ши** – кереге сыртынан, кейде туырлық сыртынан орай тартылатын тоқыма ши.

**Шым ши** – ою-өрнекті, жүн оралған, туырлық ішінен тартылатын ши.

**Таңғыш құр** – үй тіккенде керегелерді бір-біріне қосып байлайтын терме бау.

**Басқұр** – кереге басы туырлықты тесіп кертеу үшін үй айнала жүргізілетін (тартылатын) жалпақ оюлы құр.

**Желбеу** – сәндік үшін шаңыраққа байланатын шашақты баулар. Желді күні үй шайқалмас үшін оған салмақ байланады.

**Балақбау** – көшенде уықтарды босып байлайтын баулар.

**Аяқбау** – уыққа сәндік үшін байлайтын түрлі жіптер шрғы.

**Есікбау** – киіз есіктің бауы.

**Тастама** – киіз есігін жоғарыдан шаңырақ арқылы маңдайшаға байлайтын бау.

**Керегенің басы** – керегенің жоғарғы жағы.

**Керегенің аяғы** – керегенің жерге тірелген жағы.

**Кереге қап** – сырлы кереге қажалмас үшін, әрі көгіне су тимес үшін қапталған киіз.

**Жел арқан** – дауылды күндері үйді бастыра тартатын арқан.

**Күйеу қазық** – шаңырақ көтеретін, киіз есікті көтеріп қоятын, бір жақ басы аша ұзін ағаш.

**Жабық** – туырлықтардың бір-біріне айқаса жабылатын тұсы.

**Белдеу** – жел тұрғанда туырлық көтеріліп кетпес үшін үй сыртынан екі жерден тартылатын арқан.

**Бас арқан** – үйдің барлық салмағын ұстап тұратын , кереге басын орай маңдайша бекітілетін берік арқан.

«Армысың, әз-Наурыз» Астана, «Зерде» баспасы, 2010

**Тапсырма:**

1. Қазақ халқының ежелгі баспанасы қалай аталады?
2. Киіз үйдің құрамды бөліктерін атап шығыңыз?
3. Киіз үйдің қандай түрлері болады?
4. Киіз үй неге дөңгелек деп ойлайсыз?
5. Киіз үйдің ағаш қаңқасы неше бөліктен тұрады?
6. Киіз үйдің есігі әдетте қай жаққа қарайды?

**Отырықшы халықтың баспаналары**

Қазақстандағы отырықшыл баспананың ең ежелгі түрлерінің бірі – шошаланың болғандығы дәлелдейді. Өз сыртқы келбетімен шошала киіз үйге ұқсайды: оның қабырғалары тастан, балшықтан, екі қабатты өрімнен, төбесі сазбен немесе құрғақ көңмен және қамыспен жабылған цилиндрге ұқсас келеді. Осындай құрылымның дәл ортасына қабырғадан да жоғары төртбақанды орналастырады. Бақандардың жоғарғы жақтары бір-бірімен 4 ағашпен байланысады, содан соң төменгі ұштарымен қабырғаларға тіреліп, жоғарғы ұштары төрт ағашқа бекітіліп, уық секілді ағаштар орналасады. Соның нәтижесінде жоғары жағында тесігі бар конус тәрізді төбе пайда болады. Уықтардың үстіне қамысты, содан соң пішен немесе ұсақ бұталарды жаяды, ал оның үстіне шым орналастырады. Шошаланың жоғарғы тесігі түтін шығаруға арналған, сол саңылау арқылы ішке күннің жарығы түседі. Кешкі уақыт келгенде ол саңылауды түрдікпен немесе ыңғайы келген киізбен жабады. Шошаланың ішкі тұрмысы киіз үйдікіне ұқсас болады. Бұл құрылым жерге 50–60 см тереңдікке қазылып орналасқан. Жобалық кесте бойынша шошала 2–3 камералық үй болып келеді. Таулы жерлерде оны жер бетіне тастан орналастырған, бірақ олардың көлемі төртқанатты киіз үйден аспаған.

Қыстау және қыстақтармен қатар жертөлелер мен жер бетіндегі үйлер салынған. Ежелгі түрлердің бірі жер үй, яғни қабырғасы жер бетіне  $\frac{1}{3}$  немесе  $\frac{1}{2}$  биіктігіне шығып тұратын жерден қазылып, төбесі жабылған тұрғын үй болып табылады. Орманы жоқаймақтарда қабырғаларды көтеру үшін шым немесе арзан және оңай табылатын тасты пайдаланған. Бұл дәстүр қазақтар арасындағы кейінгі уақыттағы құрылыста біраз кезге дейін сақталып қалған. Алғашқы уақытта жер үйлердің терезелері болған жоқ, олардың төбесінде жарық түсіріп, түтін шығаратын тесіктері болды. Жер үйдің төбесі жазық болып келді. Еден ретінде тегістелген жер қызмет еткен. Жер үйде әдетте бір бөлме болған. Көбіне жер үйлердікедей, күрделі үйлерді салу үшін қаражаты жоқ қазақтар салған. Уақыт өте келе жер үйлердің түрі өзгерді.

**Қазақстан архитектурасы – Архитектура Казахстана.** – Алматы: «Өнер» баспасы, 2012. т. 8. – 192 б.

**Тапсырма:**

1. Адам өмірінде баспана қандай рөл атқарады?
2. Баспана қандай қасиеттерге ие болу керек?
3. Көшпелілердің баспаналары мен отырықшы халықтың баспаналары арасында қандай айырмашылықтарды байқадың?
4. «Отырықшы халықтардың баспаналары» тақырыбын сатыла.

**Дың ескерткіштері**



Дың– [кола дәуірінің сәулет өнеріне](#) тән, өңделмеген тақтатастан қаланған, шеңберлі құрылыс таратауы. Тастарды әріп қалау үшін балшық пайдаланған. Есік ойығы, әдетте, шығысқа бағытталып, маңдайшадан жоғары бүрмелеп қаланған. Дыңның жақсы сақталып, бүгінгі күнге жеткен бір үлгісі - [Қостанай облысы Амангелді ауданы](#) Екідың ауылы маңында орналасқан Екідың ғимараттары.

Екідың VIII-IX ғасырлардан сақталған [сәулет өнері](#) ескерткіштері. [Қостанай облысы Амангелді ауданы](#) Екідың ауылынан солтүстікке қарай, Қараторғай өзенінің екі жағалауына орналасқан. Екеуінің ара қашықтығы 4 км. Біріншісі (Дың-1) Екідың ауылынан шығар жол жиегінде, өзеннің сол жағында, ал екіншісі (Дың-2) өзеннің оң жағындағы төбешіктің басына тұрғызылған. Құрылыстардың сыртқы түрі [киіз үйге](#) ұқсас. Іргетасынан бастап шеңберлене қаланып, жоғары көтерілген сайын бүрмелеп өрілген. Біріншісінің биіктігі 3,1 м, екіншісінің биіктігі 3,7 м. Есік ойықтары шығысқа қаратылған. Құрылысқа жергілікті табиғи тақтатастар пайдаланылған. Дындардың диаметрі 5 м. Екідың сәулет өнерінің озық үлгісі қатарына жатады және [Орталық Қазақстандағы ислам дініне](#) дейінгі құрылыс үлгісі ретінде ғылыми құндылығы зор. Ескерткішті 1959 жылы [Ә.Марғұлан](#) жетекшілік еткен ғылыми экспедиция зерттеген. Екідың [Қазақстанның](#) республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген (1982).

VI–IX ғасырлар арасында Қазақстанда дами бастаған архитектуралық құрылыстың бір сипаты діни сенімге байланысты. Ислам дініне дейінгі қазақ жерінде сәулет құрылысының бір түрі–құрылыс жүйесі киіз үйге ұқсас Дың ескерткіштері. Оның қабырғасы берік тастан қаланады. Ғимараттың бұл түрі VIII ғасырдағы Қимақ хандығы мен Қарлұқ қағанаты кезінде басым болған. Құрылыстың бұл түрінің көп сақталған жерлері: Орталық Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай, Маңғыстау. Дың қаза болған адамды жерленген жерге тұрғызылады. Ол жерлерге қазба жұмысы жүргізілгенде, мәйіт жанына қойылған мал сүйектері және о дүниеде қажет болады деп бірге көмілген құрал-сайман, қару-жарақтар табылған.

**Қазақ мәдениеті.** Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005

**Тапсырма:** «Екідың ескерткіші» тақырыбын сатыла.

## Ақбешім, Суяб будда ғибадатханалары

Ақбешім мен Суябтан екі будда ғибадатханасы толық қазып ашылды, олардың мерзімі VII ғасырдың аяғы – VIII ғасырдың басы деп белгіленді. 1953 — 57 жылдары қаланың негізгі бөліктерінен оңтүстікке қарай бір-бірінен 250 м қашықтықта орналасқан екі будда ғибадатханасы (7 ғ. соңы мен 8 ғ. басы) табылды.

Бірінші Ақбешім ғибадатханасы тік бұрышты етіп жоспарланған. Көлемі 76x22м. Ол мінәжат ететін орын мен галереядан тұрады, оларға аула жақтан үш орамды баспалдақ апарады. Мінәжат орны жанындағы сегіз бағаналы залдың төбесі тегістеліп жабылған. Шығыс жағына тұрғылықты және шаруашылық мақсатындағы қақпалы құрылыстар орналасқан. Олардың жүйесіне шаршылап жоспарланған кішкене шіркеу қосылған. Дәліздің қабырғаларын бойлай жасалған тұғырлар мен сәкілерін мүсіндер қойылыпты. Кіреберістегі целлада екі жағында сатылы екі тұғыр тұр, сірә, оларға аяғын салбыратып отырған Будданың мүсіндері қойылған болса керек. Мінәжат орнының еденінен иконостастың Будда бейнеліп, алтын жалатылған қаңылтырлары табылды.

Ақбешімдегі екінші ғибадатхана шашылап жоспарланған (38x38м) және есігі солтүстікке қаратылған. Айқастырыла жоспарланған целлада (10,5x10м) шағын шаршы алаңға шығатын екі дәліз салынған. Мінәжат ететін орны мен дәліздердің қабырғаларында мүсіндер қоюға арналған қуыстар бар, қабырғалар сурет салып әшекейленген. Қыш мүсіндердің қалдықтары ішінен будда пантеонының әр түрлі кейіпкерлері, соның ішінде Будда, бодисатва, докшита мүсіндері табылды.

Мерзімі IX-X ғасырлар деп белгіленген Қызылөзеннің бірінші ғибадатханасы Ақбешім ғибадатханаларынан біраз өзгеше. Ол айналма дәлізі бар целла мен оңтүстік-шығыс жағы ашық залдан тұрған. Ортадағы мінәжат ететін орнының көлемі шағын (3,2x3,2м). Оның тегіс ақ түспен әрленген қабырғаларының көгілдір, қоңыр және қызыл бояулармен сурет салынған шағын тұстары сақталған.

Айналма галерея мінәжат орнын үш жағынан қоршап жатыр, дәліздердің ені 2,3-2,7м. Ғибадатхана кешенінде мінәжат орнының бүйір жақтарынан жапсыра салынған, аула жағы ашық екі орын бар.

Қызылөзеннің екінші ғибадатханасы жоспарлануы жағынан бірінші Ақбешім ғибадатханасына ұқсайды. Мінәжат ететін орны мен оның алдындағы ауланың кішкене учаскесі, екі айналма дәліз қазып салынды. Целла шаршылай жоспарланып (6x6 м), күмбезбен жабылған; тропылар түріндегі, аркаларына әшекейлер салынған күмбез астындағы құрылыс жақсы сақталған. Мінәжат орны күрделі мүсіндік композициялармен безендірілген, олар құрылымы жағынан қабырғаларды ағаш бағандар мен тіреулердің көмегімен бекітуге байланысты болған. Уақыт қабырғалардағы мүсіндерді қазіргі кезге дейін жеткізбеген, бірақ үйінділер астынан ұсақ пластиканың көптеген фрагменттері (жоғарыға, қуыстарға орналастырылған немесе мүсіндік композицияның негізімен ұштастырылған) қазылап алынды. Целлаға кіре берістен екі қыш мүсінінің қалдықтары табылды. Олар тұғырларда бүйірінен тұрады; денесінің және басының жекелеген бөліктері бойынша есептегенде олардың биіктігі бір жарым адамның бойындай болатыны анықталды. Мүсін ерте заманда-ақ қираған.

Айналма дәліздердің ұзындығы – 12 метрден. Қабырғаларында сары топырақты полихромдық кескіндердің қалдықтары сақталған, олар құрылыс қайта салынған кезеңдердің бірінде ганчаға салынған кескіндеме композициялардың астында қалған. Батысындағы дәлізде «Нирвандағы Будда» мүсіні боялған (басы мен денесінің бір бөлігі сақталмаған). Мүсін қызыл түске боялған тұғырда оң жақ бүйірінен жатыр екен. Будданың матамен қатпарланып әсемделген киімі де қызыл түсті.


Ақбешім және Новопавловск (Ключевск) қалаларының орнындағы кескінемен және өрнекті әшекеймен, іргелі мүсінмен және бедерленіп безендірілген тұрғын жайлар

кешендерімен қоса ішінара қазып-аршылған монастырьлар (сангарамалар) мен кішкене шіркеулер де сол уақытқа жатады.

**Тапсырма:**

1. Неліктен будда ғибадатханалары Қазақстанда салынған?
2. Будда ғибадатханалары Қазақстанның тағы қай жерлерінде табылған?

**Сардоба**



«Сардоба» («парсыша»-су сақтағыш) – су құрылысы нысанының аты. Биіктігі 12 – 15 метр су сақтағыш кепе. Сардоба [құдық](#) үстінен немесе қапталынан үнді әдісімен иленген балшықтан құрылады. Сырт пішіні [киіз үйге](#) ұқсас, төбесі күмбез тәрізді. Шамамен 6 – 9 ғасырларда шөл далада ([Орта Азияда](#), байырғы керуен жолының бойында, Мырзашөлде) салынған. Қыста қар, мұз жинап сақтап, жазда ауыз суға пайдалану үшін және ыстық күнде құдықтағы судың жылымауы үшін жасалған. Сардобаның күмбезі шөлдерде алыстан көрінетін. Орта Азияның шөл мен шөлейтті жерлерінде судың кейде жалғыз көзі болатын. Сауда керуен жолдарында сардобалардың маңызды болғандығы сөзсіз. Оны біз сардобаларың жиі жөндеуден өткізіліп отырды, қажет болған жағдайда қарулы әскер де қорғайтын. Ұлы Жібек жолының жекелеген бөлітері осы сардобалардың болуына тәуелді болған.

М.Е. Массонның бірнеше еңбегі шөлді-шөлейтті аймақтарды шаруашылық тұрғыдан игеру мен пайдалану мәселелеріне арналады. Сардоба әуіттерін зерттеу мәселесіне арналған еңбек осындай жұмыстар қатарына жатады. Сардоба деп суды сақтау мақсатына арналған әуіттерді атаған. Бұл әуіттердің үсті қышпен өріліп күмбезбен жабылған. Сардобалар Орта Азияның шөлді аймақтарында тараған. Сардоба - тұрақты, тіпті арықпен әкелетін суы жоқ жерде жасалатын су қоймалары. Орта Азия ауа-райының өзгеруі және соған байланысты судың жалпы гидрометеорологиялық жүйесінің өзгеріске ұшырауы сияқты өзекті мәселелер зерттеушінің еңбектерінде қаралады. 1948 ж. өзінде М.Е. Массон «Орта Азия климатының өзгеріске ұшырауының салдарынан тарихи кезеңде су жүйесінің өзгеру мәселесі» атты зерттеу жазды. Осы еңбектерде зерттеушілердің басым бөлігіне әлі де белгісіз кейбір мәліметтер таныстырылды және осы мәселелер бойынша қолдануға болатын тарихи және археологиялық мәліметтердің сипаты туралы түсініктер берілген.

Мырзабат Сардобасы – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. [Гүлстан қаласынан](#) оңтүстік-батысқа қарай 30 шақырым жерде, [Мырзашөл даласында](#) орналасқан ([Өзбекстан](#)). Ғимарат табанының диаметрі шамамен 12 м, жалпы биіктігі 8 м. Байырғы керуен жолдары бойында орналасқан күмбезді құдық. Мырзабат Сардобасы шөл далада су сақтау, ыстық күнде құдықтағы судың жылымауы үшін тұрғызылған. Сырт пішіні киіз үйге ұқсас. Ғимарат күйдірілген қызыл кірпіштен тұрғызылған. Бүйірінде күмбезге кіріп-шығуы және іші бір қалыпты салқын болып тұруы үшін бірнеше ойықтар жасалған.

Ойықтардың маңдайшалары доғаланып өрілген. Құдық қабырғасы берік шегенделген. Мырзашөлде Мырзабат Сардобасы секілді басқа да күмбезді құдықтар бар (Якка Сардобасы, 6 – 9 ғасырлар). Бұл ғимараттар сол дәуірде және кейінгі кезде де көшпелі халықтарға, жолаушылар мен керуендерге ауыз су және бағыт-бағдар, демалыс орны қызметін атқарған.

2014 жылы Тараз көне қаланың рабад бөлігінде сардоба су жүйесінің құрылысы табылған болатын. Еліміздің оңтүстік бөлігінен табылған алғашқы су жүйесінің құрылысын мамандар қоқан кезеңіне жатқызуда.

**Дереккөздер: Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005**

**Тапсырма:**

1. «Сардоба» сөзі қандай мағына береді?
2. Мырза рабат, Якка сардобалары қандай мақсатпен салынды?
3. Осы құрылыстар басқа елдерде тұрғызылды ма?

**Ақыртас сарай кешені VIII - IX ғасыр**



Ақыртас – археологиялық кешен, қазіргі Тараздың шығысында 40 км жерде, Ақшолақ теміржол стансасынан 6 км оңтүстікте, Қырғыз Алатауының етегінде орналасқан. Қазір бұл, тау шатқалынан бастау алатын, құрғап бар жатқан бұлақтардың арналары кескен, тау бөктері.

Ескерткіштің нақты уақыты мен мақсаты белгісіз. Бұл мәселелер бойынша көп дау жүргізілуде. Осы уақытқа дейін имараттың құрылысшылары да анықталмады. Ғалымдардың бір нұсқасы бойынша Ақыртас монахтарға арналған хужралары бар несториандық монастырь болуы мүмкін. Басқалары монастырь буддалық болған дейді. Зерттеушілердің жартысы Ақыртасты Ұлы Жібек жолында тұрған ортағасырлық қала Касрибасқа ұқсатады.

Қазір ғалымдар арасында Ақыртас Араб қолбасшысы – 751 жылғы Атлах шайқасындағы біріккен араб күштерінің бас қолбасшысы Муслим Кутейбаның бұйрығымен 714 – 715 жылдары салынған араб сарайы деген пікір кең таралған. Бұл теория бойынша сарай арабтар жаулап алған аумақты белгілеп, қолбасшының резиденциясы болған. Сондай-ақ ескерткіш көшпенділердің дамыған мәдениет өкілдерімен салынды деген болжам қарастырылуда.

Ақыртас қызыл құмтастың батпандай блоктарынан тұратын төртбұрышты (205x185м) құрылыс. Құрылыс төрт бөліктен тұрады. Құрылыс ортасында ішкі ауласы, екі су қоймасы – хауыздары бар бас кіреберіс орналасқан. Сарай құрылысынан басқа Ақыртас кешені құрамына қаладан тыс жатқан жеке үйлер, бекініс, саябақ, тас шығаратын карьер, саз карьері кірді. Ақыртастың бірінші бөлігі құрылыс салынбаған шаршы учаскеден және аулаға шығатын орын-жайлар тобынан тұрады. Олардың үшеуі дәліз тәрізді ұзын. Екінші бөлігі 12 тұрғын және 5 шаруашылық орын-жайдан тұрады. Үшінші бөліктің сыртқа өз бетімен шығу жолы бар он үш орын-жайы ауланың айналасында топтастырылған. Төртінші бөліктің тұрғын бөлмелері де ауланың айналасында орналасқан (25x34м). 18 тұрғын бөлме, екі айван және үш тар орын-жай. Ақыртас ғимараттан 400 метр жерде алынатын тас пен балшықтан салынған. Блоктардың жоғарғы бөлігінде астау тәріздес шұғылдар бар, ал төменгі жағы – сопақша шоқы. Блоктарды бір-біріне бастырғанда шоқша мен шұғылдар құрылымды бекіте отырып ұштасады. Ақыртас қабырғаларының қалыңдығы 3,5 метрден 5 метрге жетеді. Ғимарат негізінің биіктігі – 4 м. Бұл кешен құрылысы зәулемділігін айғақтай түседі. Сұ құбыры жүйесінің сәтті құрылымының арқасында кешен 3-4 км қашықтықта орналасқан бұлақ суымен қамтамасыз етілген.

Ескерткішті зерттеу 19 ғасырда басталды. Ақыртасты 1864 жылы алғашқы рет М.Г.Черняевтің әскери экспедициясы құрамында жұмыс істеген М.С.Знаменский зерттеген, бірақ ол туралы тұңғыш деректерді 1222 жылы даос тақуасы Чан Чун қалдырған. П.И.Лерх кейбір блоктардың жекелеген өлшемдерін жүргізіп даос тақуасы қалдырған деректермен салыстыра отырып ескерткіштің жалпы сипаттамасын берді. Кешеннің маңызды ғылыми зерттеулерін геолог Д.Л.Иванов жүргізді. Ол құрылыс пен тас қашалатын орынның жоспарын егжей-тегжейлі сипаттап қана қоймай, қабырға блоктарын суреттеп, Ақыртастың тарихи маңыздылығына баға берді. Сонымен бірге ескерткішті В.В.Бартольд және археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің мүшесі В.А.Каллаур сияқты ғалымдар зерттеген. 1936 ж. Ақыртас қирандыларында КСРО ҒА мен ММЗИ Қазақ филиалының археологиялық экспедициясы (А.Н.Бернштам) болды.

Сол кезде обалар қазылған болатын. 1940 және 1945-46 жж. Ақыртасты Г.И. Пацевич зерттеді. 1945 ж. ескерткіште ҚазКСР МК жанындағы архитектура ісінің Басқармасы өлшеу жұмыстарын жүргізді. Материалдарын 1950 ж. Т.К.Басенов жариялап, солтүстік қасбетте мұнаралар барын анықтады, Ақыртас жоспары түзетілді. Ескерткішті археологиялық тұрғыдан жоспарлы зерттеуді проф. К.М.Байпақовтың басшылығымен ОҚКАЭ 1992 ж. бастады. Кең көлемді археологиялық жұмыстарды француздармен бірлесіп беделді қазақстандық ғалымдар 1996 жылы жүргізілді. Сол жылдың жаңалығы, атап айтқанда, мешіттің табылуы, Ақыртас брахман ғибадатханасы немесе несториан

монастырі болған деген болжамдарды жоққа шығаруға мүмкіндік берді. Осы жағдай құрылыс VIII ғасырдың ортасынан бұрын салынбағанына ғалымдардың көзін жеткізді. 1998-1999 жылдары сарай кешенінің жанынан кішігірім керуен-сарай (XIII ғ.) табылды. Кешеннен оңтүстік-батысқа қарай 1 км шақырым жерде бір-бірінен 50 м қашықтықта бұрыштарында төрт мұнарасы бар қамал және қолбасшының бекінісі (VIII -X ғғ.) орналасқан. Бүгінгі күні кешен аумағында археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2006 жылға арналған бағдарлама бойынша тарих пен мәдениет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру жұмыстары Жамбыл облысындағы Ақыртас сарай кешенінде аяқталды. Болашақта, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында ашық аспан астында мұражай кешенін салу жоспарланып отыр.

Дереккөздер: <http://www.madenimura.kz/> сайты.

### Білеулі кешені

Білеулі- Үстірттің орта тұсындағы мәдени-тарихи кешен. Бозстан (Қарақалпақстан) станциясынан солтүстік-шығысқа қарай 35 км жерде. Білеулі — 14 ғ-да белгілі керуен сарайларымен аты шыққан ескі Ноғай жолы бойындағы маңызды ескерткіш. Кешенді 1946, 1950 ж. С.П. Толстовтың, 1972, 1975 — 78 ж. В.Н. Ягодин мен Ю.П. Маныловтың, 1979 ж. Т. Жанысбековтың, 1988 ж. С. Әжіғалиевтің жетекшілік етуімен ұйымдастырылған экспедициялар зерттеген. Атауы А.И. Левшиннің айтуынша, “Білеулі ата” деген жергілікті әулиенің атына немесе осы жерден шығатын білеу тасқа (қайрақ тас) байланысты алынуы да мүмкін. Кешенге керуен сарайдың негізгі ғимараты, оның маңайындағы құдықтар, ауыз су сақтайтын сардобалардың орны, кейінгі кезеңдегі қазақ бейіттері, сондай-ақ, солтүстікке қарай 300 — 600 м жердегі ортағасырлық қорым мен тас алатын кеніш кіреді. Білеулі-1 қорымындағы (14 — 16 ғ-лар) “қойтас” түріндегі ұзынша қабіртастар, бейіт үстіндегі қос құлпытас не олардың арасына қойылған тақта, кесілген ірі блоктарды қырынан қойып жасалған қоршаулар ежелгі түрікмен сәулет өнері дәстүріне ұқсас. Ал кейінгі ескерткіштер керуен сарай қабырғасының үлгісімен, яғни екі қатар блоктың ортасына ұсақ тас толтырылып тұрғызылған. Қазба жұмыстары бейіттегі адамдардың мұсылман ғұрпымен басы Меккеге қаратылып жерленгенін көрсетті. Білеулі-2 қорымы 18 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басына жатады. Мұндағы ескерткіштердің көпшілігі тікбұрышты және дөңгелете қоршалған. Қоршауға керуен сарайдың жұртынан алынған блоктар пайдаланылған. Көптеген қоршаулардың батыс жағына ру таңбасы салынған құлпытастар қойылған. Сиректеу болса да “қойтас” түрінде өңделген белгілер де бар.

Дереккөздер: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл, II том.

#### Тапсырмалар:

1. Ақыртас сарай кешені қай мемлекет тұсында салынған?
2. Ақыртас ғимараты жайлы қандай аңыз естідің?
3. Ақыртас құрылысының бөліктерін сипатта.
4. «Білеулі кешені» тақырыбын сатыла.

### Қала құрылыстары



**Оттырар**

**Сыганак**



**Тараз**



**Түркістан**

Ерте орта ғасырларда отырықшы халықтардың тұрғын-жайларын жоспарлау құрылымы өзгерді. Ежелгі бекініс-қалалардың орнына нығайтылған бекініс-үйлер пайда болды, кейіннен олар қамалдарға айналды. Қамалдардың айналасына немесе бір жағына Орта Азияда шахристан деп аталатын қалалар салынды. Олар бірнеше қорғаныс дуалдарымен қоршалды. Шахристанда негізінен діни ғимараттар, базарлар, ақсүйектердің, әкімдердің, ірі қолөнершілер мен саудагерлердің тұрғын үйлері тұрғызылды. Қалалардың экономикалық маңызы онан әрі артқан сайын оларға іргелес ұсақ қолөнершілер, саудагерлер, кедейлер тұратын рабаттар (70 см) салынды.

9 – 10 ғасырларда Қазақстанда бүкіл Орта Азиядағы сияқты, зор сапалық өзгерістер болды. 11 – 12 ғасырларда ол гүлдену шегіне жетті. 11 – 12 ғғ. қарсаңында қирап қалған бұрынғы бекіністердің орнына қаланы билеушілердің кеңейтілген, қайта жөнделген қорғаныс жүйелері бар жаңа бекіністері (сарайлар) тұрғызылды.

Бұл кезеңнің қалалары 3 жеке құрылымнан тұрды: камал, шахристан және рабат. Құрылысқа күйдірілген кірпішті қолдана бастау – сәулет өнерін дамыту ісіндегі ілгері дамуға жол ашты. Ғаныш ерітіндісін қосып күйдірілген кірпіштің өте берік болуы ғимарат төбесі құралымын жетілдіруге, үйлердің аумағын ұлғайтуға жағдай туғызды. Ғаныш ерітіндісінің тез қататын қасиеті күмбездерді шегендеусіз қалауға қол жеткізді, мұның орманы жоқ аймақтар үшін зор маңызы болды. Ерте орта ғ-лар құрылыстарындағы шаршы пішінді күмбездердің іргесі дөңгелек пішінді күмбездерге ауысуы сатылы-аркалы белдеулер арқылы жүзеге асырылды. Ғимараттардың құрылымында сегіз қырлы барабандар пайда болды. Олар ғимараттың шаршы пішінді төменгі аумағының күмбездерге ауысуын оңайлатты. Желкендер сегіз бұрыштың қырларына орнатылды.

Қазақстандағы қалалардың құрылымы мен дамуы [Орта Азия](#) қалаларына тән сұлбалық типтен өзгеше болды. Орта Азия қалалары: аумақтық жағынан нақты шектелген цитадельден, жеке адамдарға тиісті [шахристаннан](#), қала маңы [рабадтар](#) мен [зираттардан](#) тұрса, Қазақстан қалаларында бұл үйлесімділік сақталмаған. Кейбір қалаларда үйлесімділік болмаған, енді біреулерінде ([Отырар](#), [Сығанақ](#), [Құмкент](#), [Талғар](#), [Қойлық](#)) шахристан онша анық байқалмайды да, рабад басым болып келеді. Мұның өзі бұл қалалардағы халықтың жартылай көшпелі өмір сүргенін көрсетеді.

Қазақстанда 10 ғасырда елді мекендердің мынандай негізгі түрлері қалыптасқан: қағаздардың қалалық мекендері - ордалары ([Чигу](#), [Ордакент](#), [Суяб](#), [Қойлық](#), [Баласағұн](#)), керуен жолындағы қалалық мекендер ([Исфиджаб](#), [Тараз](#), [Отырар](#)), сауда-қолөнерлік қалалар ([Сығанақ](#), [Құмкент](#), [Созак](#)), феодал-аксүйектердің жекелеген камал-қорғандары мен жекелеген мекендерді өзара байланыстыратын орындар ретінде керуен-сарайлар ([Ақыртас](#), [Баба ата](#), [Ақ Сүйек](#), т.б.) және [ауыл шаруашылығы](#) қоныстары. Бұл кезеңде қала құрылысы 4 алшақта - Сырдария алқабында, Шу мен Талас аңғарларында, Солтүстік - Шығыс [Жетісу](#) өлкесінде және [Орталық Қазақстан](#) өңірінде дамыған.

Солт.-шығыс Жетісудағы барлық қала жұрттары “төрткөл” аталатын үлгіге жатады. Олар тік бұрыш, трапеция түрінде жоспарланған немесе дөңгелек болып келеді, жалпы жер бетінен сәл дөңестеніп тұрады және барлық жағынан бұрыштары мен мұнаралары бар дуалдармен қоршалған.

Солт.-шығыс Жетісу төрткөлдері үш топқа бөлінеді.

*Біріншісіне:*

[Антоновка](#), [Дүнгене](#), [Шілік](#);

*Екіншісіне:*

[Талғар](#), [Сүмбе](#), [Ақмола](#) енгізілген;

*Үшіншісіне:*

[Алматы](#), [Лавар](#), Қапал, [Бояулы](#), [Ақтам](#), [Арасан](#).

Бірінші топқа аумағы 30 га-дан асатын қалалар енеді.

Бұлар – көп қабатты ескерткіштер, мәдени қабаттарының қалыңд. 2 – 3 метрге дейін жетеді және одан да қалың. Қазба жұмыстары кезінде қала жұрттарынан алуан түрлі керамика, әйнек, теңгелер, қолөнер шеберханалары мен өндірістік күл-қоқыстар табылды, бұлар мұнда қолөнер мен сауданың дамығанын дәлелдейді. Бұл қалалар жұрттарының кейбіреулері нақты қалаларға: Антоновка – Қаялыққа, Дүнгене – Екі-Оғызға баланады. Олардың ішіндегі ең ірісі қарлұқ жабғуының астанасы Қаялық ретінде танылған – [Антоновка](#). Бірінші топты құрайтын төрткөлдер ірі қалалар және астаналық орталықтар болып табылады. Екінші топтағы қалалардың аумағы 10 га-дан 30 га-ға дейін жетеді. Үшінші топ қалаларының аумағы 10 га-ға да жетпейді. Мұндай қала жұрттарының құрылысы Жақсылық қ-ның орнын кең көлемде қазған кезде зерттелді. Оларда тұрғын үйлер дуалдар іргесіне, ішкі жағында орналасады, ішкі аулалар бар. Іле қалалары жұртының бұл тобын бұрынғы көшпелілер мен жартылай көшпелілердің ауылдық қоныстары деп санауға болады. Кейбіреулері керуен-сарайлар болуы мүмкін. Сарыжас,

Быжы және Айнабұлақ сияқты бірнеше қаланың жұрты бір-біріне жақын орналасқан екі немесе тіпті үш бекіністен тұрады. Олар әдетте жолдардың түйіскен тұсына салынған.


**Дереккөздер:**

1. *"Қазақ энциклопедиясы"*
2. **Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: "Аруна Ltd." ЖШС, 2005**

**Тапсырмалар:**

1. Ежелгі дәуір мен орта ғасырлардағы қалаларды салыстыр.
2. Қазақстанның орта ғасырлық қалалары мен Орта Азия қалалары арасында қандай өзгешелік байқадың?
3. Өзін тұратын қалаң туралы қандай аңыздарды естідің?
4. Мәтінде берілген бойынша дәптеріне қала құрылысын сызбасын жаса.

### Шығыс моншасы



*Тараздағы моншаның жобасы*

Шығыс моншасы XI ғасырдан бастап «гармоба» (тәжікше), кейінірек ХҮ ғасырда «хаммам» (арабша) атала бастады. Ибн Синаның жазуынша, адамдар мұнда емделу үшін де аптасына екі рет келетін және түрлі өсімдіктерден, шөптердің күлінен қайнатқан тұнбалардан, мыс, темір тотықтары мен құмтас, купорос, күкірт ерітінділерінен дайындалған ыстық тұнбалы сұйықтықтарға шомылып ем қабылдайтын болған. Мұндай ерітінділер арнайы әуіздерде сақталған. Сонымен қатар, бұл моншаларда «қадымшылар» деп аталатын арнайы адамдар емдеу және сергіту үшін уқалау (массаж) ем-домын жасаған.

Шығыс қалаларында моншаның қоғамдық құрылыстар қатарында көрнекті орын алғаны мәлім. Қала тұрғындары өмірінде ол бірінші кезектегі рөлдердің бірін атқарды. Монша мешіттен кейінгі адам ең көп баратын орын болды. Моншалар өзінше бір емдеу орындары да болған. IX — X ғасырлардағы дәрігер Закария ар-Рази моншаның ағзаға ықпалын суреттей келіп, моншаларды жақсы кескіндемелермен безендіруді ұсынды, ол уайымнан арылтып, қаумалатан қалын ойдан сергітеді, өйткені жуыну хайуандық, рухани және табити залалды қуаттарды әлсіретеді деген. Моншалар, зерттеушілердің топшылауынша, Орта Азияға Жерорта теңізі аудандарынан келіп, ерте дегенде VIII ғасырда пайда болса керек. Моншалардың басқа ортадан, атап айтқанда, ертедегі шығыстан шыққаны туралы да ойлар айтылады.

Қазба жұмыстары кезінде Отырардың рабадынан XI — XII ғасырлардағы екі монша аршылды. Нашар сақталғанына қарамастан, солтүстік рабад аумағындағы моншаның жоспарлануы жалпы белгілері жағынан анықталды. Монша балшық қабаты төселіп, тегістелген алаңға салынған. Оның көлемі солтүстіктен оңтүстік бағыты бойынша 11,5 м, ал шығыстан батыс бағыты бойынша 16,5 м. әлем елдеріне қаратып бағдарланған. Ортадаты жай жанасатын тұсынан басқа төрт бөлмемен қосылған. Моншаның ішінде шешінетін, тынығатын кең белмелер, шомылатын залдар, пештің, оттығының үстіне орналастырылған шабынатын бөлмелер болған. Нақ әлгі төрт бөлме сол міндеттерді атқарған. Моншаның шығыс жатына оттық және су құятын бөшекелері бар бөлме орналасқан. Осы жерден моншаны сумен жабдықтаған құдықтың орны қазып алынды, оның қабырғалары күйген кірпішпен қапталған. Сарқынды су моншадан құбыр жолы арқылы үйдің сыртындағы су сіңіргіш шұңқырға ағызылған. Моншаны қыздыру үшін еденнің астындағы жылу өткізгіш каналдар жүйесі қолданылған. Моншаның жоспарлануы Орта [Азияның](#), [Кавказдың](#), Таяу және [Орта Шытыстың](#) моншаларымен ұқсас.

Моншаның оңтүстік жақ жағында тағы бір құрылыс орналасқан, оны кір жуатын орын деп санауға болар. Ол тікбұрышты, екі бөлмелі, көлемі 4x14,5 м. Бір бөлмесінде тандыр пеш орналасқан, қатарынан екі кеспек, бөлме ортасына тағор қойылған. Екінші бөлмеде, солтүстік жақтағы бұрышында су сақтайтын орын болған. Оңтүстік және батыс қабырғаларға көлемі 40x40x5 см болатын күйдірілген кірпіш төселген биік сәкілер орнатылған. Құрылысқа жапсарлас көлемі 6 шаршы метр қойма орналасқан, одан екі кеспек табылды.

Отырардың екінші моншасы оңтүстік рабад аумағында, кіреберістен 200 м жерде, бөген жағасына орналасқан және ішінара қазып тазартылды. Оттық және ыстық суға арналған бөшекелер жүйесі аршылды. Қыздыратын ыдыс тікбұрышты етіп жоспарланған бөшке болып табылады, оның қабырғалары мен түбі күйдірілген кірпіштен қаланып, су өткізбейтін бірнеше қабат алебастрсырмен сыланған. Оның ортасына темір қазан орнатылған, оның аузы бөшкенің түбімен деңгейлес, ал түбі мен бүйірлері оттыққа түсірілген. Монша XI — XII ғасырларда салынған деп саналады.

Таразда екі монша қазылды. 1939 жылы археолог А.Н.Бернштам көне қаланың шығыс-терістік жағындағы бұрышынан моншаны қазды. Көлемі 13,4x12,4 м болатын біріншісінің әр түрлі мақсатға пайдаланылатын жеті бөлмесі болған. Бірінші киім шешетін бөлмеден екі орындық пен пештің қалдығы табылды. Ал моншаның оңтүстік-батыс бөлмесінде 1,75x4 м жуынатын астау, еденнен сыртқа су ағатын қуыстары болған. Монша ыстық өткізетін каналдар жүйесімен жылытылған. Ішкі көрінісінің қалдықтары: сәкілер,

орындықтар, астаулар, науалар, кертпелер, полихромдық әшекейлер — Тараз моншасының іші бай безендірілгенін дәлелдейді. Ол XI ғасырда салынған деп саналады".

Талас өзені ағысы деңгейінің төмендігі, биіктеу жерден табылған су құбырлары моншаларға қажетті судың өзеннен арнаулы шығыршақ арқылы су сақтайтын қоймаға құйылып, ары қарай көлбей қойылған су құбырларымен ағызылғандығын айғақтайды. Кейде қос моншада жеткілікті мөлшерде су болмай қалған кезде суды қабырғалары тастан өрілген құдықтан алатын да кез болған.

Қазба жұмыстары нәтижесіне қарағанда үш бөлменің қабырғалары геометриялық өрнектермен, ал екі бөлменің қабырғалары мен жуынатын астау сегіз бұрышты өрнекті сары бояумен, оның айналасы қара бояумен көмкерілген, ал алтыншы бөлменің қабырғалары ақ, қызыл, сары бояулы тақталармен қиылыстырылып, кейбір жерлерде шөп тәрізді өрнек те қолданылған. Төбеден түскен қалдықтарға қарағанда монша көп күмбезді болған, Моншаның еденінен X-XI ғасырлардағы 17 көне тиын ақша, өте жақсы сақталған шырағдан табылды. Археолог А.Н.Бернштам моншаның қабырғаларындағы геометриялы, шөп тәрізді ою-өрнектердің Айша-бибі кесенесіндегі өрнектермен ұқсастығын айта келіп, оны XI ғасырдағы Қараханидтер дәуірінен қалған жәдігер деп тұжырымдайды.

Екінші моншаның орны біріншісіне жақын жерден ашылды. Оның жоспарлануы анықталған жоқ — шағын жері ғана тазартылды. Монша біріншісі сияқты ыстық өткізетін каналдар жүйесімен жылытылған.

1970 жылы Орталық базарда жабық базар құрылысын салу үшін жер қазу жұмысы жүргізіліп жатқанда, ол арадан қабырғалары қызыл кірпіштен қаланған құрылыс табылды. Соған сәйкес жер қазу жұмыстары тоқтатылып, археологиялық қазба жұмыстары басталды. Нәтижесінде көлемі 10,5x10м. төртбұрышты, қабырғаларының биіктігі 1,5 м-ге жуық, қалыңдығы 90 см күйдірілген кірпіштен қаланған, төрт бөлмеден тұратын екінші моншаның орны табылды. Аумағы басқалардан үлкендеу көрінген 1-ші бөлме шешінетін орын болып шықты. 2-3 бөлмелер жуынуға, буға түсуге немесе массаж жасауға арналған. Ал төртіншісінен аумағы онша үлкен емес ыстық су құятын астаудың орны табылды. Ең қызығы қазба барысында табылған аумағы кішкене қыш құбырлардың көпшілігінің өзегінде онымен ыстық су жүргендігін дәлелдейтін ақ дақтардың іздері сақталыныпты, 2-3-ші

бөлмелердің астында жылу жүретін жолдар бар. Олардың үстін жалпақ тастармен жауып, әк қосқан ерітіндімен сылап тастаған. Мұның өзі моншаға келгендердің аяғы астында жылудың болуына, терлеп-тепшіп рахаттануына мүмкіндік туғызған. Еден астындағы жылу құбырлары қабырғаларының нақышына келтіріліп, әсем әрі берік қалануы олардың осы уақытқа дейін бұзылмай сақталуына мүмкіндік туғызған. Терістік жақтағы пештің орны бұзылып кеткен. Шамасы осында жағылған оттың жылуы еден астындағы қуысты бойлап, негізгі қабырғамен аралығындағы аумағы үлкен құбыр арқылы сыртқа шығып кетіп отырған. Моншада ыстықтың көп сақталуы үшін оттың жүретін қуыстардың астына қиыршық тастар төселген.

Моншаның батыс жағында екі жерден бір бағытқа тартылған ылас жуынды сулар ағатын көлемі бір метрдей келетін қыштан күйдіріліп жасалған түбі жалпақ сүзгіш бар. Пайдаланылған лас су осында жиылып, одан әрі су құбыры арқылы тастан қаланған құдыққа құйылған.

Төртінші бөлменің батыс жағындағы астауға жақын, терендігі 4 метрге дейін айналасы тастан қаланған құдық бар. Моншаға керекті ауыз суды құдықтан алып отырған.

Тараз жұртынан табылған алғашқы моншаның қабырғаларын көмкерген ою-өрнек жақсы сақталғанымен, еден астындағы жылу жүретін құбырлар сақталынбаған. Ал екінші моншаны алсақ, біріншіге қарағанда әлдеқайда жақсы сақталынған, онда жылу жүретін қуыстар, лас су жүретін құбырлар тізбегі бар.


**Дереккөздер:**

«Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: Атамұра, 2010.

**Тапсырма:**

1. Қазақстанның қай қалаларынан шығыс моншалар табылған?
2. Моншалар қалай жылытылған?
3. «Түркістан моншасы» туралы не білесің?

### Мешіттер



*Шақпақ ата жер асты мешіті*

Мешіт (арабша: масджид) – мұсылмандардың Аллаһ Тағалаға ғибадат ететін ғимараты, яғни, имандылық үйі.

Қазақстанда X ғ. сәулет өнері отырықшы аймақтарда пайда болған жаңа қоғамдық ғимараттар-мешіттермен толықты. Әуелде ол үшін қарапайым үй ғимараттары салынса, кейіннен барлық тұрғылықты жерлердегі мұсылмандардың талабы бойынша арнайы мешіттер салына бастады. Араб тарихшысы әл-Макдиси «негізі мешіттер мұсылмандардың санының көбеюіне байланысты салынғаны анық», – деп жазды. Әл-Макдисидің (X ғ.) айтып кеткен деректерінде бұрын Кедер деп аталынған, қазір Құйрықтөбе деп жазылып жүрген жерде күмбезді Мешіт болыпты. К.М. Байпақовтың Құйрықтөбедегі мешіт туралы сипаттамасы мынадай: «тікбұрышты, қабырғаларының сыртқы көлемі 36,5×20×5; ғимарат көп бағаналы, айналасында 50-дей бағана бар, олардың негізі күйдірілген кірпіштен (көлемі 75×100 см) қаланған, қабырғаның қалыңдығы 1,5 см. Олар квадратты күйдірілген кірпіштер мен құрғақ кірпіштердің қалауынан құрастырылған (көлемі 22×22×4,5 см1)».

Маңғыстау облысының басты көрікті жерлерінің бірі діни сәулетінің бірегей ескерткіші «Шакпақ-Ата» жер асты мешіті болып табылады. Мешіт Түб Қараған түбегінде, Форт-Шевченко қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 20 астам шақырым жерде орналасқан және Батыс Қазақстандағы ең көне сәулет ескерткіші болып саналады.

Шақпақ ата жер асты мешіті тау борлы жартаста салынған. Осы үңгірде жасырынған сопылар емдеу құпияларын қолданған. Олар осында келген адамдарға аурудан құтылу үшін көмектесіп жүрді. Сол үшін олар ауырған адамды үңгірде бір түнге қалдырған. Бір түннің ішінде ауырған адамның басына берекелі рух келіп, ақырында

міндетті түрде науқас адам аурудан аман қалады. Қазіргі кезде де адамдар осы жерге сырқаттан жазылу үшін үміт артып келеді. Археологтардың айтуынша, мешіт IX-X ғғ. салынған. Оған жау шапқыншылықтары кезінде шәкірттерімен бірге Шақпақ атаның есімі берілген. Өмірдің соңғы жылдары ол сопы болып, жер асты тұрағынан шықпаған.

Көне аңыз бойынша, Шақпақ ата – мешіттің негізін салушы адамның есімі емес, оған жауға қарсы ұрыстардағы берілген лақап аты: шайқастарда оның қаруынан шақпақтан сияқты от шыққан. Кейбір ғалымдардың айтуынша, аңыздарда Шақпақ ата жыландардың әміршісі болып, өлген адамдардың сүйеушісі болған, ал тарихи тұлға ретінде – Шопан атаның немересі болып табылған. Ал мешіттің негізін салушы адамның шын есімін айтсақ, көптеген ғалымдардың пікірінше, бұл – Шахмардан. Іс жүзінде Шопан атаның екі ұлы болған: Шахрух ата (Шағырық ата) және Исан ата. Шахрухтың да екі ұлы болған: Қапаш ата (Қапан ата) және тастан отты оңай шығару, жауды отпен күлге айналдыру қабілетіне ие болғаны үшін Шақпақ ата деп аталған Шахмардан. Ал сопының өмір жылдары бойынша зерттеушілердің пікірлері әр-қилы: академик Медоевтың айтуынша, Шақпақ ата IX ғасырда өмір сүрген. В.Бартольдтың пікірінше, сопы 1312-1342 жылдар (XIV ғ.) билік еткен Өзбек ханның тұсында өмір сүрген. Шақпақ атаның Қожа Ахмет Яссауидің ізбасары болып, Маңғыстауда қастерлейтін 360 әулиелердің ішінде болғаны сөзсіз.

Мешіттің жоба формасы, сонымен қатар басқа да сәулет бөліктері құрылыстың IX-X ғасырларына жатқандығы жайында айтады. Мешіт дүние жүзінің төрт жағына бағытталған, ізбес жартаста салынған, капительдері бар төрт бағанаға ие болған крест-күмбездік ғибадатхананың өзіндік нұсқасы болып, төрт камерадан құрылған. Құрылыстың күмбезі киіз үйдің құрылысына ұқсатылған, ал оның орталығында дөңгелек терезесі тесіліп шығарылған.

Мешіт тасқа қашап ою көшпенді өнерінің анық үлгісі болған. Үңгірге кіру есігі бетше босағалық доға түрінде безендірілген, және оның жанында көне шебер өз қолымен қайтыс болған дін уағыздаушыларды жерлеу үшін бірнеше кең текшелер тескен. Тас үңгірде бірнеше бөлме бар. Залдың негізгі бөлмесі күмбезді тірейтін шомбал бағаналармен аяқталған. Күмбездің орталық бөлігінде зермен безендірілген жарық құдығы бар. Мешіттің батыс қанатында михраб текшесі және дуаналардың жалғыз қалатын шағын жеке бөлмелер бар. Мешіт жайларының және бетше босағаның, сонымен қатар жерлеуге арналған текшелердің қабырғалары түрлі уақыттың жазуларымен, жылқыны, салт аттылардың, бұқалардың, ашылған алақандардың, өсімдік өрнектерінің пішіндік бейнелерімен шұбарлап тасталған. Жазулар арасында осы дүниенің өткіншілігі мен өмірдің қысқалығы жайында сопының өлеңі ерекшеленеді. Алақандардың жартастағы бейнелері өзгеше болып табылады.

Жартастағы мешітке кіру есігінің екі жағында, үңгір-жерлеу орындары соғылып жасалған, болжам бойынша олардың илері Шақпақ атаның шәкірттері немесе оның жақын адамдары болып табылады. Сопының өлігі қайда сақталғаны белгісіз. Бұл барлық жерлеу орындарына ерекше ықыласпен қарауға мәжбүр етеді.



Кейбір ғалымдардың айтуынша, осы киелі жердің міндеті – емдеу. Осы жердің қызметкерлері науқастарды емдейтін әлдеқандай монах орденін құрғандарын байқамай қарауға болмайды.

Шақпақ ата мешіті – біздің уақытымызға дейін жақсы деңгейде сақталып, жеткен діни сәулет өнерінің бірегей ескерткіші болып саналады. Қазіргі кезде Шақпақ ата мешітін ЮНЕСКО бүкіл әлемдік мұраның тізіміне қосу жайындағы мүмкіндік қарастырылуда.

### **Тапсырма:**

1. Ислам тарихында алғаш салынған мешіт қалай аталады?
2. Исламның сәулет өнеріне тигізген әсері.

## Бегім-Ана кесенесі



*Бегім-Ана мұнарасы Сарааман-Қоса мұнарасы*

Бәрімізге белгілі өмірден өткен бабаларды мәңгі есте қалдыру үшін (көшпенділер үшін ұрпақтың бабалар алдындағы ұлы парызы) көкке мінажат етудің құлшылық символы (Тәңірге, Аллаға) өмір сүргені мәлім. Осындай позициялық тұрғыда Қазақстандағы мұнаралы кесенелер үлкен қызығушылық тудырады. Біріншіден, олар қарапайым әрі монументалды, ақпараттық анық, екіншіден, олар Еуразият ерриториясында кейіннен пайда болған басқа да әйгілі мұнаралы кесенелердің прототипі болып табылады. Мысалы, Бегім-Ана кесенесі – сегізқырлы пирамида, жалпы көлемі 1/4 биіктікті құрайды, ені биіктіктің 2/3-ін құрайды. Бегім-Ананың кесенесімен салыстырғанда Сарааман-Қосаның айырмашылығы анағұрлым сындарлы, цилиндрлік бейнеде салынған. А.И. Кастанье оның ұзындығын 15 аршынға теңейді. Оны Жаба және Айдос есімді батырлар аршылмаған кірпіштен жасаған. Мұндай құрылым Бегім-Ананың кесенесінде де қолданылған. Бәлкім бұл жерде М.М.Мендіқұловтың мынадай пікірімен келісуге болатын сияқты: «Құрылыстың үлкен биіктігі мен күмбездің астындағы арнайы алаңнан қалған орын оны күзету мақсатында жасалғандығын көрсетеді, бірақ оның кесенеге айналуы айтарлықтай кешірек болуы да мүмкін сияқты». Егер ертедегі мола құрылыстары күзету функциясында атқарғанын еске алсақ, Бегім-Ана, Сарааман-Қосалардың әрі кесене әрі күзетуші мұнараларда болғандығын көрсетеді. Олар Оғыз мемлекетінің (IX–XI) астанасының маңында, Жанкеттің үстіртінде орнатылған. Екі ескерткіш те үш қабатты, екі бүркемелі, функционалды және құрылымдық түрде салынған.

Бегім-Ананың кесенесі ерекше беріктігімен ерекшеленеді, сондықтан да оның төменгі бөлігі күні бүгінге дейін өзін сақтап қалған. Бұл ретте қарапайымдылығы мен монументалдығы, күзету қабаттарының қалдығында шатырлы бүркенділердің кездеспеуі қазақстандық кесенелердің композициясының басқа мұнаралы кесенелерден өзгешелігін көрсететінін айта кету керек. Кесенелердің мұндай түрі Иранда XI ғ. (Гомбе-де Кабус – 1006 ж., Эберку – 1056 ж., Верминдегі Аладдин, т.б.), Әзербайжанда XII ғ. (Юсып және ұлы Құсейін 1161 ж., Момын Қатын 1186 ж., Құтлы МұсаОғлы – 1314 ж. т.б.), Түркияда XIII ғ. (Қойсерде Денер – 1276 ж., Тержанда Мама Қатын – XIII ғ. т.б.) кеңінен таралған. Сондықтан зерттеушілердің арасында кесенелердің пайда болуы мен таралуы туралы әр түрлі пікірлер кездеседі. Олардың көбісінің мысалы, О.Шуази, М.К. Ильина, А.В. Саламзаде, И.А. Орбелилердің кесенелердің арғы түбі Армениядан шығады деген пікірлері бір жерде түйіседі. Бірақ Г.А.Пугаченконың мұнаралардың шығу тегін солтүстік ортаазиялық мазар-ғимараттарымен байланыстыратын пікірімен келіспеуге болмайды.

Сондықтан жоғарыда айтылғандай, мұнаралы кесенелер б.з.І ғ. Оғыз-қыпшақ ортасында қалыптасқан. Қараханидтердің түрік мемлекетінің Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан мен Шығыс Түркістанның аумақты жерлерінде орнауы Қазақстанның сәулет өнерінде қала мәдениетінің гүлденуін көрсетеді.

Бегім Ана - [Қарабура](#) әулиенің қызы, [Салжұқ](#) мемлекетінің ханы Санжар сұлтанның әйелі.

Бегім Ана кесенесі – мемлекет қамқорлығындағы тарихи-мәдени ескерткіш. Қызылорда облысы Арал ауданы Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстікке қарай 35 км жерде орналасқан. 1979 жылы [Қазақстан](#) Тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының экспедициясы (жетекшісі Ә.Оспанов) зерттеген. Биіктігі 10,5 м. Жоғары қарай сәл қусырыла келген сегізқырлы [призма](#) пішінді, төбесі [пирамида](#) болып біткен. Орта деңгейге (шамамен 5,5 - 6 м) дейін мұнара бағанасы тұтас, одан жоғары бөлме бар, бұған шығыс жағындағы аркалы ойық арқылы кіруге болады.

#### **Тапсырма:**

1. Бегім ана мұнарасы қай жақта? Өмірде болған адам ба?
2. Бегім ана жайлы қандай аңыздар естігенсіз.

#### **Бабаджа қатын кесенесі**



Қараханид дәуірінің сәулетшілері үшін белгілі тұлғалардың басына кесене орнату себебі де дәл сол «жұмаққа бару» тұрғысындағы ұғымды, яғни «болашақ үйдегі» марқұмның о дүниедегі өмірі тірі кезіндегі өмірінен жақсы деген мағынаны ұстанудан туған. Сөйтіп, Қараханидтер дәуіріндегі мемориалды сәулетшілік өнер кесенелердің жаңа түрлерімен толығыады. Бұрыннан мәлім белгілі мұнаралы кесенелердің қатарына жаңа түрдегі – сферикалық немесе шатырлық-бүркенділі кесенелер пайда болды.

Жаңа ислам дәуіріндегі Қазақстандағы сәулет өнерінің тарихында айтарлықтай мұра болып Бабаджа-Қатынның (X ғасырдың соңы, XI ғасырдың басы) Тараздан 18 км

қашықтықта орналасқан кесенесі есептеледі Тараз қаласынан 18 км жерде, Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Айша Бибі ауылында орналасқан. Кесене Айша Бибі кесенесінің маңында, сондай-ақ ол XI - XII ғасырлардың бірегей сәулет ескерткіші болып табылады. Кесене өзінің композициясымен жаңа түрдегі шатырлы-бүркенділі орталықтанған түрдің негізін ала келеді.

Кесенені 1938–1939 жж. А.Н. Бернштам тексеріп шықса, 1953 ж. Т.К. Басенов детальды түрде өлшеп шыққан. 1982 жылдан бастап Кесене сәулет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекеттің қорғауына алынды. 2002 жылы Бабаджа-Хатун кесенесінде реставрациялау жұмыстары жүргізілді, күмбез зерттеліп, бүкіл құрылыс іргетасының негізі нығайтылды.

Құрылыс төртбұрышты жобада, ішкі жай 4,45×4,45 м мөлшерінде, ал сыртқы қоршауы 6,78×6,78, қос күмбезбен бүркенген: ішкісі жартылай сфералы, қырлы; сыртқысы – пирамидалы-шатырлы, қатпарлы. Барлық сәулеттік детальдары П-көрінісіндегі шекпен көмкерілген. Көмкерудің үстінде және жоғары бойлай көпқырлы дағыралы шатыр қос қатар қойылған кірпіштермен қатпарланып, нақышталған белдеушемен өтеді. Күйдірілген тақтастардан жасалған жақтауда жазудың бөлігі сақталған. А.М. Беленицкий, М.Е. Массондар оқып, қағазға түсірген бұл жазудың мағынасы мынадай: «Бұл таңғажайып мазар Абаджа-Қатынның (немесе Бабаджа-Қатын)мазары, (оны салған ... Ильханшах... сәулетшініңаты – Мұхаммед».

Т.К. Басеновтың пайымынша: «Текшелерде шамасы әртүрлі тақталар қиыстырылып-құрастырылған». Кесененің батыс беті тегіс қалпы қалдырылған. Өзіндік ішкі көрінісі тұтасқан, қабырғаның бұрыштарында қақпа желкендері орнатылған, олардың бесеуінің ұзындығы еденнен 1,37 м биіктікте орналасқан. Қақпалы желкеннен 3,8 м биікте тұзу сегіз қырлы өрнек нақышталған, ол жерден 16 қырлы ішкі күмбездің дөңгелек қалауы басталады. Мұндай күмбез астындағы конструкциялық шешім

Орта Азия сәулетінде өте сирек кездеседі. Бабаджа-Қатынның кесенесі қатаң да қарапайым түрімен, құрылыс жұмысының биік деңгейлі сапалылығымен, әшекей-нақыштардың шектеулілігімен және осы ерекшеліктерінің ғасырлар бойы сақталып қалуымен айрықша. Сондай-ақ, асыра дәріптеусіз де, бұл кесененің көптеген жаңа конструкциялы деп аталған әлемдік сәулет өнерінің шедеврлеріне қайталанбайтын сәулет-көркемдік кескін бергенін айта кету керек. Олар Фахрадин Разидің (12 ғ.), Текекша (13 ғ.), Төребекханым (14 ғ.), Самарқандтағы гүр Әмірдің (1404)Бибі-ханымның (15 ғ.) және басқа да сырты биік көтерілген күмбез мешіт композициясының үнемі дерлік акценті болып табылатын. Өкінішке орай, біз бұл таңғажайып жаңалықтың авторы Мұхаммедтің есімін білгенімізбен, оның қайда туып-өскенін, қайда тәлім алғанын білмейміз. Қолшатыр секілді бүркенген күмбез түрі қазіргі ортаазиялық сәулетте өзінің тікелей баламасы мүлде жоқ деуге болады: «ол кездегі ортаазиялық сәулетке күмбездің ондай түрі мүлде тән емес болатын...».

Кесененің шаршы тұрпаттас пішіні бар, оның мөлшері 6,8х6,8х5,0 метр, қабырғалардың қалыңдығы 1,23 метрге жетеді. Мөлшері 24х24х 0,5 см болатын ашық күйдірілген кірпіштен қаланған. Бабаджа-Хатун кесенесінің сәулеттік композициясы қарапайым, әрі безендірулері аз. Фимарттың үш қасбетінде (батыс қасбеттен басқа) қуыстар мен бойтұмарлар өрнектелген. Басты қасбет жанама қасбеттерден болуымен ғана ерекшеленеді.

Қасбет қабырғаларының беті жалған арка тәріздес жалған терезелермен және қуыстармен безендірілген. Терезелер үстінде әшекейлеп қалаумен орындалған, кірпіштен қаланған шеңберлер бар. Декоративті қуыстар мен бойтұмарлар қабырғаға қаланған, кесіндісінде тік қырлы науаны жасайтын П әрпі түріндегі шеңбердің ішіне салынған. Жиіктемелің үстімен бұрыштары сыртқы қабырғаға қарай бұрылған қосарланған кірпіштерден тұратын тісті көлденең жолақ өтеді. Осындай жиіктемелер күмбез қойылған парапет пен барабанның үстімен бойлай өтеді. Қабырғалардан сегіз қырлы қабырға мен күмбезге өтетін жер троппалармен бүркемеленген.

### ***Бабаджа-Хатун кесенесінің тұрғызылуы туралы аңыз***

Бабаджа-Хатун кесенесінің тұрғызылуы туралы аңыз Айша Бибі кесесінің салынуы туралы аңызбен тікелей байланысты. Аталған аңыздың түрлі нұсқалары бар. Кең таралған аңызға сәйкес - Айша Бибі XI ғасырдың танымал ғалымы мен ақыны Хәкім Сүлеймен Бақырғанидің қызы болған. Ол өмірден озғанынан кейін Айша Айқожы шейхтің тәрбиесінде болды. Бірде Тараз әміршісі Қарахан Мұхаммед (Тараз қаласындағы кесене оның құрметіне тұрғызылған) қыз балаға үйленгісі келді, алайда Айшаның тәрбиешісі бұған келісім берген жоқ. Содан кейін қыз бала алдап-арбаумен Тараз қаласына қоныс аудартылды. Өкінішке орай, әмірші онымен жүздесу мүмкіндігінен мәңгі айырылды, өйткені қыз бала бас киімде жасырынған жыланның шағуынан Аса өзенінің жағалауында қаза тапты. Қыз баланың өмірден озуына байланысты қайғыға салынған Қарахан дәл сол жерде ерекше сәулетті кесене тұрғызды. Айша Бибінің күтушісі кесененің сақтаушысы болды және қайтыс болғанынан кейін Айша Бибіден 20 қадам жерде Бабаджа-Хатун кесенесінде жерленді.

### **Тапсырма:**

1. Кесене дегенді қалай түсінесін?
2. Кесененің құрылыс жүйесі қандай?
3. Бабаджа-Хатун кесенесінің тұрғызылуы туралы аңызды айтып бер.

### **Айша бибі кесенесі**



ЮНЕСКО сарапшыларының бағалауынша өн бойы өрнекпен өріліп, айшықпен көмкерілген және 60-тан астам түрлі оюлармен безендірілген терракот кірпіштер сыртқы жапсырма емес, қабырғалық материал болып өрілген әлемдегі жалғыз мұра Айша бибі

кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің бірі. XII ғасырда салынған. Кесене Тараз қаласынан 18 шақырымда, Жамбыл облысының Жамбыл ауданы Айша Бибі ауылында орналасқан. Кесенені алғашында зерттеулер жұмысын 1893 жылы орыс археолог зерттеушісі Василий Бартольд жүргізді, және 1897 жылы В.Каллаур, 1938-1939 жылдары А.Бернштам бастаған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы, 1953 жылы Қазақстан Ғылым академиясының экспедициясы зерттеген. Айша Бибі тарихтан белгілі Қараханның әйелі. Кесенені салған сәулетші туралы нақты дерек жоқ. Пішіні шаршыланып біткен, ауданы 7,6 x 7,6 метр, бұрыштары бағана тіреулер арқылы көтерілген. Кесене ортасында құлпытас (3 x 1,4 м) орнатылған. Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Қабырғаның ортасында сүйір арқалы текше жасалған. Текше беттерінің қабырғаға ұласар тұсы шағын бағаналармен сәнделген. Бұл бағаналардың жоғарғы жағы көгеріс өрнекпен әшекейленген мығым блок болып келеді. Бұрыштағы бағаналар көгерісі өрнекті жұқа кірпішпен өрілген белдеу арқылы әсемделген. Айша бибі кесенесінің іргетасынан бастапесептегенде 3,4 биіктікте бағаналарға араб әріпінде жазуы бар белдеу жүргізілген. Солардың бірінде «күз, бұлттар, дөңеленген дүние...» деген сөздер жазылған. Кесене қабырғалары (қалыңдығы 80 см) үш бөліктен: күйдірілген кірпіштен қаланған ішкі жағынан, оймыш әшекейлі плиталармен қапталған сыртқы жағынан, сонымен бірге саз балшықпен және жарамсыз плиткалардың сынықтарымен толтырылған қабырға ортасындағы кеңістіктен тұрады. Қабырғалар мен бағаналар беріктігін арттыру үшін қабырғаның ішкі жағына арша ағашынан арқалық қойылған. Кесене қабырғаларының сыртқы беті артқы жағындағы сыналарымен бекітілген оймыш ұсақ плиталар арқылы безендірілген. Ұсақ плиталардың шырмауық өрнегіне 60 түрлі әшекей қолданылған. Қашаумен үңгіп жасалған бұл оюлар бір-бірімен қиюласып, кесененің мақсатына лайық сәулеттік сипат, композициялық шешім тапқан. Айша бибі кесенесі ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енгізілген. 2002 жылы кесенені және саябақты қалпына келтіру үшін айналасына Нисан Рамето жалданды.

### ***Айша бибі кесенесінің тұрғызылуы туралы аңыз***

Айша бибі орта ғасырда өмір сүрген ару қыз. Ол Зеңгі бабаның қызы. Айша бибі Тараздан келген жас батыр Қараханның өнеріне ғашық болған. Жігіт те қызды ұнатқан. Бірін-бірі ұнатқан екі жас бас қосып, өмірлік серік болуға уағдаласады. Алайда, аяқастынан еліне жау шапқанын естіген Қарахан дереу еліне аттанады. Әуелі кезде хабар болмаған соң, аландаған Айша бибі күйеу жігіт еліне барып бір хабарын білейін, аман болса алдыңызға келіп ақ батаңызды алып қосылармыз деп, әкесінен рұқсат сұрайды. Бірақ қыз әкесі келісімін бермейді. Айша бибі әкесі Зеңгі бабаны тыңдамай 40 қыз жолды ертіп, Қараханның еліне өз бетімен аттанады. Әкесі Айша бибіге теріс батасын береді. Айша бибі Қараханның еліне таяғанда дем алмақшы болып су бойына тоқтап жуынады. Сол кезде жерде тұрған сәукеленің ішіне жылан кіріп кетеді. Айша бибі оны байқамай, сәукелесін киейін дегенде жылан шағып алады. Қыздардың хабарын естіп Қарахан да келеді. Бірақ Айша тілге келмейді. Ең болмаса о дүниеде қосылайық деп Қарахан сол жерде Айшамен некесін қидырады. Қарахан сол Айша бибі қабірінің үстіне күмбез тұрғызады. Айша бибінің сүйген жігітіне деген махаббатын баяндайтын аңыз бар. Ол аңыздың 28 нұсқасы сақталған. Жоғарыда сол аңыздың 1 нұсқасы келтірілген.

### **Тапсырма:**

1. Кесененің құрылыс жүйесі қандай?
2. Айша бибі кесенесінің тұрғызылуы туралы аңыздың басқа да нұсқаларын қарастыр.

## Қарахан кесенесі



Қараханид дәуірінің көне мұраларының тағы бір ерекше мысалдарының бірі – Тараздағы Қарахан кесенесі. Өкінішке орай, XX ғасырдың басында жауапсыз жасалған жөндеу жұмыстарынан соң нақыш бұйымдары ғана емес, оның жобасы да өшіп кеткеннен кейін кесене бірнеше қайта өзгертілген. Алайда, 1939 жылы Б.П. Денике жариялаған 1850 жж. фотография бойынша бұл мұра туралы және ежелгі Қараханид дәуіріндегі өнер туралы да жеткілікті ақпарат алуға болады. М.М. Меңдіқұлов пен Т.К.Басенов көрсеткендей, кесене Қарахан әулетінің негізін құрушының моласының басына орнатылған.

Кесененің алғашқы көрінісі 1961 жылы табылған фото түсірілімге қарағанда, ол өзінің биік көркемдік деңгейімен еріксіз көз тартады. Қабырға бетінің жазықтығы өте сынды жасалған кіретін есікпен сәй-кестікте бүркелген, айтарлықтай келісті, небір түрлі жапсырмалар мен  $\frac{3}{4}$  бағаналарға сұғынып тұрған үшкіл қалаулар қосарлана қойылған кірпіштермен сәнді жарасып тұр. И.А. Кастанье бұл кесене туралы мынадай қызықты пікір білдіреді: «Полковник В.В. Панков, онда жақсы сақталған гүлді әшекеймен нақышталған, ескерткіштің бет жағында бұрышта тұрған екі бағана ғана, бұл көне көрініс қазірдің өзінде де айбынды түрге ие. Уақыт өз дегенін алса да, айтарлықтай көркем, ескерткіштің биіктігі бағана төбесіне дейін 60 аршын шамасында», – деп хабарлайды.

Қарахан кесенесі орта ғасыр дәуірінен бізге жеткен сәулет өнерінің тамаша үлгісінің бірі. Кесене XI ғасырда салынған. Қазіргі Тараз қаласының орталық бөлігінде Төле би мен Байзақ батыр көшелерінің қиылысында орналасқан. Кесене Қарахан әулетінен шыққан белгілі хан Ши-Махмуд Бұғра Қарахан қабірінің басына орнатылған. XI ғасырда салынған кесененің 4 қабырғасы мен жылтыр кірпішпен өрнектелген қос

мұнарасы ХІХ ғасырдың 90 жылдарына дейін сақталған. Оның күмбезі ғана құлаған. 1905 жылы оның құлаған бөлігін түгелдей бұзып алып, орнына 1906 жылы жаңа кесене салған. Жаңа құрылысты сол кездегі Ташкент ишамы Саид Бахманов салдырған. Кейінгі салынған кесене алғашқысына ұқсамайды. Қас беті Айша бибі кесенесіне ұқсас болғанымен кірпіштерінің өрнектеліп қалануы жағынан Бұқарадағы ортағасырлық Исмаил күмбезіне ұқсайды. Кесененің бас беті оңтүстікке қараған. Кіреп есігі аркалы қуыспен безендірілген. Сыртын жаңа кірпішпен қалаған. Кесененің ішкі құрылысына келетін болсақ, 4 бұрышты, ортаңғы кең бөлмеден және кіші бөліктен тұрады. Ортаңғы бөлменің төбесі киіз үйге ұқсатып салынған. Бөлменің нақ ортасында оңтүстен солтүстікке қаратылған қабір бар. Ішкі жағын кесененің бұрынғы кірпіштермен қалаған. Ғимаратты әрлеу үшін басында мүсінді кірпіштің 30 түрі қолданылған. Құрылыс шаршы формасында және порталды-күмбезді типіне жатады. Кесенеде 4 орын-жай бар – орталық зал және үш бұрыш залдар. Төртінші бұрышта төбеге шығатын баспалдақ бар, орта орын-жайдың төбесі киіз үйдегідей жабық. Артында екі мұнара бар. Кесененің басты кіреберісі оңтүстік жақта орналасқан, кіреберіс есігі оюлармен көмкерілген. Шет жақтарында мұнаралар орналасқан. Кіреберіс – арканың ішінде, оның екі жағы 3 текшеден тұрады: тікбұрышты, шаршы және сүйір формалы.

Кесенені салу тарихы қызықты. Ол Қараханид әулетінен шыққан Тараз билеушісіне салынғаны белгілі. Аңыз бойынша Айша бибіге ғашық болып, оның қайғылы қазасынан кейін кесене салуға бұйрық берген билеушінің өзі.

### ***Білгенің артық болмас!***

Кесенеге қатысты деректер:


- Қарахан кесенесі оғыз-қыпшақ дәуіріне жататын тарихи ескерткіш болып саналады.
- 1902 жылы Ресей империясындағы ең тамаша сәулет ескерткіші ретінде танылды.
- Кесене 30 түрлі кірпіштен салынған.
- Бұл кесене «Жамбылдың жеті ғажайыбы» атты тізімге енеді.
- Республикалық Кеңестің шешімімен кесене 1982 жылы мемлекеттік қорғауға алынды.
- Кесенені алғаш рет зерттеген орыс ғалымы, өнертанушы Борис Денике болатын. Кесене туралы мәліметті «Архитектурный орнамент Средней Азии» атты еңбегіне енгізді.

**Дереккөз: Қазақстан архитектурасы.-Алматы, «Өнер» баспасы, 2012, т.8.-192 б.**

**Тапсырма:**

1. «Қарахан кесенесі» неліктен киелі орын деп саналады?
2. «Қарахан кесенесінің» салыну ауқымы туралы зерттеу жүргізіп, уақытын анықта.

### **Жұбан ана күмбезі**



Қарағанды облысы Жанарқа ауданында Х-ХІ ғасырдың сәулет өнерінің ескерткіші Жұбан Ана кесенесі орналасқан. Өкінішке орай, оны салған адамның есімі де, бұл ғимаратты тұрғызу тарихын да білмейміз. Осыған қарамастан, Жұбан Ана кесенесі осы

аймақта орналасқан орта ғасырлардағы ең қызықты сәулет өнері ескерткіштерінің бірі болып табылады.

Кесене бір камералы күмбездік құрылыс болып, жобасы жағынан төртбұрышты болып келеді. Сыртқы периметрі бойынша кесене өлшемдері 6х6м, іргетастың төменгі нүктесінен күмбездің жоғары нүктесіне дейін 6 м құрайды, кесененің жалпы көлемі 190 м<sup>3</sup>.

Жұбан Ана кесенесінің сәулеті бірегей болып табылады, осылай оны құрған шебер абсолюттік түрде нақты инженерлік есептерді талап ететін күрделі құрылыс амалдарын пайдаланған.

Күмбезді-орталықтас, бір камералы құрылыс, ішінде жарты шар тәріздес және сыртқы шатырлық күмбездері бар – осындай құрылыс кесенеге сәулетті түрді беріп, құрылыстың төзімділігін қамтамасыз етеді.

Іргетасы биіктігі шамамен 50 см құрайтын тас тақталарынан салынған, ішінен алебастрлы ерітіндісімен сыланған. Кесене салынған кезінде өлшемі 27х27х6 см құрайтын кірпіш қолданылған, айта кететін жайт, барлық кірпіште іс жүзінде геометриялық фигурасы мен бірыңғай өлшемі бар. Бұл сол кездегі құрылыс материалдарының өндірісінің дамыған мәдениетін дәлелдейді. Жоғарыда айтылғандай, ғимарат өлшемдері сыртқы периметрі бойынша 6х6 м құрайды, ішкісі бойынша 4х4 м құрайды, жалпы биіктігі 6 м. Күмбезі мен барабаны күйдірілген кірпіштен салынған. Төрттіктен сегіздікке өтетін жері ғимарат бұрыштарында доғалық желкендерін орнату арқылы жасалған, ал сегіздіктен 16-қырлысына және күмбез шеңберіне дейін кірпіш консольдері арқылы жасалған. Күйдірілген кірпіш ғимарат ішінде бес доғалық желкендерінің деңгейінен бастап қолданылған. Бүкіл қалау арнайы балшық ерітіндісінен жасалынған, оны дайындау құпиясы жоғалтылған, бірақ бұл өте мықты материал болғаны сөзсіз, ауа райының қиын жағдайларына қарамастан сол қалау біздің уақытымызға дейін жетіп, жақсы сақталынған.

Кесенеге кіру есігі сүйір доғаның түрінде жасалған және оңтүстік-шығысқа бағытталған. Ескерткіштің негізгі салмақ түсетін құрылымы күйдірілген және өңделмеген кірпіштен жасалынған, оның үш қабатты жүйесі бар.

Жұбан Ана кесенесі жайындағы алғашқы жазба дерегі 1762 жылы жарияланған П. И. Рычковтың «Топоргафия Оренбургская» еңбегінде табылған. Айта кететін жайт, П. И. Рычков Орталық Қазақстанда ешқашан болмай, ескерткішке сипаттамасын берді. Оның сипаттамасы біздің уақытымызға дейін жетпеген дерекнамалар бойынша берілген. Тұңғыш болып жобаны түсірген және кесенені сурет етіп салған 1863 ж. Ш. Уәлиханов болды. Күмбез туралы әр кезде С.Б. Броневский, А.И. Левшин (1830), А.К.Красовский (1868), И.А. Кастанье (1910) жазған.

1946ж.кесенені Қаз КСР Ғылымы академиясының Орталық-Қазақстандық археологиялық экспедициясы (Ә.Х. Марғұлан) зерттеген. 1974ж.Қаз КСР Министрлігінің экспедициясы ескерткішті өлшеп, сурет фиксациясын жасаған (М. А. Маманбаев, М.К. Сембин, М.С. Нұрқабаев).

Қазіргі кезде Жұбан Ана кесенесі мемлекеттік республикалық маңызындағы тарих пен мәдениет ескерткіштері тізіміне қосылған.

**Дереккөз:Қазақ энциклопедиясы, 4 том, 2002 ж.**

**Тапсырма:**

1. «Жұбан ана күмбезі» неліктен киелі орын деп саналады?
2. «Жұбан ана күмбезі» орналасқан жер?
3. «Жұбан ана күмбезі» туралы қандай аңыздарды білесіңдер?

**Аяққамыр кесенесі**



Аяқ-Хамыр (Жезді ауылынан солтүстік-батысқа қарай 9 км, Жезқазған облысы) және т.б. Орталық Қазақстандағы ежелгі монументалды құрылыстардың (XII ғасырдың соңы, XIII ғасырдың басы) бірі Аяқ-Хамыр кесенесі. Кесененің жобасы тікбұрышты, көлемі 10,16×8,10 м, төрт бұрыштық жобада 5,72×5,73 м, алға қарай 2 м-дей ілгерілете қойылған босаға бөлігі, төртбұрышты табыт бөлмесі сферикалық күмбезбен бүркелген. Негізгі құрылыс материалы болып өңірде IX ғ. пайда болған қызыл кірпіш, ал түптағанына «арнайы қалыңдығы 15–18 см марганцовтық тақталар пайдаланылған. Сылақтары қабырғаға түгелдей белдеу түрінде жүргізілген. Бұл белдеу сыртқы жағынан кірпіш сылағымен қапталған. Дәл сондай белдеу екі қатарланып негізгі қабырға бетте 3,25 м биіктікте орналасқан. Мұнда ол шамасы, құрылымдық түрден гөрі айтарлықтай сәндік рөл ойнайды. Қабырғаның күңгірт-қызыл фонында тастың түсі ай қын көрініп тұр. Кесененің ауқымдық-кеңістік шешімі Қазақстан сәулет тарихында түп нұсқалығы мен ерекшеленеді. Аяқ-Хамырдың қабырға беті болып тұрған босаға – Қазақстандағы бұрыннан келе жатқан, бірақ қайтадан қалыптасқан босағалы-күмбезді кесененің жаңа түрі.

Аяқ-Хамырдың моңғол дәуіріне дейінгі шығу тегі туралы Г.Г. Герасимов аталған ескерткіштің Бабаджы-Қатын кесенесі-Аяқ-Хамыр кесенесі секілді қыпшақтардың керемет ескерткіші Қараханидтер дәуірінің мәдениеті мен өнерінің «алтын ғасыры» Орталық Қазақстанға ықпал еткен деп тұжырымдауға болады.

Кесенені алғаш рет 1946 жылы Қазақ ССР ғылым Академиясының Орталық Қазақстан археология экспедициясы зерттеді. /Ә.Х.Марғұлан/ 1973 жылы ҚазССР Мәдениет министрлігінің экспедициясы өлшеу мен фотофиксация жұмыстарын жүргізді. (М.А.Маманбаев, М.К.Сембин, М.С.Нұрқабаев). Тікбұрышты құрылыс жоспары үш көлемнен тұрады: ғимараттың текшесі, порталы және күмбезі. Құрылысқа 27х27х6см өлшеміндегі кірпіштер пайдаланылды. Сақталған портал бөлігінің биіктігі - 6,75м. Ішкі периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 5,75х5,75. Сыртқы периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 8,0х10,0. Архитектуралық және конструкциялық шешім, құрылыс жұмыстарының сапасы ескерткішті ортағасырдағы Қазақстан территориясындағы тамаша ғимараттардың қатарына жатқызады.

#### **Дереккөз:**

1. Ә.Х.Марғұлан. Археологические разведки в бассейне реки Сарысу. Вестник АН КазССР, 1947, №7.
2. Г.Г.Герасимов, Памятник архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. Алма-Ата, 1957.
3. М.К.Сембин. Мавзолей Аяк-Камыр /историческая справка/, 1977. Архив НИПМ.

#### **Тапсырма:**

1. Темір Құтлұқ ол кім? Шежіресін жазып кел.
2. Аяқ-Хамыр кесенесінің құрылысына ұқсас қандай құрылыстарды білесің?

## Дәуітбек кесенесі



Дәуітбек кесенесі (XIII ғ.) ортағасырлық сәулет ескерткіші. Тараз қаласында Қарахан кесенесінің шығыс жағында орналасқан. Кесене манғолдық билеушілердің бірі ұлық Білге Ықбалқан Дәуітбек қабірінің үстіне салынған. Кесене мемлекеттің қорғауына алынған. Кесене орта ғасырдағы аймақтық сәулет өнеріне тән, бүгінгі күнге дейін бұзылмай аман жеткен діни ескерткіштердің қатарына жатады. Кесене күйдірілген кірпіштен салынған, қабырғалары бітеу, төбесі күмбезден жасалған. Кіреберіс бет-әлпеті терең қуыстары бар, үстіңгі жағы бәсеңдеу күмбезбен жабылған. Жан-жақтары қарапайым кірпіштермен өрілген, екі бұрышында мұнаралары бар, олар онша биік емес. Кесененің ішкі құрылысы крест тәріздес, қабырғаларында терең қуыстар бар. Кесененің қақ ортасында биіктің үстінде үш сатыны тас ескерткіш бар. Оның бетінде арабша жазулар жазылған. Кесене Тараз халқының тұрғындары үшін Шомансұр кесенесі деген атымен белгілі.

Ортағасырлық «Дәуітбек кесенесі» деп аталатын бұл жерде Ұлық Білге Икбалхан Дәуітбек-Шамансұр жерленген.

Кесене – бізге дейін біршама жақсы сақталып жеткен, орта ғасыр дәуіріндегі аймақтық ерекшеліктермен тұрғызылған сәулет өнерінің үздік нұсқасына жатады. Кесене алғашында күмбезі жартылай иілген арқаға бекітілген төрттаған түрінде болған. Аркалар плиталардан қаланған тұғырға орналасты. XIX ғ. соңында аркалы кіреберісі мен қабырғалары кірпішпен қайта өрілгендіктен кесене қазіргі қалпына енді. Оңтүстік бұрыштарының жоғарғы жағы минарет тәріздес етіп жасалған. Қабіртастағы жазуды 1893 жылы А.Б.Бартольд танып оқыған. Онда: 1262 ж. 31 наурызда қайтыс болған түркілік қолбасшы, «қалам мен қылыштың иесі, жаны таза момындардың жанашыр қорғаушысы» жерленген деген жазулар бар. Ал, 1939 ж. А.Беленицкий танып, оқыды. Тасқа басылған таңба бұл адамның XIII ғасырда ірі әскери қолбасшы болғанын айғақтайды. Кесене қазіргі уақытта Мемлекеттік «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-мұражайының қорғауына алынып, туристердің назарын аударған тарихи орынға айналған.

**Дереккөз:** [www.culturemap.kz](http://www.culturemap.kz)

**Сұрақтар:**

1. Дәуітбек кесенесі туралы қандай аңыздарды білесіңдер?
2. Дәуітбек кесенесі орналасқан жер?
3. Дәуітбек кесенесінің ерекшелігі?

## Сырлытам кесенесі



Бұл құрылыс 27х13х4,5 көлемді күйдірілген ақ кірпішпен тұрғызылған күмбезді ғимарат. 9,6х10,15 м жанжағынан тікбұрышты формадағы, күмбездің үстіне дейінгі биіктігі 7,7м ғимараттың қабырғалары өте өрнекті плиткалармен жабылған.

Қызылорда облысы Қарамақшы ауданында Тағай ауылынынан солтүстік-шығысқа қарай 16 шақырым жерде XIV ғасырларының бірегей сәулет ескерткіші Сырлытам кесенесі орналасқан.

Кесененің нақты салыну мерзімі жайында тікелей дәлел жоқ, дегенмен ғалымдардың айтуынша, оны сәулет ерекшеліктері көрсетіп тұр. Бұл кәдімгі біркамералы бетше босағалық-күмбезді шатыр жабыны бар кесене бар. Ішкі күмбезі сфероконустық болып келеді, ал сыртқысы аласа сегіз қырлы барабанның үстінде орналасқан сегіз қырлы мұнараның формасына ие. Бетше босағасы тым үлкен емес, түрі мен құрылысы жағынан ол сүйір доғалы кіретін текшесі бар бас қасбетінің қабырғаларына ұқсас. Осы кесене солтүстік түркістандық құрылысшыларының сәулет өнеріндегі қиын ізденістерін дәлелдейтін, барабан үстінде көтерілген шатыр күмбезінің бар болуымен сипатталатын ортағасырлық кесененің ерекше тобынан шыққан.

Сырлытам күйілген кірпіштен салынған, сәулет өнері жағынан оның өлшемі 10×11 м, ғимараттың сақталып қалған биіктігі 9 м болып табылады. Төрттік пен сегіздік арасындағы өтпе жолы бұрыш доғалары арқылы жасалған. Одан кейін сегіздік бұрыштарында диагональдық түрде тұрған кірпіш-консольдері арқылы бірден күмбездің шеңберіне өтетін жол бар. Кесене күмбезі екі жақты болды, оның барабаны он алты қырлы болған, өкінішке орай ол біздің уақытымызға дейін жетіп сақталмаған.

Кесенеге кіру орны екеу болған — солтүстік пен оңтүстік жағынан. Орталық (оңтүстік жағындағы) кіреберісі сүйір доғасы бар бетше босағасымен көркемделген. Басты қасбетінің астауы майоликалы тақталарынан салынған II тәрізді белдемесімен безендірілген. Жалған күмбезінің тәсілі бойынша салынған барабанның терезелері сүйір болып келеді. Құрылыс барысында қолданылған құрылыс материалдары мен сәулет өнеріндегі тәсілдерінің негізінде ғалымдар Сырлытам кесенесін Алтын Орда кезеңінің ескерткіштеріне жатқызған.

**Дереккөз: [www.culturemap.kz](http://www.culturemap.kz)**

### **Сұрақтар:**

1. Сырлытам кесенесі туралы қандай аңыздарды білесіңдер?
2. Сырлытам кесенесі орналасқан жер?
3. Сырлытам кесенесінің ерекшелігі?

### **Арыстан баб кесенесі**



Арыстанбаб кесенесі – көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Отырар қалашығынан және Шәуілдір ауылынан 2 км, Шымкент қаласынан 150 қашықтықта орналасқан. Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы [Қожа Ахмет Иасауидің](#) ұстазы болған [Арыстан баб](#) басына салынған. Кесененің бірінші құрылысы XIV-XV ғасырға жатады. XVIII ғасырда құрылыс қиратылып, фриз жазбалары бойынша 1909 жылы қайта салынған. 1971 жылы жоғары деңгейдегі грунт сулары салдарынан мешіт құлатылып, қайта орнатылды. Құрылыс алебастр ерітіндісінде күйдірілген кірпіштен қабырғаның сырт жағына салынған. Содан бері алғашқы салынған ою өрнектер сақталынған. Қазіргі кезде Арыстан баб мазары үстінде 30x13 метр аумағы бар кесене тұр. Ол күйдірілген кірпіштен қаланған. Ғимарат үлкен күмбезді дәлізбен біріктірілген екі камералы қабірден (гурхандар) және бата оқитын мешіттен тұрады. Жалпы, кесене көпкамералы кешен. Гурханның орталығы – Арыстанбабтың сәулетті құлпытасы, ал көрші орын-жайларда оның шәкірттері мен ізбасарлары - Хермет-Азыра, Қарға баба, Лашын бабалардың құлпытастары орнатылған. Кесене бастапқы орын-жайларға түрлі құрылыс элементтерін кезең-кезеңмен қосу арқылы салынған. Гурхана мен бата оқитын мешіт бас қасбеттің ортақ тұтас қабырғасымен біріктірілген. Ғимараттың қасбетін екі мұнара аяқтайды, олар мүсінді кірпіш қалауымен безендірілген.

Тарихи деректер бойынша XII-XVIII ғасырларда кесене бірнеше рет қайта салынып, қайта жаңартылған. Қазіргі кезде бұл кесене Орталық Азиядағы қажылық міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады.

Аңыз бойынша Арыстан баб Мұхаммед пайғамбардың елшісі болған. Бір күні Мұхаммед пайғамбар өзінің шәкірттерімен құрма жеп отырған еді. Бір құрма қайта-қайта ыдыстан құлай беріп, пайғамбар ішкі дауысты естіді: « Бұл құрма Сізден кейін 400 жыл алдағы уақытта туылатын мұсылман бала Ахметке арналған». Сонда пайғамбар шәкірттері ішінен бұл құрманы кім иесіне жеткізетінін сұрайды. Ешкім сұранған жоқ. Пайғамбар сұрақты қайта қойғаннан кейін, Арыстан баб былай деді: « Егер Сіз Алла Тағаладан 400 жыл сұрап берсеңіз мен бұл құрманы иесіне жеткіземін». Халық аңыздарынан және жазба деректеріне қарағанда («Рисолаи Сарем-Исфижоб» және Куприлозада кітабы) Арыстан баб Ахмет Яссауидің ұстазы болып құрманы жеткізеді.

Қожа Ахмет Яссауи ұлы әулие мен діни көріпкел 1103 жылы туылып 1166 жылы қайтыс болған. Мұсылмандар ішінде Қожа Ахмет Яссауи Мұхаммед пайғамбардан соң екінші болып саналады.

Арыстан баб кесенесі - Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы жерленген орны болып келеді. Аңыз бойынша, о дүниеге кетер алдында Мұхаммед пайғамбар Арыстан бабқа аманат тасбиғын берді, ал ол 11 жастағы бала Қожа Ахмет Яссауиге ұсынды. Арыстан баб кесенесі жанында емдеу қасиеттері бар өте тұзды сулы құдық бар.

Оны аңыздар бойынша Қ.А. Яссауидің ұстазы мен жол бастаушысы болып саналады. Арыстан баб XII ғасырда жерленген. Жуықтап сол кезде кесене де салынған. Бұл сақталған кесене XX ғасырдың басында жергілікті халықтың қаражатымен қайта қалпына келтірілген. Дәліз-қақпа маңдайшасына мәрмәр тақта қаланып, бетіне һижра бойынша 1327 жыл, яғни соңғы құрылыс жүрген уақыт деп көрсетілген.


Арыстанбаб қабірінің басына тұрғызылған ғимарат алғаш ғылыми әдебиетте 1898 ж.ж. И.Т.Пославскийдің «Развалины города Отрара» атты мақаласында аталады. 1903 жылы кесене түркістандық археология әуесқойлар үйірмесінің мүшесі А.Черкасовтың Отырар төбені көріп айтқаны жөніндегі есебінде аталып өтіледі. А.Черкасовты түкпір бөлмедегі Арыстанбабтың қабірі таң қалдырады: «Надгробие Арстан – Баба такой же формы, как и остальные, покрыто куском белого коленкора и поражает своими размерами. Такого роста, по ловам шейха, достигал и сам святой...». А.Черкасовтың деректері кейінірек орыс-француз тілдерінде жарық көрген. И.А.Кастеньенің «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» деген еңбегінде де қайталанатын. Көп үзілістен кейін Арыстанбаб кесенесі жөніндегі ғылыми сипаттама 1950 ж. В.В.Константинованың «Некоторые архитектурные памятники по среднему течению р. Сырдарьи» деген мақаласында жарияланды. 1987 жылы «Білім мен Еңбекте» М.Сембиннің кесене жайлы мақаласы жарияланды. М.Сембин Арыстанбаб туралы мақаласында О.Дастановтың «Әулиелі жерлер туралы шындық» атты кітабындағы келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Арыстанбаб кесенесінің сәулетшісі ташкенттік Ескендір қажы болған деген болатын.

**Дереккөз:Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 1 том.**

**Сұрақтар:**

1. Арыстан баб ол кім?
2. Арыстан баб туралы қандай аңыздарды білесіңдер?
3. Арыстан баб кесенесі орналасқан жер?

### **Қожа Ахмет Яссауи кесенесі**



**Қожа Ахмет Яссауи кесенесі** - ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Түркістан қаласында орналасқан. 1396-1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Яссауи қабірінің басына тұрғызылған.

1389, 1391, 1394, 1395 жылдары көптеген қантөгісті шайқастарда Темір (Темірлан) Алтын орданы талқандап, оның астанасы Сарайберкті өртеп жібереді. Осы жеңістің құрметіне қолбасшы сол кезде әбден тозығы жеткен Ахмет Яссауидің ескі кесенесінің орнына жаңа, орасан зор мемориалды кешен салуға шешім қабылдайды. Бұл шешімді қабылдағанда Темір діни сенімдерді ғана басшылыққа алған жоқ. Кесене салуға бұйрық бере отырып Темір бір жағынан ұлы уағызшыға құрмет білдіргісі келсе, екінші жағынан жаулап алған аймақтарда дала көшпенділерінің арасында абыройын көтеру арқылы өз билігін күшейткісі келді. Кесене құрылысы жөніндегі жазба дереккөзі «Жеңіс кітабы» ("Зафар-наме") болып табылады. Тарихшылардың айтуынша Темір кесене жобасына өзі қатысты. Ол ғимараттың негізгі өлшемдерін, атап айтқанда үлкен күмбездің диаметрін өзі айқындап берген. Темір жарлығында ғимараттың кейбір әшекей бөлшектеріне және ішкі жиһазына қатысты ұсынымдар болған. Құрылыс туралы жарлықты орындау қайырымдылық істеріне жауапты Маулян Убайдулла Садрға тапсырылады. Темір өлімінен кейін кесене құрылысы тоқтатылады. Нәтижесінде портал бөлігі (пештақ) мен кейбір орын-жайлардың интерьерлік әрлеуі аяқталмай қалған.

Кесененің ғылыми зерттеуі ХІХ ғасырдың соңында басталды. Ескерткіштің сызбаларын дайындау үшін Түркістан қаласына бірінші ғылыми экспедиция (1905 жыл) профессор Н.И. Веселовский бастаған Орта және Шығыс Азияны зерттеу үшін Орыс комитетінің экспедициясы болды. 1922 жылдан бастап бірнеше комиссия құрылысты техникалық зерттеу жұмыстарына қатысты. Ескерткіштің егжей-тегжейлі зерттеулері 1952-58 жылдары (Б.Н.Засыпкин, Т.Ш.Карумидзе, Л.Ю.Маньковская, К.А.Шахурин), сондай-ақ 1970-80 жж. Б.Т.Тұякбаева, А.Н.Проскорин) жасалды.

Кесене - үлкен порталды-күмбезді мемориалдық құрылыс. Архитектуралық жергілікті дәстүрді жете меңгерген парсылық шеберлердің жобасы құрылысқа негіз етіп алынған. Кесене оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Ені - 46,5 м, ұзындығы - 65 м. Күйдірілген шаршы кірпіштен өрілген. Кесене жобасының ерекшелігі - онда Орталық Азия сәулет өнерінде бұрын-соңды ұшыраспаған шатыр жабу тәсілдері қолданылған. Ескерткіште күмбезді, аркалы элементтер мол. Сәулетші-шеберлер тек аркалы күмбезді жүйенің өзіне сан түрлі әдістерді қолданған. Кесенеде аса үлкен портал (ені - 50 метрге жуық, порталдық арканың ұзындығы - 18,2 метр), бірнеше күмбез, 35 бөлме бар. Ғимараттың биіктігі 37,5 м. Сыртқы қабырғалардың қалыңдығы - 1,8-2 м, қазандық қабырғаларының қалыңдығы - 3 м. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мешіт, медресе қызметін де атқарған. Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі - қабірхана ортасында Қожа Ахмет Яссауиге құлпытас қойылған. Қабірхана есігі жұқа темірмен қапталып, оған алтынмен жазулар түсірілген. Кесене мешітінің 16 терезесі, қос қабат күмбезі бар. Мешіттің батыс жақ қабырғасына Меккедегі Қағба іспетті 3,5-2,5 метрлік мозаикалық михраб орнатылған. Кесененің оңтүстік-батыс жағындағы Аллаға құлшылық етуге арналған жер асты ғибадатханалары Яссауидің тірі кезінде жасалып, кейін қайта жаңғыртылған.

Жалпы тұрқы симметриялы, жеке бөлшектері – ассиметриялы болып келетін бұл зәулім ғимарат 8 түрлі бөлмелер тобынан тұрады. Ол порталы оңтүстік шығысқа, ал бір беттері тиісінше оңтүстік – батыс пен солтүстік – шығысқа қарайтын етіп салынған. Келген адам орта залға бас порталдың сәнді есігі арқылы кіреді. Қазандық Қазақстан мен Орта Азиядағы кірпіштен өрген күмбездердің ішіндегі ең үлкені, диаметрі – 18,3 метрлік күмбезбен көмкерілген. Бұл бөлмеден өткен соң оюмен өрнектелген ағаш есік арқылы Қожа Ахмет Яссауи мүрдесі жатқан бөлмеге кіруге болады. Көрхананың қос қабат күмбезін кейде Мұхаммед Ханафия порталы деп те атайды. Қазандықтан өзге бөлмелерге қарай қос қатарлы сегіз дәліз тарайды. Бұл дәліздер ғимаратты сегіз дара

блокқа бөледі. Әр блокқа архитектурасы да, пайдаланатын мақсаты да әр қилы бөлмелер бар. Оңтүстік батыс блокта мешіт орналасқан. Ал оңтүстік – шығыс блокта халимхана бар. Халимханада дүйсенбі мен жұма күндерікедей – кепшікер мен зйруіштерге тегін үлестірілген тағам - халим әзірленетін болған. Солтүстік – шығыс блокқа құдықхана, ал солтүстік - батыс блокта Үлкен Ақсарай орналасқан. Оңтүстік – батыс және солтүстік шығыс жақтарының орта тұсында өзінің архитектуралық тұрқы жағынан біртектес, қабатты залдар – Кіші Ақсарай мен кітапхана бар. Кесенедегі сегіз дәлдіздің алтауы - өтпелі де, екеуі – тұйық. Архитектура мен Қожа Ахмет Яссауи кесенесі тек зират болумен шектелмей, мешіт – медреселік қызметтерді де атқарған. Түрлі мақсаттағы бөлмелердің басын осылайша біріктіру өз заманының тамаша үлгісі болып табылады. Кітапхана мен Ақсарай бөлмелері көлденең арқалармен жабылған. Төбені осылайша жабу түрлі пошымдағы күмбездерге, тұрқы шаңырақ тәрізді иықтар мен жаппаларға негіз болып тұр. Бұл жаппаларда көтеруші арқалардың өзара қиылыс элементтері Орта Азия архитектурасында сол кезге дейін кездеспеген елеулі жаңалық болып табылады. Негізгі бөлмелер – қазандықта, көрхана мен мешітте қос қабатты арқалар жоқ, олардың әрқайсысының қабырғаларынан төрт – төрттен ойықшалар жасалған. Күмбездердің ішкі қабаты алуан тұрпаттағы сталакиттерге көмкерілген. Бұлар арша ағашынан жасалған білезіктермен бекітілген. Кесененің сырт қабырғаларының көмкерілуі үш бөлікке жіктеледі. Оның орта бөлігіне үлкен көлемдегі өрнектелген жазулар түсірілген, жоғары жағына – эпиграфтық фриз, төменгі жағына (ірге бөлмесіне) биіктігі – 1,85 тас кенере жүрзізілген. Ірге бөлегі қашалған тас тақталармен дәнекерленген. Кесененің үш қабырғасының үстінгі жағымен өтетін эпиграфтық фризде құраннан алынған сөздер жазылған. Эпиграфтық фриздің жазулары терракоталық фонда күйма кірпіштермен өрнектелген. Фриздің биіктігі – 2,37 м. Жазулар көгілдір қышпен өрнектеліп, қара көк түсті кірпіштермен көлеңке түсірілген. Ғимараттың солтүстік бетіндегі екі бұрыштың екеуінде цилиндр түріндегі дөңгелектер бар. Бұл дөңгелектерге де қуфа қарпімен жазылған жазулар мен ою - өрнектер түсірілген. Жазулардың арасынан “Алла”, “Мұхаммед”, “о”, “Жарылқаушы”, “Билік Аллада”, “Алла менің әміршім” деген секілді тағы басқа сөздерді оқуға болады. Кесененің солтүстік – шығыс бетінде Ілияс хан ойығының үстіндегі фриз соңында “Шираздық Қожа Хасан” деген сөз және “һиджраның 800 жыл” деп жазылған. Көрхананың қатпарлы күмбезінің жоғары жақтауы мен алты бұрыштытақтайшада қуфалық стильмен шираздық мозаикашы Шемз Әбдәл – Уақабтың есімі жазылған. Ол күмбезді қатпарлы қабырғаларына өрнектер жасаған шебер еді. Бас порталдың екі жағы биік мұнарамен жиектелген зәулім арқасы бар. Оның ені – 50 м-ге, ішінің ұзындығы – 18,2 метрге, биіктігі – 37,5 метрге тең. Порталдың салынып бітпей қалған тәрізденіп көрінеді. Әмір Темірдің кезінде бас порталдың тек нұсқасы ғана бар – ды. Оның құрылысын 1583 – 98 жыл Бұхарды билеген Абдолла хан аяқтады. Абдолла хан заманындағы жөндеу жұмыстарына арналған ағаш дінгектер бүгінге шейін сақталған. XIX ғасырда Қоқан билігі тұсында мұнаралар мен порталға қарабайыр қорғау орындары салынып, қам кешекпен қоршалған, кесене қамалға айналдырылған. Ортақ залы – қазандық төбесі жалаң қабат күмбезбен көмкерілген төртбұрышты бөлме. Қазандық күмбезі сегіз қырлы, дінгек үстіндегі желкенге табан тірейді. Қазандық күмбезінің ішкі жағы – 18,2 м-ге, сырты -20,5м-ге тең. Қазандық, көрхана және мешіт қабырғаларының төменгі жағы алты бұрышты көгілдір тақтайлардан тұратын биіктігі (1,5 метрлік майолика тыстамамен қапталып, мозаикалық өрнектермен әшекейленген. Әрі мозаикалық бедермен көлеңкелендірілген. Ал еденге жанасар тұста, бетіне өсімдік өрнегі салынып, тастан қашалған белдеушелер жүргізілген. Қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары мен алты шырағдан да халық өнерінің лағыл- маржандарының қатарына жатады. Бұларда да оны жасаушы исфаһандық шебер Тадж әд –Дин Изединнің есімі жазылған. Қола шырағындағы жазулар һиджраның 799 жылы 20 рамазанында жасалғандығын көрсетеді. Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі- әулиенің көрханасы болып табылады. Бұл- қабырғаларының ұзындығы 7,15 метрлік төртбұрышты бөлме.

Қабырғаларында сталаттиттермен әшекейленген тайыздау ойықтары бар. Көрхананың төбесі қосқабатты күмбезбен көмкерілген. Ішкі күмбезі – құрылыстық, сыртқы күмбезі-көркемдік міндет атқарады. Көрхана күмбезі бұрыш- бұрыштағы төрт білікке тіреліп, биік мойындықпен көтерілген. Сыртқы күмбезі қатпарлы. Бұл қатпарлар өсімдік өрнегі пішіндес мозайкамен қапталған. Солтүстік портал қабырғаларының көркемдігі көрген жанды таң қалдырады. Үш ширектік дінгекшелері алты қырлы тақталармен қапталған, көгілдір түсті бояулар мен айшықталған. Көрхананың дәл ортасында Қожа Ахмет Яссауидың сағана- құлыптасы орнатылған. Ол жасыл түсті яшмадан жасалған, ернеуіне нәзік өрнектер салынған. Қазандық пен көрханадағы Сафар шебер өрнектеп жасалған ағаш есіктер көркемдігімен көз жауын алады. Көрхана есігінің ою-өрнектері сүйекпен ерекше нақышталған. Есік жұқа темірмен қапталып, оған алтынмен жазулар түсірілген. Есіктің үстіндегі тас тақтайға көрхана Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылғандығы жайында жазылған. Кесененің мешіті де аса бір тамаша архитектуралық құрылыс. Ол мойындығында 16 терезесі бар, шағындау қос қабат күмбезді сопақшалау келген зал. Оған қазандық бөлмесінен Жолбарыс хан дәлізі арқылы өтуге болады. Мешіттің батыс жақ қабырғасында Меккедегі Қағба сияқтандырып 3,5x2,5 метрлік мозайкалық михраб орнатылған. Михраб мешітке ерекше көрік беріп тұр.

Оның беті мозайкамен және өсімдік суретімен әшекейленген. Михраб- жебе ұшты арқасы бар ойық. Бұл ойық көгілдір түсті мозайкамен көркемделген, тікбұрышты сәндік белдеумен қоршалған, оған ақ әріптермен құран сөздері жазылған. әр жерден әсемдік үшін жалатылған алтынның сілемі көзге шалынады. Кесененің оңтүстік батыс жағында діншілдердің қырық күндік ораза ұстауына және құдайға құлшылық етуге арналған жерасты мінажатханалары Қожа Ахмет Яссауидің көзі тірі кезінде жасалып, қайта жаңғыртылған. XVI ғасырда мешітке іргелес қосалқы бөлмелер тұрғызылған. Бұлар: батыс беткейдегі дәрет алатын тахаратхана мен Үлкен Ақсарайдың солтүстік шығысындағы “балхи” тәсіліндегі иықпен көмкерілген жер асты зираттары.

XVI ғасырдан кесенеді және оның төңірегінде қазақ халқының атақты адамдары (Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр, т.б.) жерлене бастады. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Қоқан билеушілері кесенеге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оның төңірегіне қамал-бекіністер салуды қолға алды. 1864 жылы Түркістан қаласын жаулап алған Ресей отаршылары зеңбірекпен атып, кесененің 11 тұсына зақым келтірді. XIX ғасырдың соңына қарай Қожа Ахмет Яссауи кесенесі тарихи-мәдени мұра ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастады. 1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Яссауи республикалық мұражайы ашылды. 1989 жылы тамыздың 28-інде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды. Түркия елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы аяқталды. 2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді.

**Дереккөзі: Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 6 том**

### ***Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің тұрғызылуы туралы аңыз***

Халық арасында кең тараған мынадай аңыз бар: «Қожа Ахмет кесенесінің қабырғалары қаланып болған түні алып жасыл өгіз көтерілген дуалдарды мүйізімен соғып, құлатады. Ғимарат қабырғалары қайта тұрғызылып, күмбездері қалана бастағанда бұл оқиға тағы да қайталанып, бәрі үйелген төбеге айналады. Бұл жай Әмір Темірді көп ойландырады. Түсінде бір шал келіп, аян береді, ол Қожа Ахметтің ең алғашқы ұстазы, Арыстанбаб моласының үстіне мазар көтеруге әмір ететінін жеткізеді. Бұл талап орындалған соң ғана Әмір Темір Түркістандағы құрылысын ойдағыдай аяқтайды».

**Сұрақтар:**

1. Қожа Ахмет Яссауи ол кім?
2. Қожа Ахмет Яссауи туралы қандай аңыздарды білесіңдер?
3. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі орналасқан жер?
4. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі Орта Азиядағы ескерткіштерге ұқсастығы ?
5. Әмір Темір кесенені салдыруда қандай мақсат көздеді?

### Алаша хан кесенесі



Алаша хан күмбесі – Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы Қаракеңгір және Сарыкеңгір өзендері қосылар тұстағы биік жотаның үстінде орналасқан. Ғалымдар күмбезді Қарахан әулетіне, оғыз-қыпшақ заманындағы сәулет өнерінің қатарына қосады. Зерттеушілер түрлі болжамдар айтқанымен, күмбездің уақыт зардабынан мүжіліп тозған түрі мен басқа ешбір ескерткішке ұқсамайтын көркемдеу тәсілі арғы замандарға сілтейді. Алаша хан күмбесі порталды-күмбезді сәулет өнері үлгісіне жатады. Аумағы 9,73x11,9 метр. Биіктігі 10 метр. Төңірегі қалың қорым, неше түрлі бейіттер тұрғызылған. Күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Олардың көлемі 230x14x60 мм, 260x230 мм, 320x320x60 мм, тағы сол сияқты әр түрлі болып келеді. Күмбезге кіреберіс сол жақ бұрышта баспалдақты тар қуыс бар. Сол арқылы жоғары көтеріліп барып, күмбездік айналма екінші қабатқа, одан портал аркасының желке тұсынан кесене үстіне шығуға болады. Жарық кесенеге қабырғада орнатылған терезелер арқылы түседі. Басты қасбеттің ортасында жарма есік орнатылған, оның артында екі доғасы бар, біршама тереңдетілген екі түсті жолақпен жиектелген және әшекейлі кірпіштермен безендірілген текше орналасқан. Қасбеттің екі жағынан алты қырлы бағаналар орналасқан, олардың әрқайсысы үш жарты шарға тіреніп тұр, олардың екеуі біртұтас, ал үшіншісі бағананың негізі ретінде тұр. Кесененің басты есігінің биіктігі 2 м, ал ені 1,2 м құрайды. Кесене қабырғалары сегіз тіреуіштерімен бекітілген; күмбесі 16-қырлы барабанға тіреледі, оның айналасында айналма галерея орналасқан. Композицияның түзу үйлесімдері мен өзгеше элементтерінің арқасында, сондай-ақ сәулет амалдарының сәтті байланысы мен ақырын зердің арқасында ғимарат біртұтас және алып болып көрінеді. Бұл әсер кесененің ашық, көтеріңкі жерде сәтті орналасуының арқасында күшееді. Өзінің сәулет-техникалық сипаттамалары бойынша бұл ескерткіш бірегей болып табылады, себебі осындай стильді Орта Азиядағы сәулет өнерінде кездестіру сирек жағдай болып келеді. Алаша хан күмбесінің шынайы қалпын онымен тұстас сәулеттік үлгілерінің ортақ жәдігерліктермен салыстыру арқылы елестетуге болады. Осы орайда ол, негізінен, Қарахан әулеті дәуірі сәулет үлгілерінің Салжұқ өнері аталатын түрлерімен байланыстырылады. Бұл үлгідегі ескерткіштер көбіне Түркіменстанда кездеседі. Алаша хан күмбесін Қазақстан жеріндегі Айша Бибі, Жошыхан, Қожа Ахмет Яссауи мазарлары үлгілерімен де салыстыруға болады.


Кесенені зерттей бастау Ш.Уәлихановтың «Қырғыз қайсақ молалары және жалпы бұрынғы туралы» атты мақаласынан бастау алады. (1855 ж.). 1868 жылы подполковник Красовскийдің "Область сибирских киргизов" атты еңбегінде ежелгі құрылыс туралы

сипаттама пайда болады. Орталық Қазақстанның сәуле ескерткіштерін зерттеуге «Атбасарцветмет» тресінің бас геологы Қ.И.Сәтпаев атсалысты. Кейін ол академик атанды. «Алаш» термині ежелгі кезеңде қолданылған, яғни ру-тайпалар бөлінбей, ортақ мал ұстаған кезеңде. Бұл ежелгі түрік сөзі, - «туған-туыс, ниеттес» дген мағынаны білдіреді. Дұрысын айтқанда, «алаш» - қазақтың өз аты. «Алаш» сөзі бірнеше мағынада түсіндіріледі. Солардың дәлелденген бірі «Алты алаш» сөзі – Оғыздың алты ұлының соңынан ерген алты тайпа деген мағынада айтылады. Алтын Орда құлаған соң «Алаш» көшпелі қазақтарды біріктіретін ұранға айналды. Белгілі тарихшы Ж. О. Артықбаев " Материалы к истории правящего дома казахов" атты кітабында Алаш хан туралы сан түрлі аңыздарды салыстыра отырып, М.Ж.Көпеевтің нұсқасын толық деп тапты. "Алаш ханға дейін қазақтар біртұтас ел әрі мемлекет болған жоқ, және басқа халықтар оларды осы дәрежеде бағалаған жоқ. Бөтен баланы басқарушы етіп тағайындай оырып, олар оның атын ұрыс кезінде әскери ұран ретінде бағалаған. Олар жауға осы ұранмен шабуыл жасауға серттесті. Ал, осы атты айтпайтын адам, туған әкесі болса да, жауындай өлтіруге рұқсат етілді. Сол кезден мынадай сөз қалған: "Алаш Алаш болғанда, Алаш хан болғанда, біздің үйіміз ағаш киіз үй болғанда, Алаштың аты біздің ұранымызға айналғанда, сонда біз үш жүздің балалары қазақ атандық..."

### Сұрақтар:

1. Алаша хан ол кім?
2. Алаша хан туралы қандай аңыздарды білесіңдер?
3. Алаша хан кесенесі орналасқан жер?
4. Алаша хан кесенесінің ерекшелігі?

### Көккесене



Көккесененің орны қазіргі Қызылорда облысы Сырдария өзенінің жағасына Төменарық теміржол стансасының солтүстік-шығысынан 5 шақырымдай және Сығанақтан оңтүстікке қарай 8 шақырым жерде, қазіргі Қожамберді ауылында орналасқан. Мамышбектің (Алып Мамыш, Алпамыс) жұбайы Баршын сұлудың (Гүлбаршын) қабіріне сажұқтар заманы сәулет өнерінің үлгісімен биік мұнаралы етіп салынған. Күйдірілген қыштан соғылған.

Көккесене күмбезі (мавзолейі), тарихи деректерге қарағанда, Баршын сұлудың кесенесі екендігін көрсетеді. Бұл жөнінде «Қазақ Совет энциклопедиясында» мынадай анықтама берілген: Көккесене – оғыз-қыпшақ заманында (XIV ғ.) Сырдария жағасына Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Төменарық стансасының солтүстік-батысында тұрғызылған сәулетті күмбез. Көккесене Қармыш (Қармыс – А.С.) байдың қызы, Мамыш

бектің (Алып – мамыш, Алпамыс) жұбайы Баршын сұлудың (Гүлбаршын) қабіріне селжүк – хорезмшах заманында сәулет өнері үлгісімен (биік мұнара) салынған. Академик Әлкей Марғұлан: «Оғыз елінің атақты бір қаласы – Баршынкент, - деп жазды. – Баршынкенттің тағы бір қызық тарихы ол қаланы Оғыз елін басқарған жеті данышпан қыздың бірі – Баршын сұлуға арнап салынғандығы. Қазақтар ол қаланы бергі кезге дейін «Қыз қала» деп келді, демек қызға арнап салды дегенді мегзейді». (Ә.Марғұлан. «Ежелгі жыр, аңыздар». Алматы. «Жазушы». 1985 ж. 196-197 беттер). Көккесененің астыңғы негізі берік етіп жасалып, оның үстіне бірінен-бірі биіктете үш барабан тұрғызылған. Орталық барабанда Михраб түрінде қуыстап келтіріп, үстіне сүйір мұнара орнатқан. Күмбездің аркасын жебенің үшкір басына ұқсатып, екі иығын өрнекті бағаналармен көмкерген. Қабырғаларын Алаша хан күмбезі секілді қыштан кілем өрнегі үлгісіне ұқсатып қалаған. Қазір бұл тамаша ескерткіш түгел қираған. Көккесенеге таяу жерде Баршын сұлудың әкімшілік орны бар. («Қазақ Совет энциклопедиясы» - Алматы. 1975 ж. 6-том. 2-бет). Хиуа ханы болған (1643-1663), араб, парсы, түркі тілдерін жетік білген шежіреші – тарихшы Әбілғазы (1603-1663 ж) да жазған еді. Ол – «Шежіре-и-Түрік» («Түрік шежіресі») және «Шежіре-и-Тарақима» («Түрікмен шежіресі») аты тарихи екі үлкен еңбек жазып қалдырған кісі. Осы «Түрікмен шежіресінде» ол қаланың Баршын аталуы Оғыз еліне даңқы жайылған жеті қыздың бірі – Гүлбаршын сұлудың атымен байланысты екендігін, ал Гүлбаршын (Қармыс байдың қызы, кей жырларда Байсары) Алпамыстың зайыбы болғандығын, оның сол кезде Сырдың жағасында Көккесене деген атпен белгілі екендігін жазады.

Көккесене жайлы аңыз-деректер көп. Көнекөз қариялардың айтуынша, бұрын түнемесіне үнемі күмбез жанында шырақ жанып тұратын. Өткен адамдар, құран оқып, зиярат етіп кететін дегенді айтады.

Көккесенені алғашқылардың бірі болып зерттеген Ақмешіт бекінісінің бастығы, Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің мүшесі, полковник В.А. Каллаур жазбалары бойынша, ғимараттың артқы бөлігінде сағана бар, еденнен төмен түсер ауызғы жағы тасқа толып бітеліп қалған. Сағана үстінен мұсылман әулиелерінің мазарларына тән жалаулы құлпытас орнатылыпты. Кастанье: «Каллаур анықтамаларына қарағанда, мавзолейді шашылған қыштан, қоқсықтан тазартушы, құлыптас орнатып, ту қоюшы бұл жерде Көккесене – Ата аты берілетін жаңа әулие орнын ашуға ойы бар Сығанақ шырақшысы болса керек», - деп түсінік келтіреді. Каллаур: «бұл байқаулар ғимараттың мавзолей екендігін көрсетеді», - дейді. Кейбір зерттеушілер В.А. Каллаур Көккесенеді екі рет (1898, 1901) болған деп көрсетеді. Дұрысында ол үш рет болған еді. Көккесенеге Каллаур аймақтық пристав Н.С. Масич екеуі 1900 жылы тағы да барған. Бұл сапарында оның ішкі қабырғаларынан арабша жазу тапқан. Оны кейін күмбездегі жазуларды жол көрсетуші кеңсе қызметкері Жайлыбаев көшіріп жазып алған. Сондай-ақ, Каллаурдың 1900 жылдың 7 ақпанындағы «Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі» хаттамасының қосымшасында «1219 жылы Шыңғыс хан әскері қиратқан Перовск уезіндегі ежелгі қалалар» атты мақаласы жарияланып, онда Көккесенеге де кеңінен тоқталған. Алғаш рет оның суретін беріп, «Бұл биік, күйдірген кірпіштен соғылып, көк түсті орнаментті әшекейлерімен көмкерілген ғимарат» деп жазды. Оның қалану әдісінің Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи мавзолейімен бірдей екендігіне назар аударған. (Прот. Турк. Кружка люб. Арх. 1901, 9-100). В.А. Каллаур екінші келген кезінде бұл үлкен порталды ғимарат біршама бүтін екен. Түркістан маңына беймәлімдеу өзіндік ерекшелігі бар күмбезі болғандығы құрылыс қалдықтарының өзінен-ақ анық байқалып тұрған. Шаршы қабырға сегіз қырлы, одан әрі он алты қырлы бөліктерге ауысып барып, күмбезге ұласқан. Күмбездің ішкі жағында айналдыра 5-6 қайтара жазылған арабша жазулары болыпты. В.А. Каллаурдың үшінші рет келуі жөнінде үйірме хаттамасының 1901 жылғы 2 желтоқсандағы санының қосымшасында жазған. Осы сапарында ол Көккесене күмбезінің артындағы астында табыт жатқанын анықтаған. Оған барар жол тастармен көміліп қалғандықтан, үстіне жаңа бейіт қойылған. Жанында жалауы болған. Сол белгілеріне



1. Көкесене туралы қандай аңыздарды білесіңдер?
2. Көкесене орналасқан жер?
3. Көкесененің ерекшелігі?

### Жошы хан кесенесі



Жошы хан кесенесі монғолдық жаулап алу кезеңіндегі қазақ сәулет өнерінің танымал, әрі көрнекті ескерткіштерінің бірі.

Ол Қарағанды облысы Ұлытау ауданында Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде орналасқан. Кесене 1227 жылы Шыңғыс ханның ұлы Жошы ханның моласында құрылған деп саналады. Сонымен бірге оны XIV немесе XV ғасырларды Жошы ұрпақтарының бірі салған деген пікірлер де бар.

Кесене тікбұрыш формасында жасалған. Композициясы бойынша бұл порталды-күмбезді ғимарат. Қабырғалары тегіс, порталдың ұзындығы 7,90м, ғимарат 30x30x6, 30x15x5, 25x25x6 мөлшерлі күйдірілген кірпіштен салынған. Сыртқы периметр бойынша кесене мөлшері - 9,5x7,0м ал ішкі периметр бойынша - 5,25x5,25м. Кесене аркасы жұмбақты, әрі әсем жасалған. Ғимарат екі күмбезді. Сыртқы күмбезі сақталмаған, бұрын ол сирек формалы 17-қырлы тармақты барабанға отырғызылып, тақтайшалармен және көгілдір әшекеймен әрленген. Кейін, қайта жаңартудан соң 2000 жылы күмбез қалпына келтірілді. Ішкі жартылай сфералы күмбез қыш ерітіндісіндегі орамды қатармен салынған. Кесене едені кірпіштерден қаланған. Интерьерге екі жақ бүйір камераларда орналасқан екі аркалық саңылау арқылы жарық түседі.

Кесененің пайда болу тарихы тек аңыздар арқылы белгілі. Ұлытау тауларының маңында Жошы ханның ордасы орналасқан. Ол тау бөктері далаларының әсем пейзаждарын жақсы көрген. Аңыз бойынша, хан өз өлімін осы жерден табады, аң аулап жүрген кезде өзі жаралаған ақсақ құлан ханды атынан түсіріп оң қолын шайнап тастаған. Бағынбағаны үшін хан өз әкесінің бұйрығымен өлтірілді деген де пікір бар. Кесенеде Жошының өзі жерленді деген аңызды кеңес археологтары жүргізген зерттеу нәтижелері растайды. 1946 жылы Жошы ханның мүрдесі қазып алынады. Мазарда оң буыны жоқ аз ғана жарылған бассүйегі бар сұлде табылды.

1982 жылы ескерткіш қорғалатындар тізіміне енгізілді. 2000 жылы кесенені қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. 2005 жылы Қазақстанда Жошы ханның кесенесі бейнеленген номиналы 500 теңге мерейтойлық монета шығарылды.

Орталық Қазақстанның Ұлытау ауданы ежелден көшпелі тайпалар басшыларының сүйікті мекені болған. Осы маң Жошы хан және оның ұлдарының еншісі болған. Жошы хан кесенесі (1228-1230) Қаракенгір өзенінің сол жағалауында, Жезқазғанның солтүстік шығысынан 55 км қашықтықта орналасқан. Автор, салушы және пайда болу тарихы белгісіз. Жергілікті халықтың арасында дәл осы маңда құпия жағдайда 1227 жылы аң аулап жүріп, Шыңғыс ханның ұлы Жошы хан қайтыс болған деген әңгіме сақталған.

Тарихшылар Рашид Ад-дин, Джузджани және басқалар ол әкесінің тапсырысымен өлтірілді деп есептейді. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы 1946 және 1973

жылдары зерттелген. Кесене тікбұрышты пішінді, сүйір аркасы бар портал. Композициясы бойынша екі күмбезі бар порталды-күмбезді құрылыс. Сыртқы сәнді күмбез көгілдір глазурь тақталарымен қапталған және сондай көк тақтамен қапталған он жетінші барабанда орнатылған. Ішкі жартылай сфералық күмбез шеңбер қатарлармен сұйықтыққа төселген. Қабырғалар тегіс, сыланбаған. Еденге шаршы кірпіштер төселген. Құрылысқа 30x30x6, 30x15x5., 25x25x6 өлшеміндегі кірпіштер қолданылды. Сыртқы периметр бойынша кесененің өлшемдері – 9,5x7,0м, ішкі бойынша– 5,25x5,25м. Жалпы биіктігі 8м. Кесене 2000 жылы қалпына келтірілген.

**Дереккөз:** [www.e-history.kz](http://www.e-history.kz)

**Сұрақтар:**

1. Көкесене туралы қандай аңыздарды білесіңдер?
2. Көкесене орналасқан жер?
3. Көкесененің ерекшелігі?

## Тектұрмас кесенесі



Тектұрмас — әлемдегі көне заман ескерткіштері сияқты ертедегі тарихи мұралардың бірі. Ол қарахандықтар, әулиеаталықтар, Манас, Айша бибі, Бабажан-қатын замандарында халықтың басын қосқан, жаудың бетін қайтарған орын. Ертедегі аңыз бойынша тектурмастан қашан болса да бір дыбыс шығып, әуен естіліп тұрады екен. Ол әуен, әсіресе, таң самалында күңіреніп күй тартады деседі.

Филология ғылымының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевтың айтуы бойынша Тектұрмас атаның әу бастағы қасиет тұтып қойған аты Сұлтан Махмұдхан екен. Тектурмасты Әулие ата бек болып қызмет атқаруға сарайына шақырады. Бірақ, ол бек болудан бас тартып, жеке, дара әулиелік жолға түседі. Бектіктен бас тартқандықтан, ел оны тектұрмас деп атап кетеді. Жұрт тектұрмас атаның мазарын қасиет тұтып, оның басына шырақ жағып, құрбандық берген.

Тағы да осындай жорамалдар баршылық. Біздің ойымызша, тектұрмас қандай да болмасын жеке тұлғаның есімі емес. Бұл орынның осылайша аталуы мынада: осындай бір халықтың жадында терең із қалдырған адамды жұрт әулие тұтатыны белгілі: осында келіп, мінәжат етеді, перзент көрмей жүргендер түнеп жатып, жалбарынып, Алладан перзент сұрайды, ауырғандар жазылып кетуін тілейді екен. Яғни бұл жер ешқашан адамсыз болмайды, тек тұрмайды.

Қарахан мемлекетінің патшасы Мұса 960 жылы Исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Содан бастап әлгі аты беймәлім тұлға бар ғұмырын осы жаңа дінді жергілікті түркі тілдес халықтар арасында таратуға, соны уағыздауға арнаған. Сондықтан да оның іс-әрекеті жұрттың жадында сақталған, оны әулие деп таныған. Дүниеден озғаннан кейін оның моласының үстіне XIII ғасырда сол қарахандықтардың билеушілері кесене орнатқан. Кесене Тараз қаласының шығыс жағында Талас өзенінің оң жағалауында төбе үстінде

орналасқан. Шамамен XIII-XIV ғасырларда салынған. Кесене 1935 жылы толық қирап қалған, ол тек 19 ғасырдың 80 жылдары түсірілген фотосурет арқылы ғана белгілі. Күйдірілген кірпіштен салынған, күмбезі болған, іргесі төртбұрышты басып келген. Кіретін арқа тәрізді қақпасы батысқа Тараз қаласына қарай қараған. Қазір оның орнына 2002 жылы ортағасырлық үлгідегі жаңа кесене салып, қалпына келтірілді. Кесене орналасқан төбеден төменде жатқан Тараз қаласының бар көрінісі жақсы көрінеді. Кесененің дәл қасында қазақтың ұлы батыры Мәмбет батырдың моласының үстіне салынған кесене бар. Тектұрмас – сәулеттік кешен, сондай-ақ зиярат ету орны болып табылады.

Тектұрмас кесенесі - Тараз қаласының оңтүстік-шығыс шетінде, Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан XIV ғасыр сәулетінің ескерткіші. Бұл өңірдің діни ескерткіштерінің бірі.

Кесене сәулетшісі мен құрылысшылары белгісіз. Кесене күйдірілген кірпіштен салынған күмбезді төртбұрышты ғимарат. Сүйір аркалы кіреберіс батысқа Тараз қаласына қарап тұр.

Кесене бұрышы пилястрмен аяқталады, қабырғаларда сылақ іздері бар. Г.А.Пугаченкова кесенені XIV ғасырға жатқызады. Орыс тіліне аударғанда «Тектұрмас» «тау жай тұрмайды» деген мағынаны береді. Кесене Сұлтан Махмұдханның жерленген орны болып саналады. Нұсқалардың бірі бойынша ол жергілікті әулие, басқасы бойынша – Қараханид әскерлерінің бас қолбасшысы. Ол исламның таралуына үлкен үлес қосқан. Құрылыстың нақты уақыты туралы деректер жоқ.

XIX ғасырдың соңында кесенені В.А.Каллаур зерттейді. XIX ғасырдың 80-жылдарындағы жалғыз фотосурет қалған. Кесене 1935 жылы қиратылады. 1939-1940 жылдары оның үйінділерін Г.И.Пацевич зерттейді. 2002 жылы, Тараздың 2000-жылдығына орай Амангелді Момышевтің бастамасымен кесенені қалпына келтіру жұмыстары басталды. Қайта жаңарту жұмыстарын жас сәулетші Нұрлыбек Бәкеев қолға алды. Кесене сақталып қалған ескі сурет бойынша қалпына келтірілді.

**Дереккөз: [www.culturemap.kz](http://www.culturemap.kz)**

### **Сұрақтар:**

1. Тектұрмас кесенесі туралы қандай аңыздарды білесіңдер?
2. Тектұрмас кесенесі орналасқан жер?
3. Тектұрмас кесенесінің ерекшелігі?

### **XVI-XVII ғасырлардағы дала сәулет ескерткіштері Қажы Талиға кесенесі**



Қажы Талиға кесенесі Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам елді мекенінде орналасқан. Кесене сол заманның белгілі адамы Қажы Талиғаның құрметіне салынған XVII ғасырдың дәстүрлі монументті сәулет ескерткіші. Осы кезге дейін кесененің бастапқы қалпын сақталмаған. Алғашқы оюлары жоғалған. Кесене көлемі 6400 x 6300 және биіктігі 7,2 м квадрат үлгісінде салынған. Қабырғалары гипсті қоспамен жасалған квадрат кірпіштермен қаланған. Кесененің барлық бұрыштарында доғал бағаналар бар. Оңтүстік фасадтың сылағында сары, көгілдір, қара түсті бояулы суреттер үлгісі сақталған. Кесене күмбезбен көмкеріліп салынған. Күмбез біртүрлі кірпішпен қаланып, сырты 1,1м кішкене күмбездермен аяқталады. Барлық периметрлері бойынша кесенеде екі ағаштан жасалған сейсмопояс бекітілген. 2009 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында, қайта қалпына келтіруден өтіп, жөнделген.

**Дереккөз:** <http://www.madenimura.kz/>

#### **Сұрақтар:**

1. Қажы Талиға кесенесі орналасқан жер?
2. Тектұрмас кесенесінің ерекшелігі?

### **Ибраһим ата кесенесі**



Ибраһим ата кесенесі – әйгілі уағызшы мазарына қойылған сәулет ескерткіші. Ақсу ауылы жолында Сайрам ауылының шетінде биік төбеде орналасқан. Алғашында кесене XVI – XVII ғасырларда салынған, бірақ ол құлап қалғаннан кейін XIX ғасырда қайта салынды. 50-жылдары қатты жер сілкінісі кезінде кесене күмбезі құлағаннан кейін басқа қалыпта қайта жасалды.

Ибраһим ата – атақты сопы Қожа Ахмет Яссауидің әкесі, діни көсем, әрі осы өңірлерге танымал уағызшы болған. XI ғасырда Сайрам ислам дінін тарату ошағы болды. Мұнда көптеген діни ұстаздар мен ғалымдар тұрды. Ибраһим ата текті отбасынан шыққан, табысты жер өңдеуші болды. Халық арасында оның әулиелігі мен уағызшы қабілеті жайлы аңыздар тараған. Ибраһим ата мұқтаж адамдарға көмектесіп, тақуалық өмір сүрді және мыңдаған ізбасарларға ислам дінін уағыздады.

Кесене бір камералы, шаршы түріндегі құрылыс. Ибраһим ата кесенесінің алаңы 7,2x7,2 м, ал ұзындығы - 8,25 м. Ғимарат бір орын-жайы бар екі деңгейлі болып келеді. Оңтүстік жағында кіреберіс, батыс жағында ағаш жақтаулы терезе орналасқан. Ішкі қабырғалары әрленген, еден кірпішпен қапталып үстінен цемент араластырылған балшықпен сыланған. 50-жылдары күмбез құлағаннан кейін кесене төбесі ақ жапырақты қаңылтырмен қапталып, ортасына сүйір ұшты мұнара орнатылды. Кесененің солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс бөліктерінде терең емес сүйір ұшты текшелері бар порталдар бар. Ұзақ уақыт бойы жолдың шетіндегі төбеде тұрған кесене қатерлі жағдайда болды. 90-жылдары жолды 20 метрге ауыстыруға және кесене негізін топырақ қатпарымен бекітуге қаржы бөлінді.

**Дереккөз:** [www.culturemap.kz](http://www.culturemap.kz)

## Сұрақтар:

1. Ибраһим ата туралы қандай аңыздарды білесіңдер?
2. Ибраһим ата кесенесі орналасқан жер?
3. Ибраһим ата кесенесінің ерекшелігі?

## Айқожа кесенесі



Айқожа кесенесі Қызылорда облысының Қармақшы ауданында орналасқан босағасы жоқ күмбезді ғимарат. Кесене Ташкент, Бұқара және Ауғанстанда насихат жүргізген танымал мұсылман тәлімгері және рухани ұстаз Айқожа ишанның (1773-1857 жж.) есімімен аталған. Туған еліне оралғанан кейін ишан ағартушылықпен айналысып, медресе ашады.

Қазіргі таңда кесене Оңтүстік Қазақстан тарихи объектілерінің ішінде XVI-XVII ғғ. мерзіміне жататын ең қызықты объект болып табылады

Сәулет жағынан кесене саз ерітіндісі негізінде кірпіштен қаланған сегіз қырлы күмбезі және кішкене терезелері бар тікбұрышты ғимарат. Бұл құрылыстың фундаменті ретінде кірпіш тұр, оның астына 20см тереңдікте тас бетон қойылған. Сырт жағынан фундаменттің жер асты биіктігі 50 см. Қалпына келтіру жұмыстары кезінде қиыршық тасты қалау жасалған, кейіннен ол жоғалып кетті. Қабырғаларының қалыңдығы орташа есеппен 1,4 м жетеді, жіктердің мөлшері – 5 см жетеді.

Кесене интерьерінің басты бөлшегі – сүйірленіп аяқталатын құлпытас – саған. Өрленген қабырғаларға ежелгі соғды және хорезмдік сарынды ою-өрнек түрінде жазу жазылған.

Айқожа кесенесі Қазақстанның маңызды мәдени назар аударарлық жерлер тізіміне кіреді. Ескерткішке бару үшін теміржол бекеті Бесарықтан жарты сағаттық жерде Жаңақорған ауданына автокөлік бағдарлары ұйымдастырылған.

Айқожа кесенесінің тарихи маңыздылығын ескере отырып, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен 1982 жылы кесенеге Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіш мәртебесі берілді. Бұл мәртебе бүгінгі күнге дейін күші бар.

## «Ақтас» мешіті

«Ақтас» мешіті Қызыл-Орда облысының Жаңақорған далалы ауданында орналасқан.

Құрылыс 27x14x6,5см және 26x27x6,5см және 1,5-2см қалың көлемдегі күйген кірпіштен салынған күмбезді құрылыс. Жоспар бойынша жан-жағынан 19x18,6м биіктігі күмбез ұшына дейін 19,5м. Көлемдігі квадрат ұқсас. Күмбез тіреліп тұрған қабырғалар арка болып салынған. Қабырғалары шикі сазбен сыланып ақталған. Құрылыс XVI-XVII ғасырларға жатады.

1984-1986 жылдары ескерткішке жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сазды лаймен кірпіш, қалаудың жекелеген жіктері цементпен бекітілді.

Пішіні төрт бұрышты етіп салынған күмбезді мешіттің биіктігі 10-12 м. Қасбеті шығыс жақта. Күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Мешіт күмбезіне 4 қырлы, 2 қабатты мойындық арқылы көтерілуге болады. Қабырғалары сәндік өрнектермен [әшекейленген](#). Кіре беріс жағында 3 биік, сәнді аркасы бар, ортаңғы аркадан мешітке кіретін есік жасалған. Солтүстік және оңтүстік жақтағы қабырғасына әшекейлі терезелер орнатылған; солтүстіктегі терезенің астыңғы жағында және бір есік бар. Мешіттің михрабы батыс жақтағы қабырғаның орта тұсында орналасқан. Солтүстік іргесіне жүргізілген қазба жұмысы барысында төрт бұрышты шағын бөлмелердің іргесі ашылды. Осыған қарағанда мешіт жанында медресе болған секілді. 1982 жылы Республикалық маңызы бар [тарих](#) және [мәдениет](#) ескерткіштері тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған.

### Асан - Ата кесенесі



Ескерткіш Қызыл-Орда облысының Шиелі ауданында 16 км-жерде орналасқан. 27x15x6,5см және 26x27x6,5см көлемді күйдірілген кірпіштен сазды лаймен салынған күмбезді құрылыс. Жоспарда тікбұрышты портал 3,8м тереңдікте, 6,98 жалпақтықты жалпы ауданы 7,06м биіктігі күмбез үстіне дейін 7,66м төртбұрышты құрылыс. Іштеріне арка арқылы салынған. Ішкі қабырғаларының беті цемент қосылған лаймен сыланған. Нысан пайдаланылуға берілді. Қызыл-Орда облысы Шиелі ауданындағы «Асан - Ата» кесенесіне реставрация жұмыстары аяқталды.

Асан ата күмбезі-қазақтың ақын философы Асан қайғыға арналып ХҮІ ғ. салынған архитектуралық ескерткіш. Ол порталды-күмбезді құрылысқа жатады. 1982ж. республика маңызы бар тарих және мәдениеті ескерткіштер тізіміне енгізілді.

Асан ата кесенесін Орталық Азияның барлық түркі халықтарының мұрасы деуге болады. Кесене Қызылорда облысы Шиелі ауданы Бәйгекүм теміржол бекетінен шығысқа қарай 5 км жерде орналасқан. Салынған уақыты – ХҮІ ғ. Ғимарат авторы белгісіз.

Әйгілі ескерткіш мемлекеттік қайраткер, ақын және фәлсафашы Асан Қайғы Сәбитұлына арналып салынған. "Қайғы" лақабы «сормандай» дегенді білдіреді, бұл ХІV ғасырдың соңында - ХV ғасырдың ортасында өмір сүрген танымал ақын тағдырының айқын көрінісі. Қазақ аңыздары бойынша Асан Қайғы саяхатқа көп шығатын, Қоқанд, Бұқара, Хиуа, тіпті қашықтағы қала Қашғарға барып қайтқан. Дала данасының басты фәлсафалық жолы халқын құрғақшылық, аурулар мен дұшпандар қорқыта алмайтын жерұйықты іздеу болды. Шығармашылық жолында жемісті болған Асан Жәнібек ханның сарайында жырау (ақылшы) ретінде ұстаздық еткен кезең.

Сәулет жағынан кесене ғимараты кіреберісі мен күмбезі бар ортағасырлық ритуалды имарат. Негізгі құрылыс материалы ретінде саз ерітіндісінде күйдірілген кірпіш қолданылған.

Күмбез және күмбез астындағы орын-жай 3,8 м және 6,98 м мөлшерлі берік тікбұрышты кіреберіске сүйенген. Жерден күмбез ұшына дейін ғимараттың ұзындығы 7,76 м. Күмбездің сегіз қырлы құрылысы бұрышты сүйірленген аркалардан тұрады. Кесененің ішкі интерьері цемент және саз ерітінділерімен әрленген қабырғалар.

Ақын Асанның қазақстандық құрметтеушілерінен бөлек кесенеге Орталық Азияның көптеген түркі елдерінің тұрғындары: өзбектер, қарақалпақтар, түрікмен мен қырғыздар келеді.

Келушілер үшін Бәйгеқұм теміржол бекетінен автокөлік бағдары ұйымдастырылған. Бұл ескерткіштің тарихи құндылығы кеңес кезеңінің өзінде ақ белгіленген - Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен 1982 жылы Асан ата кесенесі Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштер тізіміне енгізіліп, мемлекеттік қорғауға алынған.

Дереккөз: <http://www.madenimura.kz/>  
<http://culturemap.kz/>

#### **Сұрақтар:**

1. Айқожа кесенесі қайда орналасқан?
2. Асан ата ол кім боған?
3. Үш архитектуралық ескерткіштерді біріктіретін не?

### **Орта ғасырлық Қазақстан архитектурасы АЛҒЫС СӨЗ**

Қазақ жері өзінің тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрі мен әдет ғұрпымен ерекшеленеді. Ел мен жердің тарихын білу тарихта өткен қасиетті ата-бабалар әруағына тағзым етіп, олардың игілікті істерін еске алудан бастау алады. Ұлт тарихынан білімді болудың басты мақсаты – өткеннен тағылым алу. Осыған орай еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерін білу – біздің тарих алдындағы міндетіміз.

Әлемдегі әр ұлттың өз тарихында кие тұтатын мекендері бар. Ол жерлердің киелілігі сол халықтардың шығу ошағы мен ұлттық мәдениетінің ошағы, елдіктің ошағы болуына байланысты болса керек. Қазақ халқының тарихында осындай жерлер өте көп. Алтай мен Жетісу, Ұлытау мен Қаратау, Еділ мен Жайық, Ертіс пен Сыр, Маңғыстау, Түркістан мен Отырар – міне, қазақтың төл бесігі болған киелі мекендер. Бұл аймақтардың өз ішінде және кішігірім киелі орындары бар. Мысалы, айтар болсақ, оларға түркі әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, Арыстанбаб кесенесі, Қарашаш ана кесенесі, Ұлытаудағы Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Жамбыл облысындағы – Айша бибі кесенесі, Қарахан кесенесі, Бабаджа Қатын кесенесі, Маңғыстау өңіріндегі Шопан-Ата жер асты мешіті және тағы басқа да тарихи-мәдени ескерткіштер.

**Сәулет өнері ескерткіштері — оны жасаған қоғамның өмірі туралы аса бай ақпарат көзі. Өнердің және құрылыс техникасының ескерткіштері болуымен қатар, олар дәуірдің эстетикалық нормалары, идеологиясы туралы, ғылыми-техникалық мүмкіншіліктің дамуы туралы, мәдени қарым-қатынастар туралы, құрылыс қолөнерінің ұйымдастырылуы мен деңгейі туралы айқын түсінік береді.**

Н.А.Оразақынованың “Сатылай кешенді талдау” технологиясы негізінде жазылған оқу құралы Қазақ елінің орта ғасырдағы ұлттық мұрамыз, яғни тарихи-мәдени ескерткіштеріміз қамтылады.

Мәдени мұраны игеру – халықтың тарихи жадының негізі, онсыз шынайы патриотизм болмайды.

## Сәулет өнері




### Тапсырма:

1. Архитектура деген не? Архитектура қай тілден енген сөз?
2. Кесене кімге арналған?
3. Діни құрылыстар қашаннан бастап салынды?
4. Діни құрылыстардың салынуына не себеп болды?
5. Орта ғасырлардағы құрылыстар қандай материалдардан салынды?

## 6. Қазіргі заман сәулет өнері мен өткен ғасырлардағы сәулет өнері айырмашылығы неде?


### Тұрғын үй архитектурасы



### Тапсырма:

1. Оқу құралында берілген «Отырықшы халықтардың баспаналары» тақырыбын сатыла.
2. Қазіргі заманғы тұрғын үй мен өткен ғасырлардағы үйлердің айырмашылығын анықтап, келешекте қандай болатынын жобасын әзірле.

### Дың ескерткіштері



→ **1. Анықтама.** Ислам дініне дейінгі қазақ жерінде сәулет құрылысының бір түрі → өңделмеген тақтатастан қаланған, шеңберлі құрылыстар атауы.

→ **2. Тану.**

→ 2.1. **Хронологиясы:** VI-IX ғ.ғ.

→ 2.2. Құрылыстың бұл түрінің көп сақталған жерлері → Орталық Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай, Маңғыстау.

→ 2.3. Ғимараттың бұл түрі VIII ғасырдағы Қимақ хандығы мен Қарлұқ қағанаты кезінде басым болған.

→ **3. Ерекшелігі:**

→ 3.1 құрылыс жүйесі киіз үйге ұқсас діни құрылыс;

→ 3.2 қаза болған адамды жерленген жерге тұрғызылатын құрылыс;

→ 3.3 Ол жерлерге қазба жұмысы жүргізілгенде, мәйіт жанына қойылған мал сүйектері және о дүниеде қажет болады деп бірге көмілген құрал-сайман, қару-жарақтар табылған.

→ **4. Ескерткіштері:**

→ 4.1. **Екідың орналасуы** → [Қостанай облысы Амангелді ауданы](#) Екідың ауылынан солтүстікке қарай, Қараторғай өзенінің екі жағалауына орналасқан → Екеуінің ара қашықтығы 4 км. Біріншісі (Дың-1) Екідың ауылынан шығар жол жиегінде, өзеннің сол жағында, ал екіншісі (Дың-2) өзеннің оң жағындағы төбешіктің басына тұрғызылған.

→ 4.2. **Хронологиясы** → Екідың VIII-IX ғасырлардан сақталған [сәулет өнері](#) ескерткіштері.

→ 4.3. **Құрылысы** → Іргетасынан бастап шеңберлене қаланып, жоғары көтерілген сайын бүрмелеп өрілген. Біріншісінің биіктігі 3,1 м, екіншісінің биіктігі 3,7 м. Есік ойықтары шығысқа қаратылған. Құрылысқа жергілікті табиғи тақтатастар пайдаланылған. Дыңдардың диаметрі 5 м.

→ 4.4. **Зерттелуі** → Ескерткішті 1959 жылы [Ә.Марғұлан](#) жетекшілік еткен ғылыми экспедиция зерттеген.

→ 4.5. **Қорытынды** → Екідың [Қазақстанның](#) республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген (1982).

**Тапсырма:** Дың ескерткіштері Қазақстанның қай бөлігінде тағы табылған? Өз зерттеу жұмысын жүргізіп, анықта.

**Ақбешім, Суяб будда ғибадатханалары**

→ **1. Анықтама:** Ғибадатхана дегеніміз діни рәсімдер өтетін ғимараттың атауы.

→ **2. Тану.**

→ 2.1. **Хронологиясы** → VII ғасырдың аяғы – VIII ғасырдың басы.

→ 2.2. **Зерттелуі** → 1953-57 жылдары қаланың негізгі бөліктерінен оңтүстікке қарай бір-бірінен 250 м қашықтықта орналасқан екі будда ғибадатханасы табылды.

→ **3. Бірінші Ақбешім ғибадатханасы**

→ 3.1. **Көлемі** → 76x22 м.

→ 3.2. **Құрылысы** → мінәжат ететін орын мен галереядан тұрады. сегіз бағаналы залдың төбесі тегістеліп жабылған.

- 3.3. *Сипаты:*
- 3.3.1. Тұрғылықты және шаруашылық мақсатындағы қақпалы құрылыстар орналасқан;
- 3.3.2. Кішкене шіркеу қосылған;
- 3.3.3. Дәліздің қабырғаларын бойлай жасалған тұғырлар мен сәкілерінде мүсіндер қойылған.
- 3.4. Табылған заттар→Мінәжат орнының еденінен иконостастың Будда бейнеліп, алтын жалатылған қаңылтырлар.

**4. Ақбешімдегі екінші ғибадатхана.**

- 4.1. *Көлемі*→38х38 м.
- 4.2. *Құрылысы*→ мінәжат ететін орын мен целладан тұрады.
- 4.3. *Сипаты*→ мінәжат ететін орны мен дәліздердің қабырғаларында мүсіндер қоюға арналған қуыстар бар, қабырғалар сурет салып әшекейленген.
- 4.4. *Табылған заттар*→Қыш мүсіндердің қалдықтары ішінен будда пантеонының әр түрлі кейіпкерлері, соның ішінде Будда, бодисатва, докшита мүсіндері.

**5. Қызылөзеннің бірінші ғибадатханасы.**

- 5.1. *Хронологиясы*→IX-X ғасырлар.
- 5.2. *Ерекшелігі:*
- 5.2.1 Айналма дәлізі бар целла мен оңтүстік-шығыс жағы ашық залдан тұрған.
- 5.2.2 Ортадағы мінәжат ететін орнының көлемі→шағын (3,2×3,2м).
- 5.2.3 Қабырғаларына көгілдір, қоңыр және қызыл бояулармен сурет салынған.

**6. Қызылөзеннің екінші ғибадатханасы**

- 6.1. *Хронологиясы*→IX-X ғасырлар.
- 6.2. *Ерекшелігі:*
- 6.2.1 Жоспарлануы жағынан бірінші Ақбешім ғибадатханасына ұқсайды.
- 6.2.2 Мінәжат орны күрделі мүсіндік композициялармен безендірілген.
- 6.2.3 Батысындағы дәлізде «Нирвандағы Будда» мүсіні боялған (басы мен денесінің бір бөлігі сақталмаған)→ Мүсін қызыл түске боялған→Будданың матамен қатпарланып әсемделген киімі де қызыл түсті.

**Тапсырма:**

1. Будда ғибадатханаларының басқа ғибадатханалардан ерекшелігі қандай?
2. Қазақстанға буддизмнің таралу тарихын қарастыр.
3. «Қазақстандағы ғибадатханалар» туралы баяндама әзірлендер.

**Сардоба**

1. **Анықтама:** «Сардоба» («парсыша» -су сақтағыш) – су құрылысы нысанының аты →құдық үстіне салынған құрылыс.

**2. Тану.**

- 2.1. *Хронологиясы*→VI – IX ғ.ғ.
- 2.2. *Зерттелуі*→М.Е. Массон 1948 ж. «Орта Азия климатының өзгеріске ұшырауының салдарынан тарихи кезеңде су жүйесінің

өзгеру мәселесі» атты зерттеуі.

2.3. *Орналасуы*→Мырзашөл

2.4. *Құрылысы*→Бұл әуіттердің үсті қышпен өріліп күмбезбен жабылған. иленген балшықтан құрылады. Сырт пішіні [киіз үйге](#) ұқсас, төбесі күмбез тәрізді.

2.5. *Қызметі*→Қыста қар, мұз жинап сақтап, жазда ауыз суға пайдалану үшін және ыстық күнде құдықтағы судың жылымауы үшін жасалған.

### 3. Мырзабат сардобасы.

3.1. *Орналасуы*→[Гүлстан қаласынан](#) оңтүстік-батысқа қарай 30 шақырым жерде, [Мырзашөл даласында](#) орналасқан ([Өзбекстан](#)).

3.2. *Құрылысы:*

3.2.1. Ғимарат табанының диаметрі→ 12 м, биіктігі→ 8 м.

3.2.2. Сырт пішіні→ киіз үйге ұқсас→ бүйірінде күмбезге кіріп-шығуы және іші бір қалыпты салқын болып тұруы үшін бірнеше ойықтар жасалған.

3.2.3. Тұрғызылған материал→ күйдірілген қызыл кірпіш.

3.3. *Қызметі*→шөл далада су сақтау, ыстық күнде құдықтағы судың жылымауы үшін тұрғызылған.

### Тапсырма:

1. Қазақстанның қай бөлігінен жаңа сардобалар табылды?
2. «Сардоба» сөзіне сөзжұмбақ құрастыр.
3. «Якка сардобасы» тақырыбын сатыла.

### Ақыртас сарай кешені

1. **Анықтама:** Ақыртас – археологиялық кешен, қызыл құмтастың батпандай блоктарынан тұратын төртбұрышты (205x185м) құрылыс.

### 2. Тану.

2.1. *Хронологиясы*→VIII – IX ғ.ғ.

2.2. *Орналасуы*→қазіргі Тараздың шығысында 40 км жерде, Ақшолақ теміржол стансасынан 6 км оңтүстікте, Қырғыз Алатауының етегі.

2.3. *Құрылысы:*

2.3.1. Ақыртас ғимараттан 400 метр жерде алынатын тас пен балшықтан салынған→қызыл құмтастың батпандай блоктарынан тұратын төртбұрышты (205x185м) құрылыс.

2.3.2. қабырғаларының қалыңдығы→ 3,5 метрден 5 метрге жетеді.

2.3.3. Ғимарат негізінің биіктігі → 4 м.

2.3.4. Құрылыс төрт бөліктен тұрады → ортасында ішкі ауласы, екі су қоймасы – хауыздары бар бас кіреберіс орналасқан. Сарай құрылысынан басқа Ақыртас кешені құрамына қаладан тыс жатқан жеке үйлер, бекініс, саябақ, тас шығаратын карьер, саз карьері кірді.

### 3. Зерттелу тарихы:

3.1. М.С.Знаменский→1864 жылы алғашқы рет М.Г.Черняевтің әскери экспедициясы құрамында зерттеген;

3.2. П.И.Лерх→блоктардың жекелеген өлшемдерін жүргізіп 1222 жылы даос тақуасы Чан Чун қалдырған деректермен салыстыра отырып ескерткіштің жалпы сипаттамасын берді.

3.3. Д.Л.Иванов→құрылыс пен тас қашалатын орынның жоспарын сипаттап, қабырға блоктарын суреттеп, Ақыртастың тарихи маңыздылығына баға берді.

#### 4. Экспедициялар:

4.1. 1936 ж. Ақыртас қирандыларында КСРО ҒА мен ММЗИ Қазақ филиалының археологиялық экспедициясы (А.Н.Бернштам) болды.

Сол кезде обалар қазылған болатын.

4.2. 1940 және 1945-46 жж. Ақыртасты Г.И. Пацевич зерттеді.

4.3. 1945 ж. ескерткіште ҚазКСР МК жанындағы архитектура ісінің Басқармасы өлшеу жұмыстарын жүргізді. Материалдарын 1950 ж. Т.К.Басенов жариялап, солтүстік қасбетте мұнаралар барын анықтады, Ақыртас жоспары түзетілді.

4.4. 1992 ж. жоспарлы зерттеуді проф. К.М.Байпақовтың басшылығымен басталды.

4.5. 1996 ж. француздармен бірлесіп беделді қазақстандық ғалымдар жүргізілді. Сол жылдың жаңалығы → мешіттің табылуы → Ақыртас брахман ғибадатханасы немесе несториан монастырі болған деген болжамдарды жоққа шығаруға мүмкіндік берді → құрылыс VIII ғасырдың ортасынан бұрын салынбағанына ғалымдардың көзін жеткізді.

4.6. 1998-1999 жылдары сарай кешенінің жанынан кішігірім керуен-сарай (XIII ғ.) табылды.

4.7. 2006 ж. Ақыртас сарай кешенін қайта қалпына келтіру жұмыстары аяқталды.

#### Тапсырмалар:

1. Ақыртас сарай кешенінің сызбасын жаса.

2. «Орта ғасырлық сарай кешендері» тақырыбы бойынша баяндама дайындап, өзін қызықтырған сарай кешенді сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.

#### Қала құрылыстары

1. **Анықтама:** Қала құрылысы - қала салудың жоспарлы теориясы мен оның іске асуы; қоғам өмірінің материалдық ортасын ұйымдастыруға арналған архитектуралық қызметтің ғылыми-тәжірибелік түрі.

#### 2. Тану.

2.1. *Хронологиясы* → XI–XII ғ.ғ.

2.2. *Орналасуы* → Сырдария алқабында, Шу мен Талас аңғарларында, Солтүстік - Шығыс **Жетісу** өлкесінде және **Орталық Қазақстан** өнірінде дамыған.

2.3. *Құрылысы:* Бұл кезеңнің қалалары 3 жеке құрылымнан тұрды:

2.3.1. Камал → қаланың орталық бөлігі.

2.3.2. Шахристан → діни ғимараттар, базарлар, ақсүйектердің, әкімдердің, ірі қолөнершілер мен саудагерлердің тұрғын үйлері тұрғызылған бөлігі.

2.3.3. Рабат → ұсақ қолөнершілер, саудагерлер, кедейлер тұратын бөлігі.

#### 3. Ерекшелігі:

3.1. Құрылысқа ғаныш ерітіндісін қосып күйдірілген кірпішті қолдана бастауы → ғимарат төбесі құралымын жетілдіруге, үйлердің аумағын ұлғайтуға жағдай туғызды.

3.2 Шаршы пішінді күмбездердің іргесі дөңгелек пішінді күмбездерге ауысуы → ғимараттардың құрылымында сегіз қырлы барабандар пайда болды → Олар ғимараттың шаршы пішінді төменгі аумағының күмбездерге ауысуын оңайлатты.

3.3. Қазақстандағы қалалардың құрылымы мен дамуы Орта Азия қалаларына тән сұлбалық типтен өзгешелігі→Орта Азия қалалары: аумақтық жағынан нақты шектелген цитадельден, жеке адамдарға тиісті шаһристаннан, қала маңырабадтар мен зираттардан тұрса, Қазақстан қалаларында бұл үйлесімділік сақталмаған.

#### 4. Елді мекендердің негізгі түрлері:

4.1. Қағандардың қалалық мекендері ордалары

→ Ордакент, Сұяб, Қойлық, Баласағұн;

4.2. Керуен жолындағы қалалық мекендер→ Исфиджаб, Тараз, Отырар;

4.3. Сауда-қолөнерлік қалалар→Сығанақ, Құмкент, Созақ;

4.4. Феодал-аксүйектердің жекелеген қамал-қорғандары мен жекелеген мекендерді өзара байланыстыратын орындар ретінде керуен-сарайлар→Ақыртас, Баба ата, Ақ Сүйек;

4.5. Ауыл шаруашылығы қоныстары.

#### 5. Солтүстік-шығыс Жетісу «төрткөлдерінің» үш тобы:

5.1. Антоновка, Дүнгене, Шілік→ аумағы 30 га-дан асатын қалалар.

5.2. Талғар, Сүмбе, Ақмола→ аумағы 10 га-дан 30 га-ға дейін жетеді.

5.3. Алматы, Лавар, Қапал, Бояулы, Ақтам, Арасан→аумағы 10 га-ға да жетпейді.

#### Тапсырмалар:

1. Өзін тұратын қаланың тарихын біліп, сатылай-кешенді технологиясы бойынша сатыла.

2. Орта ғасырлық Қазақстан қалалары мен Еуропаның қалаларын салыстырып көр.

3. «Қазақстанның ортағасырлық қалалары» тақырыбы бойынша баяндама дайындап, өзін қызықтырған қалаңды сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.

#### Шығыс моншасы

1. **Анықтама:**Монша→ағзаны тазарту мен сауықтыру орны→«Монша» сөзі грек тілінен аударғанда « ауруды қуамын» деген мағынаны білдіреді.

#### 2. Тану.

2.1. *Хронологиясы*→XI–XII ғ.ғ.

2.2.*Орналасуы*→Отырар, Тараз, Түркістан.

#### 3. Отырар моншасы.

3.1. *Көлемі*→11,5x16,5 м.

3.2. *Монша саны*→2.

3.3. *Бөлмелері*→шешінетін, тынығатын кең бөлмелер, шомылатын залдар, пештің, оттығының үстіне орналастырылған шабынатын бөлмелер, оттық және су құятын бөшекелері бар бөлме→кір жуатын орын→тікбұрышты, екі бөлмелі, көлемі 4x14,5 м.

3.4. *Суландыру жүйесі*→ сумен жабдықтаған құдықтың орны→қабырғалары күйген кірпішпен қапталған→Сарқынды су моншадан құбыр жолы арқылы үйдің сыртындағы су сіңіргіш шұңқырға ағызылған.

3.5. *Жылыту жүйесі*→ моншаны қыздыру үшін еденнің астындағы жылу өткізгіш каналдар жүйесі қолданылған.

#### 4. Тараздағы бірінші монша.

4.1. *Тапқан археолог*→1939 ж. археолог А.Н.Бернштам.

4.2. *Монша саны*→2.

4.3. *Көлемі*→ 13,4x12,4 м.

- 4.4. *Бөлмелері*→7→ киім шешетін бөлме→екі орындық пен пештің калдығы табылды→бөлмелердің қабырғалары геометриялық пеншөп тәрізді өрнектермен безендірілген.
- 4.5. *Суландыру жүйесі*→Талас өзеннен арнаулы шығыршақ арқылы су сақтайтын қоймаға құйылып, су құбырларымен ағзылғандығын айғақтайды → жеткілікті мөлшерде су болмай қалған кезде суды қабырғалары тастан өрілген құдықтан алатын.
- 4.6. *Жылыту жүйесі*→ Монша ыстық өткізетін каналдар жүйесімен жылытылған.
- 5. Тараздағы екінші монша.**
- 5.1. *Табылды*→1970 жылы.
- 5.2. *Көлемі*→10,5x10м. төртбұрышты, қабырғаларының биіктігі 1,5 м-ге жуық, қалыңдығы 90 см күйдірілген кірпіштен қаланған.
- 5.3. *Бөлмелері*→1-ші бөлме шешінетін орын→2-3 бөлмелер жуынуға, бұға түсуге немесе массаж жасауға арналған→2-3-ші бөлмелердің астында жылу жүретін жолдар бар.
- 5.4. *Суландыру жүйесі*→лас су жүретін құбырлар тізбегі →тастан қаланған құдыққа құйылған.
- 5.5. *Жылыту жүйесі*→еден астындағы жылу құбырлары→ыстықтың көп сақталуы үшін оттың жүретін қуыстардың астына қиыршық тастар төселген.

### Тапсырма:

- Ортағасырлық Еуропа моншалары мен Шығыс моншаларын салыстыр. Қандай өзгешіліктер мен ұқсастықтарын байқадың?
- «Түркістан моншасы» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.

### Мешіттер


- 1. Анықтама:** Мешіт (арабша: масджид) – мұсылмандардың Аллаһ Тағалаға ғибадат ететін ғимараты, яғни, имандылық үйі.
- 2. Тану.**
- 2.1. *Хронологиясы* → XI – XII ғ.ғ.
- 2.2. *Деректер* → Араб тарихшысы әл-Макдиси → «негізі мешіттер мұсылмандардың санының көбеюіне байланысты салынғаны анық»
- 3. «Шакпак-Ата» жер асты мешіті.**
- 3.1. *Орналасуы* → Түб Қараған түбегінде, Форт-Шевченко қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 20 астам шақырым жерде.
- 3.2. *Хронологиясы* → IX – X ғ.ғ.
- 3.3. *Негізін салушы* → Шахмардан → Шопан атаның екі ұлы болған: Шахрух ата (Шағырық ата) және Исан ата → Шахрухтың да екі ұлы болған: Қапаш ата (Қапан ата) және тастан отты оңай шығару, жауды отпен күлге айналдыру қабілетіне ие болғаны үшін Шақпак ата деп аталған Шахмардан.
- 3.4. *Құрылысы* → төрт камерадан құрылған → құрылыстың күмбезі киіз үйдің құрылысына ұқсатылған, ал оның орталығында дөңгелек терезесі тесіліп шығарылған → Тас үңгірде бірнеше бөлме бар → Күмбездің орталық бөлігінде зермен безендірілген жарық құдығы бар.
- 3.5. *Безендірілуі:*
- 3.5.1. Мешіт жайларының және бетше босағаның, жерлеуге арналған текшелердің қабырғалары түрлі уақыттың жазулары, жылқы, салт аттылардың, бұқалардың, өсімдік өрнектерінің пішіндік бейнелері.

- 3.5.2. Жазулар арасында осы дүниенің өткіншілігі мен өмірдің қысқалығы жайында сопының өлеңі.
- 3.5.3. Жартастағы алақандардың бейнелері.

**Тапсырма:**

1. Исламның мәдениетке тигізген әсері: а) «Ислам және сәулет өнері»; б) «Ислам және бейнелеу өнері»; в) «Ислам және рухани дүние» тақырыптарына баяндама жаса.

**Бегім-Ана кесенесі**

- 
- 1. Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.
- 2. Тану.**
- 2.1. *Хронологиясы* → XI ғ.
- 2.2. Орналасуы → Қызылорда облысы Арал ауданы Жаңақұрылыс Ауылынан оңтүстікке қарай 35 км. жерде.
- 2.3. *Деректер* → Архитектор, сәулет өнері ғылымының профессоры М.М. Мендікұловтың пікірі: «Құрылыстың үлкен биіктігі мен күмбездің астындағы арнайы алаңнан қалған орын оны күзету мақсатында жасалғандығын көрсетеді, бірақ оның кесенеге айналуы айтарлықтай кешірек болуы да мүмкін сияқты».
- 2.4. *Зерттелуі* → 1979 жылы [Қазақстан](#) Тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының экспедициясы (жетекшісі Ә.Оспанов).
- 2.5. Бегім Ана → [Қарабура](#) әулиенің қызы, [Салжұқ](#) мемлекетінің ханы Санжар сұлтанның әйелі.
- 2.6. *Құрылысы* → сегізқырлы пирамида, биіктігі → 10,5 м, жалпы көлемі → 1/4 биіктікті құрайды, ені → биіктіктің 2/3-ін құрайды.
- 2.7. *Сақталу деңгейі* → төменгі бөлігі күні бүгінге дейін өзін сақтап қалған.
- 3. Ерекшелігі:**
- 3.1. Мұнаралы кесене → әрі кесене, әрі күзетуші мұнара
- 3.2. Қабаттарының қалдығында шатырлы бүркенділердің кездеспеуі.

**Тапсырма:**

1. Қандай «мұнаралы кесенелерді» білесің?
2. «Мұнаралы кесенелер» қай мемлекеттерде кең таралған?

## Бабаджа қатын кесенесі

**1. Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

### 2. Тану.

2.1. *Хронологиясы* → X ғасырдың соңы, XI ғасырдың басы

2.2. *Орналасуы* → Тараз қаласынан 18 км жерде, Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Айша Бибі ауылы.

2.3. *Деректер* → Күйдірілген тақтастардан жасалған жақтауда жазудың бөлігі сақталған → А.М. Беленицкий, М.Е. Массондар оқып, қағазға түсірген жазудың мағынасы → «Бұл таңғажайып мазар Абаджа-Қатынның (немесе Бабаджа-Қатын) мазары, (оны салған ... Ильханшах... сәулетшінің аты – Мұхаммед».

2.4. *Зерттелуі* → 1938–1939 жж. А.Н. Бернштам тексеріп шықса, 1953ж. Т.К. Басенов детальды түрде өлшеп шыққан

2.5. Бабаджа-Хатун → Айша Бибінің күтушісі кесененің сақтаушысы.

#### 2.6. Құрылысы:

2.6.1. Құрылыс төртбұрышты жобада, ішкі жай 4,45×4,45 м. мөлшерінде, ал сыртқы қоршауы 6,78×6,78,

2.6.2. Қос күмбезбен бүркелген: ішкісі жартылай сфералы, қырлы; сыртқысы – пирамидалы-шатырлы, қатпарлы.

2.6.3. Барлық сәулеттік детальдары II-көрінісіндегі шекпен көмкерілген. Көмкерудің үстінде және жоғары бойлай көпқырлы дағыралы шатыр қос қатар қойылған кірпіштермен қатпарланып, нақышталған белдеушемен өтеді.

2.7. *Сақталу деңгейі* → 1982 жылдан бастап Кесене сәулет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекеттің қорғауына алынды → 2002 жылы Бабаджа-Хатун кесенесінде реставрациялау жұмыстары жүргізілді, күмбез зерттеліп, бүкіл құрылыс іргетасының негізі нығайтылды.

2.8. *Безендірілуі* → жалған арка тәріздес жалған терезелермен және қуыстармен безендірілген.

### 3. Ерекшелігі:

3.1. Құрылыс жұмысының биік деңгейлі сапалылығы,

3.2. Әшекей-нақыштардың шектеулілігі,

3.3. Ғасырлар бойы сақталып қалуымен айрықша.

3.4. Қолшатыр секілді бүркелген күмбез түрі қазіргі ортаазиялық сәулетте өзінің тікелей баламасы мүлде жоқ.

### Тапсырма:

1. «Бабаджа-Қатын кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
2. Бабаджа-Қатын кесенесінің құрылысын сызып, әр элементіне тоқтал.

## Айша бибі кесенесі

**1. Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

### 2. Тану.

2.1. *Хронологиясы* → XI ғасырдың соңы, XII ғасырдың басы

2.2. *Орналасуы* → Тараз қаласынан 18 км жерде, Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Айша Бибі ауылы.

2.3. *Зерттелуі:*

- 2.3.1. Кесенені алғашында зерттеулер жұмысын 1893 жылы орыс археолог зерттеушісі Василий Бартольд жүргізді;
- 2.3.2. 1897 жылы В.Каллаур;
- 2.3.3. 1938-1939 жылдары А.Бернштам бастаған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы;
- 2.3.4. 1953 жылы Қазақстан Ғылым академиясының экспедициясы зерттеген.

2.4. Айша Бибі → орта ғасырда өмір сүрген ару қыз → XI ғасырдың танымал ғалымы мен ақыны Хәкім Сүлеймен Бақырғанидің қызы → тарихтан белгілі Қараханның әйелі.

2.5. Құрылысы:

2.5.1. Пішіні шаршыланып біткен → ауданы 7,6 x 7,6 метр → бұрыштары бағана тіреулер арқылы көтерілген.

2.5.2. Кесене ортасында құлпытас (3 x 1,4 м) орнатылған.

2.5.3. Кесене қабырғалары (қалыңдығы 80 см) үш бөліктен:

2.5.3.1. күйдірілген кірпіштен қаланған ішкі жағынан;

2.5.3.2. оймыш әшекейлі плиталармен қапталған сыртқы жағынан;

2.5.3.3. саз балшықпен және жарамсыз плиткалардың сынықтарымен толтырылған қабырға.

2.6. Сақталу деңгейі → 2002 жылы кесенені және саябақты қалпына келтірген Нисан Рамето .

2.7. Безендірілуі → Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған.

### 3. Ерекшелігі:

3.1. Құрылыс жұмысының биік деңгейлі сапалылығы,

3.2. ЮНЕСКО сарапшыларының бағалауынша өн бойы өрнекпен өріліп, айшықпен көмкерілген;

3.3. 60-тан астам түрлі оюлармен безендірілген терракот кірпіштер сыртқы жапсырма емес, қабырғалық материал болып өрілген әлемдегі жалғыз мұра;

3.3. Ғасырлар бойы сақталып қалуымен айрықша.

### Тапсырма:

1. «Айша бибі кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
2. Айша бибі кесенесінің құрылысын сызып, әр элементіне тоқтал.

### Қарахан кесенесі

1. Анықтама: Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

### 2. Тану.

2.1. Хронологиясы → XI ғасыр

2.2. Орналасуы → Қазіргі Тараз қаласының орталық бөлігінде Төле би мен Байзақ батыр көшелерінің қиылысы.

2.3. Деректер:

2.3.1. 1939 жылы Б.П. Денике жариялаған 1850 жж. фотография;

2.3.2. И.А. Кастанье кесене туралы пікірі.

2.4. Зерттелуі:

2.4.1. Кесенені алғаш рет зерттеген орыс ғалымы, өнертанушы Борис Денике → Кесене туралы мәліметті «Архитектурный орнамент Средней Азии» атты еңбегіне енгізді.

2.4.2. М.М. Меңдіқұлов пен Т.К. Басенов көрсеткендей, кесене Қарахан әулетінің негізін құрушының моласының басына орнатылған.

- 2.5. Ши-Махмуд Бұғра Қарахан → Қарахан әулетінен шыққан → Тараз билеушісі → Аңыз бойынша Айша бибіге ғашық болып, оның қайғылы қазасынан кейін кесене салуға бұйрық берген билеуші.
- 2.6. *Құрылысы:*
- 2.6.1. Құрылыс шаршы формасында және порталды-күмбезді.
- 2.6.2. Кесененің ішкі құрылысы → 4 бұрышты
- 2.6.3. Кесенеде 4 орын-жай → орталық зал және үш бұрыш залдар.
- 2.6.4. Ортаңғы бөлменің төбесі киіз үйге ұқсатып салынған → Бөлменің нақ ортасында оңтүстен солтүстікке қаратылған қабір бар → Ішкі жағы бұрынғы кірпіштермен қаланған.
- 2.6.5. Шет жақтарында мұнаралар орналасқан.
- 2.7. *Сақталу деңгейі :*
- 2.7.1. XI ғасырда салынған кесененің 4 қабырғасы мен жылтыр кірпішпен өрнектелген қос мұнарасы XIX ғасырдың 90 жылдарына дейін сақталған. Оның күмбезі ғана құлаған.
- 2.7.2. 1905 жылы оның құлаған бөлігін түгелдей бұзып алып, орнына 1906 жылы жаңа кесене салған → Ташкент ишамы Саид Бахманов салдырған.
- 2.7.3. 1982 жылы мемлекеттік қорғауға алынды.
- 2.8. *Безендірілуі* → Ғимаратты әрлеу үшін басында мүсінді кірпіштің 30 түрі қолданылған.

### 3. Ерекшелігі:

- 3.1. 1902 жылы Ресей империясындағы ең тамаша сәулет ескерткіші ретінде танылды.
- 3.2. Кесене 30 түрлі кірпіштен салынған.
- 3.3. «Жамбылдың жеті ғажайыбы» атты тізімге енеді.

**Тапсырма:** «Қарахан кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.

### Жұбан ана күмбезі

1. **Анықтама:** Күмбез → төбесі күмбезбен жабылған мазар → (араб.: «күмбағ», парсыша: «гомбәд» - тәңкерілген аспан, дөңес шатыр) — жалпы жобасы шеңберленіп келген ғимараттар мен құрылыстардың төбесін жабуда қолданатын конструкциялық элементтердің бір түрі.

### 2. Тану.

2.1. *Хронологиясы* → X- XI ғ.ғ.

2.2. *Орналасуы* → Қарағанды облысы Жанарқа ауданы.

2.3. *Деректер:*

2.3.1. Алғашқы жазба дерегі 1762 жылы жарияланған П. И. Рычковтың «Топорграфия Оренбургская» еңбегінде табылған.

2.3.2. Тұңғыш болып жобаны түсірген және кесенені сурет етіп салған 1863 ж. Ш. Уәлиханов.

2.3.3. С.Б. Броневский, А.И. Левшин (1830), А.К.Красовский (1868), И.А. Кастанье (1910) жазған.

2.4. *Зерттелуі:*

2.4.1. 1946ж.Қаз КСР Ғылымы академиясының Орталық-Қазақстандық археологиялық экспедициясы (Ә.Х. Марғұлан) зерттеген.

2.4.2. 1974ж.Қаз КСР Министрлігінің экспедициясы ескерткішті өлшеп, сурет фиксациясын жасаған (М. А. Маманбаев, М.К. Сембин, М.С. Нұрқабаев).

2.5. Жұбан ана → Ру-тайпа бірлігін, ел тұтастығын сақтаған Әулие ана.

2.6. *Құрылысы:*

- 2.6.1. Бір камералы күмбездік құрылыс→жобасы жағынан төртбұрышты→ішінде жарты шар тәріздес және сыртқы шатырлық күмбездері бар→құрылыстың төзімділігін қамтамасыз етеді.
- 2.6.2. Сыртқы периметрі бойынша кесене өлшемдері бхбм, ішкісі бойынша 4х4 м құрайды, жалпы биіктігі 6 м. кесененің жалпы көлемі 190 м<sup>3</sup>.
- 2.6.3. Кесене салынған кезінде өлшемі 27х27х6 см құрайтын кірпіш қолданылған→барлық кірпіште іс жүзінде геометриялық фигурасы мен бірыңғай өлшемі бар.
- 2.6.4. Күмбезі мен барабаны күйдірілген кірпіштен салынған.

### 3. Ерекшелігі:

- 3.1. Бүкіл қалау арнайы балшық ерітіндісінен жасалынған → дайындау құпиясы жоғалтылған →ауа райының қиын жағдайларына қарамастан сол қалау біздің уақытымызға дейін жетіп, жақсы сақталынған.
- 3.2. Құрған шебер нақты инженерлік есептерді талап ететін күрделі құрылыс амалдарын пайдаланған.

**Тапсырма:** «Жұбан ана күмбезі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.

### Аяққамыр кесенесі

1. **Анықтама:**Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

### 2. Тану.

2.1. *Хронологиясы* →XII ғасырдың соңы, XIII ғасырдың басы

2.2. *Орналасуы*→Жезқазған облысы Жезді ауылынан солтүстік-батысқа қарай 9 км.

2.3. *Деректер*→Г.Г. Герасимов→ Аяқ-Хамырдың моңғол дәуіріне дейінгі шығу тегі туралы жазған.

2.4. *Зерттелуі:*

2.4.1. Кесенені алғаш рет 1946 жылы Қазақ ССР ғылым Академиясының Орталық Қазақстан археология экспедициясы зерттеді→Ә.Х.Марғұлан.

2.4.2. 1973 жылы ҚазССР Мәдениет министрлігінің экспедициясы өлшеу мен фотофиксация жұмыстарын жүргізді→М.А.Маманбаев, М.К.Сембин, М.С.Нұрқабаев.

2.5. Қамыр хан→Темір Құтлық(1399 – 1400) – Алтын Орда ханы (1395 – 1400)→Ұрыс ханның немересі.

2.6. *Құрылысы:*

2.6.1. Кесененің жобасы тікбұрышты→ көлемі 10,16×8,10 м.

2.6.2. Негізгі құрылыс материалы болып өңірде IX ғ. пайда болған қызыл кірпіш, ал түптағанына «арнайы қалыңдығы 15–18 см марганцовтық тақталар пайдаланылған.

2.6.3. Тікбұрышты құрылыс жоспары үш көлемнен тұрады: ғимараттың текшесі, порталы және күмбезі. Құрылысқа 27х27х6см өлшеміндегі кірпіштер пайдаланылды.

2.7. *Безендірілуі* →. Сылақтары қабырғаға түгелдей белдеу түрінде жүргізілген→ белдеу сыртқы жағынан кірпіш сылағымен қапталған→сәндік рөл ойнайды.

### 3. Ерекшелігі:

3.1. Құрылыс жұмысының биік деңгейлі сапалылығы,

3.2. Босағалы-күмбезді кесененің жаңа түрі.

**Тапсырма:**

3. «Аяққамыр кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
4. Темір Құтлық туралы шежірелік зерттеу жүргіз.

### Дәуітбек кесенесі

**1. Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

**2. Тану.**

a. *Хронологиясы* → XIII ғ.

b. *Орналасуы* → Тараз қаласында Қарахан кесенесінің шығыс жағында.

c. *Зерттелуі:*

2.3.1 Қабіртастағы жазуды 1893 жылы А.Б.Бартольд танып оқыған → 1262 ж. 31 наурызда қайтыс болған түркілік қолбасшы, «қалам мен қылыштың иесі, жаны таза момындардың жанашыр қорғаушысы» жерленген деген жазулар бар.

2.3.2 1939 ж. А.Беленицкий танып, оқыды.

d. Ұлық Білге Икбалхан Дәуітбек-Шамансұр → XIII ғ. ірі әскери қолбасшы.

e. *Құрылысы:*

i. Кесене күйдірілген кірпіштен салынған, қабырғалары бітеу.

ii. Кіреберіс бет-әлпеті терең қуыстары бар, үстіңгі жағы бәсеңдеу күмбезбен жабылған.

iii. Жан-жақтары қарапайым кірпіштермен өрілген, екі бұрышында мұнаралары бар → онша биік емес.

iv. Кесененің ішкі құрылысы крест тәріздес, қабырғаларында терең қуыстар бар.

v. Кесененің қақ ортасында биіктің үстінде үш сатыны тас ескерткіш бар → бетінде арабша жазулар жазылған.

f. *Сақталу деңгейі* → бүгінгі күнге дейін бұзылмай аман жеткен діни ескерткіштердің қатарына жатады.

**3. Ерекшелігі:**

3.1. Әшекей-нақыштардың шектеулілігі.

3.2. Ғасырлар бойы сақталып қалуымен айрықша.

3.3. Кесене өзінің түпнұсқалығымен және ауқымдық-кеңістіктік шешімімен айрықшаланады.

3.4. босағасыз мемориалды ғимараттарды дамытуға үлес қосқан, орталықтас-күмбезді кесене.

3.5. Кесене Тараз халқының тұрғындары үшін Шомансұр кесенесі деген атымен белгілі.

**Тапсырма:**

1. «Дәуітбек кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.

2. Неге бұл кесене Тараз халқының тұрғындары үшін Шомансұр кесенесі деген атымен белгілі?

3. Дәуітбек кесенесі туралы кім зерттеу жүргізген?

### Сырлытам кесенесі

**1. Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

**2. Тану.**

2.1. *Хронологиясы* → XIV ғ.

2.2. *Орналасуы* → Қызылорда облысы Қарамақшы ауданында Тағай ауылынынан солтүстік-шығысқа қарай 16 шақырым жерде.

2.3. *Зерттелуі* → В.А.Каллаур сипаттамасын жасады.

2.4. *Құрылысы:*

2.4.1. 27x13x4,5 көлемді күйдірілген ақ кірпішпен тұрғызылған күмбезді ғимарат.

2.4.2. Ішкі күмбезі → сфероконустық, сыртқысы → аласа сегіз қырлы барабанның үстінде орналасқан сегіз қырлы мұнараның формасына ие. Бетше босағасы тым үлкен емес.

2.5. *Сақталу деңгейі* → біздің уақытымызға дейін жетіп сақталмаған.

**3. Ерекшелігі:**

3.1. Біркамералы бетше босағалық-күмбезді шатыр жабыны бар кесене.

3.2. Кесене солтүстік түркістандық құрылысшыларының сәулет өнеріндегі қиын ізденістерін дәлелдейді.

3.3. Барабан үстінде көтерілген шатыр күмбезінің бар болуымен сипатталатын ортағасырлық кесене.

3.4. Кесене күмбезі екі жақты болды, оның барабаны он алты қырлы.

**Тапсырма:**

1. «Сырлытам кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
2. Сырлытам кесенесінің атауы қандай мағына береді?
3. Сырлытам кесенесі туралы кім зерттеу жүргізген?

**Арыстан баб кесенесі**

**1. Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

**2. Тану.**

2.1. *Хронологиясы* → XIV-XV ғ.ғ.

2.2. *Орналасуы* → Отырар қалашығынан және Шәуілдір ауылынан 2 км, Шымкент қаласынан 150 қашықтықта.

### 2.3. Зерттелуі:

2.3.1. Арыстанбаб қабірінің басына тұрғызылған ғимарат алғаш ғылыми әдебиетте 1898 ж.ж. И.Т.Пославскийд→ «Развалины города Отрара» атты мақаласы.

2.3.2. 1903 жылы кесене түркістандық археология әуесқойлар үйірмесінің мүшесі А.Черкасов→ Отырар төбені көріп айтқаны жөніндегі есебі→түкпір бөлмедегі Арыстанбабтың қабірі таң қалдырады.

2.3.3. И.А.Кастеньенің «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» еңбегі.

2.3.4. Ғылыми сипаттама 1950 ж. В.В.Константинованың «Некоторые архитектурные памятники по среднему течению р.Сырдарьи» деген мақаласы.

2.3.5. 1987 ж. «Білім мен Еңбекте» М.Сембиннің кесене жайлы мақаласы.

2.4. Арыстан баб→Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы.

### 2.5. Құрылысы:

2.5.1. Қазіргі кезде Арыстан баб мазары үстінде 30x13 метр аумағы бар кесене тұр→ күйдірілген кірпіштен қаланған.

2.5.2. Кесене бастапқы орын-жайларға түрлі құрылыс элементтерін кезең-кезеңмен қосу арқылы салынған.

2.5.3. Ғимарат үлкен күмбезді дәлізбен біріктірілген екі камералы қабірден (гурхандар) және бата оқитын мешіттен тұрады.

2.5.4. Көпкамералы кешен→Гурханның орталығы – Арыстанбабтың сәулетті құлпытасы, көрші орын-жайларда оның шәкірттері мен ізбасарлары - Хермет-Азыра, Қарға баба, Лашын бабалардың құлпытастары орнатылған.

### 2.6. Сақталу деңгейі:

2.6.1. Арыстан баб XII ғасырда жерленген→сол кезде кесене салынған.

2.6.2. Кесененің бірінші құрылысы XIV-XV ғасырға жатады→Дәліз-қақпа маңдайшасына мәрмәр тақта қаланып, бетіне һижра бойынша 1327 жыл, яғни соңғы құрылыс жүрген уақыт деп көрсетілген.

2.6.3. XVIII ғасырда құрылыс қиратылып, фриз жазбалары бойынша 1909 жылы қайта салынған.

2.6.4. 1971 жылы жоғары деңгейдегі грунт сулары салдарынан мешіт құлатылып, қайта орнатылды.

2.7. *Безендірілуі* →Ғимараттың қасбетін екі мұнара аяқтайды, олар мүсінді кірпіш қалауымен безендірілген.

### 3. Ерекшелігі:

3.1. Кесене көпкамералы кешен.

3.2. Қазіргі кезде Орталық Азиядағы қажылық міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі.

### Тапсырма:

2. «Арыстан баб кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.

3. *Арыстан баб кесенесі* қанша рет қайта салынды, неге?

## Қожа Ахмет Яссауи кесенесі

1. **Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

### 2. Тану.

2.1. *Хронологиясы* → 1396-1399 жылдары.

2.2. *Орналасуы* → Түркістан қаласы.

2.3. *Деректер* → «Жеңіс кітабы» ("Зафар-наме").

2.4. *Зерттелуі:*

2.4.1. XIX ғасырдың соңында басталды.

2.4.2. Ескерткіштің сызбаларын дайындау үшін Түркістан қаласына бірінші ғылыми экспедиция (1905 жыл) профессор Н.И.Веселовский.

2.4.3. 1922 жыл құрылыстың техникалық зерттеу жұмыстары.

2.4.4. Ескерткіштің егжей-тегжейлі зерттеулері 1952-1958 жылдары (Б.Н.Засыпкин, Т.Ш.Карумидзе, Л.Ю.Маньковская, К.А.Шахурин).

2.4.5. 1970-80 жж. Б.Т.Тұякбаева, А.Н.Проскорин жасады.

2.5. Қожа Ахмед Иасауи → ақын, ислам дінін таратушы, әулие.

2.6. *Құрылысы:*

2.6.1. Құрылысшы → Маулян Убайдулла Садр.

2.6.2. Ені - 46,5 м, ұзындығы - 65 м; биіктігі 37,5 м.; 35 бөлме. Ғимараттың Сыртқы қабырғалардың қалыңдығы → 1,8-2 м, қазандық қабырғаларының қалыңдығы → 3 м.

2.6.3. Қабірхана ортасында → Қожа Ахмет Яссауиге құлпытас қойылған.

2.6.4. Кесене мешітінің 16 терезесі, қос қабат күмбезі бар → батыс жақ қабырғасына мозаикалық михраб орнатылған.

- 2.6.5. Кесененің оңтүстік-батыс жағындағы Аллаға құлшылық етуге арналған жер асты ғибадатханалары→ Яссауидің тірі кезінде жасалып, кейін қайта жаңғыртылған.
- 2.6.6. Қазандық → диаметрі – 18,3 метрлік күмбезбен көмкерілген. Қазандықтан өзге бөлмелерге қарай қос қатарлы сегіз дәліз тарайды→ сегіз дәліздің алтауы - өтпелі, екеуі – тұйық→ дәліздер ғимаратты сегіз дара блокқа бөледі:
- 2.6.6.1. Оңтүстік батыс блокта→ мешіт .
- 2.6.6.2. Оңтүстік – шығыс блокта→ халимхана→ Халимханада дүйсенбі мен жұма күндері кедей – кепшікер мен зйруштерге тегін үлестірілген тағам - халим әзірленетін.
- 2.6.6.3. Солтүстік – шығыс блокта→ құдықхана.
- 2.6.6.4. Солтүстік - батыс блокта→ Үлкен Ақсарай орналасқан.
- 2.6.6.5. Оңтүстік – батыс және солтүстік шығыс жақтарының орта тұсында→қабатты залдар – Кіші Ақсарай мен кітапхана бар.
- 2.7. *Сақталу деңгейі:*
- 2.7.1. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Қоқан билеушілері кесенеге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оның төңірегіне қамал-бекіністер салуды қолға алды.
- 2.7.2. 1864 жылы Түркістан қаласын жаулап алған Ресей отаршылары зеңбірекпен атып, кесененің 11 тұсына зақым келтірді.
- 2.7.3. 1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Яссауи республикалық мұражайы ашылды.
- 2.7.4. 1989 жылы тамыздың 28-інде «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды.
- 2.7.5. Түркия елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы аяқталды.
- 2.7.6. 2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді.
- 2.8. *Безендірілуі:*
- 2.8.1. Күйдірілген шаршы кірпіштен өрілген→ күмбезді, аркалы элементтер көп.
- 2.8.2. Қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары мен алты шырағдан→оны жасаушы исфаһандық шебер Тадж әд-Дин Изеддиннің есімі жазылған.
- 2.8.3. Кесененің үш қабырғасының үстінгі жағымен өтетін эпиграфтық фризде құраннан алынған сөздер жазылған→жазулар көгілдір қышпен өрнектеліп, қара көк түсті кірпіштермен көлеңке түсірілген.
- 2.8.4. Көрхананың дәл ортасында Қожа Ахмет Иассауидың сағана- құлыптасы орнатылған→ жасыл түсті яшмадан жасалған.
- 2.8.5. Көрхана ағаш есігінің ою- өрнектері сүйекпен, жұқа темірмен қапталып, оған алтынмен жазулар түсірілген→Есіктің үстіндегі тас тақтайға көрхана Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылғандығы жайында жазылған.

### **3. Ерекшелігі:**

- 3.1. Кесене - үлкен порталды-күмбезді мемориалдық құрылыс.
- 3.2. Кесене жобасының ерекшелігі - онда Орталық Азия сәулет өнерінде бұрын-соңды ұшыраспаған шатыр жабу тәсілдері қолданылған.
- 3.3. Архитектура мен Қожа Ахмет Яссауи кесенесі тек зират болумен шектелмей, мешіт – медреселік қызметтерді де атқарған.
- 3.4. XVI ғасырдан кесенеді және оның төңірегінде қазақ халқының атақты адамдары (Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр, т.б.) жерлене бастады.

### Тапсырма:

1. Түркістан қандай қала, ол қай жерде орналасқан?
2. «Түркістан» деген сөздің мағынасы нені білдіреді?
3. «Мәдинеде – Мұхамед, Түркістанда Қожа Ахмед» деген сөз неден қалған?
4. Қожа Ахмед Иасауидің бүгінгі ұрпаққа жеткен шығармасы?
5. Ахмед Иасауиге зәулім кесене салдырған Әмір Темір кім еді?
6. Неліктен бірінші Арыстан баб кесенесі салынды?

### Алаша хан кесенесі

**1. Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

### 2. Тану.

2.1. *Хронологиясы* → XIV-XV ғ.ғ.

2.2. *Орналасуы* → Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы Қаракенгір және Сарыкенгір өзендері қосылар тұсы.

2.3. *Зерттелуі:*

2.3.1. Ш.Уәлиханов → «Қырғыз қайсақ молалары және жалпы бұрынғы туралы» атты мақаласы → 1855 ж.

2.3.2. М.Красовский → "Область сибирских киргизов" еңбегі → 1868 ж.

2.4. Алаша хан → халық аңызы бойынша "Алты алашты" құраған тайпалардың түп атасы.

2.5. *Құрылысы:*

2.5.1. Алаша хан күмбезі порталды-күмбезді сәулет өнері үлгісіне жатады.

2.5.2. Аумағы → 9,73x11,9 метр. Биіктігі → 10 метр.

2.5.3. Күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған.

2.5.4. Кесене қабырғалары сегіз тіреуіштерімен бекітілген → күмбезі 16-қырлы барабанға тіреледі, оның айналасында айналма галерея орналасқан.

2.6. *Сақталу деңгейі* → күмбездің уақыт зардабынан мүжіліп тозған.

2.7. *Безендірілуі* → Аңызға қарағанда осы күмбезді салушылар оны атына лайықтап алаша -кілем түрімен нақыштаған → таңдай қиықша, үшкіл, жұлдыз, гүл, түкті кілемнің түріндей өрнектелген.

### 3. Ерекшелігі:

3.1. Алаша хан кесенесі далалық сәулет өнерінің үлгісінде жасалды.

3.2. Композицияның түзу үйлесімдері мен өзгеше элементтері, сәулет амалдарының сәтті байланысы арқасында ғимарат біртұтас және алып болып көрінеді.

3.3. Өзінің сәулет-техникалық сипаттамалары бойынша бұл ескерткіш бірегей болып табылады, себебі осындай стильді Орта Азиядағы сәулет өнерінде кездестіру сирек жағдай болып келеді.

### Тапсырма:

- 1) Сәулет ескерткіші қай ғасырда салынған?
- 2) Орналасқан жері?
- 3) Кесене кімге арналған?
- 4) Кесененің құрылыс жүйесі қандай?

### Көккесене

**1. Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

**2. Тану.**

2.1. *Хронологиясы* → XIV-XV ғ.ғ.

2.2. *Орналасуы* → Қызылорда облысы Сырдария өзенінің жағасына Төменарық теміржол стансасының солтүстік-шығысынан 5 шақырымдай және Сығанақтан оңтүстікке қарай 8 шақырым жерде, қазіргі Қожамберді ауылы.

2.3. *Зерттелуі:*

2.3.1. В.А. Каллаур → «1219 жылы Шыңғыс хан әскері қиратқан Перовск уезіндегі ежелгі қалалар» атты мақаласы → 1900 ж.

2.3.2. А.Я. Уткин → кесенені тұңғыш рет суретке түсіріп алған → 1901 ж.

2.3.3. А.Ю. Якубовский → «Талқандалған Сығанақ» еңбегі → 1929 ж.

2.4. *Құрылысы:*

2.4.1. Көккесененің астыңғы негізі берік етіп жасалып, оның үстіне бірінен-бірін биіктете үш барабан тұрғызылған → Орталық барабанда Михраб түрінде қуыстап келтіріп, үстіне сүйір мұнара орнатқан.

2.4.2. Шаршы қабырға сегіз қырлы, одан әрі он алты қырлы бөліктерге ауысып барып, күмбезге ұласқан.

2.4.3. Көккесене күмбезінің артындағы астында табыт жатқанын анықтаған → Оған барар жол тастармен көміліп қалғандықтан, үстіне жаңа бейіт қойылған.

2.5. *Сақталу деңгейі* → Қазір бұл тамаша ескерткіш түгел қираған.

2.6. *Безендірілуі* → Қабырғаларын Алаша хан күмбезі секілді қыштан кілем өрнегі үлгісіне ұқсатып қалаған → Ол және осы арадан көгілдір, ақшыл, көкшіл, сары, қызғыш түсті қондырмалармен безендірілген үлкен бір мозаикалы қыштардың бөлшегін, сондай-ақ ойма бедер салынған теракоталық қыш сынығын табады.

**3. Ерекшелігі:**

3.1. Биік, күйдірген кірпіштен соғылып, көк түсті орнаментті әшекейлерімен көмкерілген ғимарат.

3.2. Босағалы шатырлы-күмбезді кесене түріне жатады.

3.3. И.А. Кастаньенің жазуынша белгілі бір ғана ескерткіштің қақпа бейнесінде көрінетін босағасы бар.

**Тапсырма:**

1. «Көккесене» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
2. Көккесене кімге арнап тұрғызылған?
3. Көккесене туралы кім зерттеу жүргізген?

**Жошы хан кесенесі**

**1. Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

**2. Тану.**

2.1. *Хронологиясы* → XIV-XV ғ.ғ.

- 2.2. *Орналасуы* → Қарағанды облысы Ұлытау ауданында Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде.
- 2.3. *Зерттелуі* → Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы 1946 және 1973 жылдары зерттелген.
- 2.4. *Жошы хан* → Шыңғысханның үлкен ұлы.
- 2.5. *Құрылысы:*
  - 2.5.1. Кесене тікбұрыш формасында жасалған → Композициясы бойынша бұл порталды-күмбезді ғимарат → екі бөлмеден тұрады.
  - 2.5.2. Сыртқы периметр бойынша кесене мөлшері → 9,5x7,0 м., ішкі периметр → 5,25x5,25 м. Жалпы биіктігі 8 м.
  - 2.5.3. Ғимарат екі күмбезді → сыртқы күмбезді сақталмаған → бұрын ол сирек формалы 17-қырлы тармақты барабанға отырғызылып, тақтайшалармен және көгілдір әшекеймен әрленген.
- 2.6. *Сақталу деңгейі* → қайта жаңартудан соң 2000 жылы күмбезді қалпына келтірілді.
- 2.7. *Безендірілуі* → Сыртқы сәнді күмбезді көгілдір глазурь тақталарымен қапталған және сондай көк тақтамен қапталған он жетінші барабанда орнатылған.
3. **Ерекшелігі** → Композициясы бойынша екі күмбезді бар порталды-күмбезді құрылыс.

#### Тапсырма:

1. «Жошы хан кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
2. Жошы хан кесенесі туралы кім зерттеу жүргізген?
3. Жошы хан туралы шежірелік зерттеу жүргіз.

#### Тектұрмас кесенесі

1. **Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

#### 2. Тану.

- 2.1. *Хронологиясы* → XIV ғасыр
- 2.2. *Орналасуы* → Тараз қаласының шығыс жағында Талас өзенінің оң жағалауында төбе үстінде.
- 2.3. *Зерттелуі:*
  - 2.3.1. XIX ғасырдың соңында кесенені В.А.Каллаур зерттейді → XIX ғасырдың 80-жылдарындағы жалғыз фотосурет қалған.
  - 2.3.2. 1939-1940 жылдары оның үйінділерін Г.И.Пацевич зерттейді.
- 2.4. *Тектұрмас ата* → Сұлтан Махмұдхан → ол жергілікті әулие, Қараханид әскерлерінің бас қолбасшысы → исламның таралуына үлкен үлес қосқан.
- 2.5. *Құрылысы:*
  - 2.5.1. Күйдірілген кірпіштен салынған күмбезді төртбұрышты ғимарат.
  - 2.5.2. Сүйір аркалы кіреберіс батысқа Тараз қаласына қарап тұр.
  - 2.5.3. Кесене бұрышты пилястрмен аяқталады.
- 2.6. *Сақталу деңгейі:*

2.6.1. 1935 жылы толық қирап қалған→XIX ғасырдың 80 жылдары түсірілген фотосурет арқылы ғана белгілі.

2.6.2. 2002 жылы Амангелді Момышевтің бастамасымен кесенені қалпына келтіру жұмыстары→сәулетші Нұрлыбек Бәкеев→ сақталып қалған ескі сурет бойынша қалпына келтірілді.

### 3. Ерекшелігі:


3.1. Күйдірілген кірпіштен салынған, күмбезі болған, іргесі төртбұрышты.

3.2. Тектұрмас – сәулеттік кешен, сондай-ақ зиярат ету орны болып табылады.

### Тапсырма:

1. «Тектұрмас кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
2. Тектұрмас атауы қандай мағына береді?
3. Тектұрмас кімге арнап тұрғызылған?
4. Тектұрмас кесенесі туралы кім зерттеу жүргізген?

### Қажы Талиға кесенесі



3.3. Барлық периметрлері бойынша кесенеді екі ағаштан жасалған сейсмопояс бекітілген.

### Тапсырма:

1. «Қажы Талиға кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
2. Қажы Талиға кесенесі құрылыс жүйесі қандай?

### Ибраһим ата кесенесі

1. **Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

### 2. Тану.

2.1. *Хронологиясы* → XVI – XVII ғасырларда

2.2. *Орналасуы* → Ақсу ауылы жолында Сайрам ауылының шетінде биік төбесі.

2.3. Ибраһим ата → атақты сопы Қожа Ахмет Яссауидің әкесі, діни көсем, әрі осы өңірлерге танымал уағызшы болған.

2.4. *Құрылысы:*

2.4.1. Кесене бір камералы, шаршы түріндегі құрылыс.

2.4.2. Алаңы → 7,2x7,2 м, ұзындығы → 8,25 м.

2.4.3. Ғимарат бір орын-жайы бар екі деңгейлі болып келеді.

2.4.4. 50-жылдары күмбез құлағаннан кейін кесене төбесі ақ жапырақты қаңылтырмен қапталып, ортасына сүйір ұшты мұнара орнатылды.

2.5. *Сақталу деңгейі:*

2.5.1. Құлап қалғаннан кейін XIX ғасырда қайта салынды.

2.5.2. 50-жылдары қатты жер сілкінісі кезінде кесене күмбезі құлағаннан кейін басқа қалыпта қайта жасалды.

2.6. *Безендірілуі* → Ішкі қабырғалары әрленген, еден кірпішпен қапталып үстінен цемент араластырылған балшықпен сыланған.

3. **Ерекшелігі** → бір камералы, екі деңгейлі ғимарат.

### Тапсырма:

1. «Ибраһим ата кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
2. Ибраһим ата кесенесі құрылыс жүйесі қандай?
3. Ибраһим ата туралы зерттеу жүргіз.
4. Ибраһим ата туралы аңыздарға тоқталыңыз.

## Айқожа кесенесі

**1. Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

### 2. Тану.

2.1. *Хронологиясы* → XVI-XVII ғғ.

2.2. *Орналасуы* → Қызыл-Орда облысының Қармақшы ауданында орналасқан.

2.3. Айқожа → Ташкент, Бұқара және Ауғанстанда насихат жүргізген танымал мұсылман тәлімгері және рухани ұстаз.

2.4. *Құрылысы:*

2.4.1. Қабырғалар күйдірілген саз кірпіштен қаланды → қабырғаларының қалыңдығы 1,4 м.

2.4.2. Сәулет жағынан кесене саз ерітіндісі негізінде кірпіштен қаланған сегіз қырлы күмбезі және кішкене терезелері бар тікбұрышты ғимарат.

2.5. *Сақталу деңгейі* → Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен 1982 жылы кесенеге Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіш мәртебесі берілді.

2.6. *Безендірілуі* → Әрленген қабырғаларға ежелгі соғды және хорезмдік сарынды ою-өрнек түрінде жазу жазылған.

### 3. Ерекшелігі:

3.1. Босағасы жоқ күмбезді ғимарат.

3.2. Кесене интерьерінің басты бөлшегі – сүйірленіп аяқталатын құлпытас – саған.

3.3. Сегіз қырлы күмбезі және кішкене терезелері бар тікбұрышты ғимарат.

### Тапсырма:

1. «Айқожа кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
2. Айқожа кесенесі құрылыс жүйесі қандай?
3. Айқожа туралы зерттеу жүргіз.

## «Ақтас» мешіті

**1. Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

**2. Тану.**

2.1. *Хронологиясы* → XVI-XVII ғасырлар

2.2. *Орналасуы* → Қызыл-Орда облысының Жаңақорған ауданы.

2.3. *Құрылысы:*

2.3.1. Пішіні төрт бұрышты етіп салынған күмбезді мешіт;

2.3.2. Биіктігі → 10-12 м.

2.3.3. Күмбез тіреліп тұрған қабырғалар арка болып салынған → қабырғалары шикі сазбен сыланып ақталған.

2.3.4. Қасбеті шығыс жақта → күйдірілген кірпіштен тұрғызылған .

2.3.5. Мешіттің михрабы батыс жақтағы қабырғаның орта тұсында орналасқан.

2.3.6. Солтүстік іргесіне жүргізілген қазба жұмысы барысында төрт бұрышты шағын бөлмелердің іргесі ашылды → мешіт жанында медресе болған секілді.

2.4. *Сақталу деңгейі:*

2.4.1. 1982 жылы Республикалық маңызы бар [тарих](#) және [мәдениет](#) ескерткіштері тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған;

2.4.2. 1984-1986 жылдары ескерткішке жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сазды лаймен кірпіш, қалаудың жекелеген жіктері цементпен бекітілді.

2.5. *Безендірілуі:*

2.5.1. Қабырғалары сәндік өрнектермен [әшекейленген](#);

2.5.2. Кіре беріс жағында 3 биік, сәнді аркасы бар, ортаңғы аркадан мешітке кіретін есік жасалған;

2.5.3. Солтүстік және оңтүстік жақтағы қабырғасына әшекейлі терезелер орнатылған.

**3. Ерекшелігі** → пішіні төрт бұрышты етіп салынған күмбезді мешіт

**Тапсырма:**

1. «Ақтас мешіті» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
2. «Ақтас мешіті» сөзжұмбақ құрастыр.

**Асан - Ата кесенесі**

1. **Анықтама:** Кесене – белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс.

**2. Тану.**

2.1. *Хронологиясы* → ХҮІ ғ.

2.2. *Орналасуы* → Қызыл-Орда облысының Шиелі ауданында 16 км-жерде.

- 2.3. Асан ата → қазақтың ақын философы Асан қайғы.
- 2.4. Құрылысы:
- 2.4.1. 27x15x6,5см және 26x27x6,5см көлемді күйдірілген кірпіштен сазды лаймен салынған күмбезді құрылыс.
- 2.4.2. Жоспарда тікбұрышты портал 3,8м тереңдікте, 6,98 жалпақтықты жалпы ауданы 7,06м биіктігі күмбез үстіне дейін 7,66 м төртбұрышты құрылыс.
- 2.4.3. Арка арқылы салынған→ішкі қабырғаларының беті цемент қосылған лаймен сыланған.
- 2.5. Сақталу деңгейі→1982 ж. республика маңызы бар тарих және мәдениеті ескерткіштер тізіміне енгізілді.
3. Ерекшелігі→порталды-күмбезді құрылыс.

### Тапсырма:

1. «Асан - ата кесенесі» тақырыбын сатылай кешенді технологиясы бойынша сатыла.
2. Асан - ата туралы зерттеу жүргіз.
3. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Мәдени - мұра» бағдарламасы бойынша тарихи ескерткіштерді, мәдени мұраларды зерттеуге тапсырмалар берілді. Қазіргі таңда әлем деңгейінде қандай зерттеу жұмыстары жүргізілуде?

### Әлихан Бөкейхан

- 1. Өмір сүрген жылдары: □ 1866-1937 ж.ж.
- 2. Туған жері: □ Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ауылында дүниеге келген.
- 3. Шыққан тегі.
- 3.1. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы.
- 3.2. Арғы атасы атақты Сұлтан Барақ→Бөкей→ Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед.
- 4. Білім жолы:
- 4.1. 9 жасында әкесі Қарқаралыдағы медресеге береді →үш кластық бастауыш мектепке аусып алады.

- 4.2. 1879-1886 ж. Қарқаралыдағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыды.
- 4.3. 1886-1890 ж. Омбыдағы техникалық училищеде оқып, «Техник» мамандығын алып шықты.
- 4.4. 1890-1894ж. Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқиды.

→ **5. Қызмет жолы:**

- 5.1. 1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омичь» және «Иртышь» газеттерінде; 1908 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды.
- 5.2. 1909-1917 жж. «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді.
- 5.3. 1913-1918 «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді.
- 5.4. [1917](#) ж. Алаш партиясын ұйымдастырады → 1917 жылдың желтоқсанында [бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясы](#) жарияланып, Алашорда автономиясының тұңғыш төрағасы болып сайланады.
- 5.5. 1922 жылы Мәскеуге жер аударылып, осында 15 жыл бойы үй қамақта отырады. Сол үйден шығу құқынан айырды.
- 5.6. 1937 жылы 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесілді.
- 5.7. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан ақталды.

**6. Тарихтағы орны:**

- 6.1. XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында кеңінен қанат жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысы мен Алашорда ұлттық автономиясы негізін қалаушы және жетекшісі;
- 6.2. Публицист → «Қазақ» газетін шығаруға ат салысқан.
- 6.3. Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I [Мемлекеттік думасының](#) және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV [Мемлекеттік Думаның](#) мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды.
- 6.4. Қазақстанның халық шаруашылығы бойынша сарапшы маман, ірі ғалым, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы ретінде танылды. Қазақ егіншілігі мен мал шаруашылығы, соның ішінде қазақтың сиыр, қой және жылқы шаруашылығы туралы іргелі зерттеулер жариялады.
- 6.5. Қазақ тарихы, этнографиясы, әдебиеті мен фольклоры туралы жүздеген мақалалар жазып, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» секілді халық ауыз әдебиетінің бірнеше үлгілерін жинақтып, баспа бетіне шығарды

### Міржақып Дұлатұлы

→ **1. Өмір сүрген жылдары:** □ 1885-1935 ж.ж.

→ **2. Туған жері:** Торғай облысы, Торғай уезі, Қызбел ауылында дүниеге келген.

→ **3. Шыққан тегі.**

3.1. Әкесі — Дулат аймағына аты шыққан шебер кісі болған, ер тұрман жасап, етік, мәсі тіккен. Анасы — Дәмеш әнші кісі болған.

→ **4. Білім жолы:**

4.1. Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасынан оқып, хат таниды.

4.2. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін, 1897-1902 жылдары, ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады.

→ **5. Қызмет жолы:**

5.1. Міржақып Қызылжарда сот кеңесінде тілмәштық қызмет атқарып, мұғалімдік қызметін де жалғастырады, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді.

5.2. 1913 жылы ол Ахмет Байтұрсынұлымен бірге "Қазақ" газетін шығарып, басылымның бұдан кейінгі жұмысына белсене араласады.

5.3. 1922–1926 жж. Орынбордағы Қазақтың халыққа білім беру институтында (КИНО) оқытушы болып істейді.

5.4. 1928 жылдың аяғында бір топ қазақ оқығандары қатарында тұтқынға алынды. 1930 жылы ОГПУ коллегиясының үкімі бойынша алғашында ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім 10 жыл абақты жазасымен алмастырылды. 1935 жылы қазанның 5і күні Ақ теңіз – Балтық каналының бойындағы Сосновец стансасында, лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болады.

5.5. 1988 жылғы қарашаның 4-де Республика Жоғарғы Сотының коллегиясының шешімімен ақталды.

## → 6. Тарихтағы орны:

6.1. XX ғасырдың басындағы Алаштың ағартушылық, демократтық бағыттағы ақ семсер арыстарының бірі.

6.2. Публицист→ Қазақтың тұңғыш «Серке» газетін Санкт-Петербург қаласында Ресей империясының астанасында шығарды. «Қазақ» газетін шығаруға ат салысқан.

6.3. «Оян, қазақ!» жинағы қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің манифесіндей зор роль атқарды→«Оян, Қазақ!» жинағы шыққан кезде Қырым, Кавказ, Түркияға дейін тарап кеткен еді.

6.4. Қазақтың тұңғыш романы - «Бақытсыз Жамалды» жазды. Алаш әскерін құрды. Алаш маршын жазды.

6.5. Бірінші Қазақ Конституциясының авторларының бірігейі.

6.6. Жақаңның кереметтілігі - қазақтың тұңғыш математигі! Ең бірінші математикадан «Есеп құралы» деген 5 кітап шығарды.

6.7. 1907 жылы Польша астанасы Варшавада халықаралық тіл - «Эсперанто тілі» қоғамының төрағасы болды.

6.8. 1914 жылы Мәскеу Шығыстану институты әйгілі шығыс классиктерінің шығармаларын құрастырып «Шығыс жинағы» деген кітап шығарған. Сол кітапқа қазақтан Абай мен Міржақып қана кірген.

## Ахмет Байтұрсынұлы

→ 1. Өмір сүрген жылдары: □ 1873-1937 ж.ж.

→ 2. Туған жері: □ Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген.

→ 3. Шыққан тегі.

3.1. М.Әуезов 1923 жылы Ахметке арнаған мақаласында, оның тегі жөнінде. «... Сүйегі-Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты — Байтұрсын» деген мәлімет береді.

→ 4. Білім жолы:

4.1. 1882-1884 жж. ауыл адамдарынан сауатын ашып, хат таниды.

4.2. 1886-1891 жж. Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищеде оқиды.

4.3. 1891-1895 жж. Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте білім алады.

→ 5. Қызмет жолы:

5.1. 1895-1909 жж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады.

5.2. 1913-1918 жж. «Қазақ» газетінің редакторы.

- 5.3. [1918-19](#) жж. [Алаш Орда](#) қатарында болады.
- 5.4. [1919](#) ж. [маусымның 24 Қазақ өлкесін](#) басқаратын Әскери-революциялық комитеттің мүшелігіне тағайындалады.
- 5.5. [1922-25](#) жж. Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкілресейлік ОАК-ның, ҚР ОАК-нің мүшесі, Түркістан Компартиясы ОК-нің органы «Ақ жол» газетінде қызметкер.
- 5.6. [1925-29](#) ж. Қазақ халық ағарту институтында ([Ташкент](#)) және ҚазПИ-де оқытушы.
- 5.7. [1929](#) ж. [маусымында](#) қамауға алынып өзі [Архангельск облысына](#) жер аударылған, ал жұбайы мен қызы Томскіге жіберілген. [1934](#) ж. Қызыл Крест комиссиясында қызмет еткен Е. Пешкованың (Максим Горькийдің зайыбы) қолдауымен Ахмет Байтұрсынұлы босатылған.
- 5.8. [1937](#) ж. [тамыз](#) айында Ахмет Байтұрсынұлы тағы да қамауға алынған, алты айдан соң, [желтоқсанның 8 «халық жауы»](#) есебінде атылған.

## → 6. Тарихтағы орны:

- 6.1. Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы.
- 6.2. Публицист → «Қазақ» газетінің редакторы.
- 6.3. Қазақ тілінің табиғатын терең зерттей келе ол араб әрпінің негізінде тұңғыш рет қазақтың мүлдем жаңа әліппесін жасады.
- 6.4. Тұңғыш әдебиет теоретигі → еңбегі «Әдебиет танытқыш».
- 6.5. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы.

## Жүсіпбек Аймауытов

→ 1. **Өмір сүрген жылдары:** □ 1889-1931 ж.ж.

→ 2. **Туған жері:** □ Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл тау» болысының ауылында дүниеге келген.

→ 3. **Шыққан тегі.**

3.1. Жүсіпбектің әкесі Аймауыт (жергілікті адамдардың айтуына қарағанда, шын аты — Оймауыт) бес ағайынды болған. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан атақ-абыройлы, бай, ел арасында білікті кісілер екен.

3.2. Руы — Сүйіндік.

→ 4. **Білім жолы:**

4.1. 5 жасқа дейінгі өмірін Жүсіпбек ауыл молдасынан оқуға арнайды. Әуелі Жүніс қожадан, содан кейін Шәймерден қожадан, Қожахмет молдадан, Қапар қажыдан, Мұхамеджан деген кісіден сабақ алып, жалпы саны 5-6 жыл ішінде білімін көтереді.

4.2. [1907](#) ж. бастап [Баянауылдағы](#) орысша-қазақша екі кластық мектебінде, Керекудегі ([Павлодар](#)) қазыналық ауыл шаруашылық мектебінде оқиды.

4.3. [1914](#) жылы Семейдегі оқытушылар семинариясына қабылданады. Оны [1918](#) жылы аяқтап шығады.

→ 5. **Қызмет жолы:**

5.1. 1911-1914 жж. ауылда мұғалім болып істейді.

5.2. Оқу кезінде (1914-1918 жж.) ол А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов және ұлттық интеллигенцияның басқа өкілдерімен бірге «Алаш Орда» партиясының жұмысына белсенді қатысады.

5.3. Семинарияны бітірген соң (1919-1920 жылдар) Семей Губерниялық Атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, «Кедей таңы» атты газеттің редакторы болып істейді.

5.4. 1920 жылы Коммунистік партияның қатарына кіреді (1922 жылы шығып қалған). Сол жылы күзде Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезіне делегат боп қатысып, Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланады, Қазақ АССР Оқу халық комиссарының орынбасары болып тағайындалады.

5.5. Мұнан соң Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі (1921), «Қазақ тілі» газетінің редакторы.

5.6. Қарқаралыда мектеп мұғалімі (1922-1923), 1923-1924 жылдары Орынборда халық ағарту институтында, 1924-1925 жылдары Ташкент халық ағарту институтында, 1925-1926 жылдары Орынбор әскери мектебінде сабақ берген. Осы жылдардың ішінде газет-журнал редакцияларында қосымша қызметтер атқарған, 1926-1929 жылдары Шымкент педагогикалық техникумында директор болған.

5.7. 1929 жылы сол кездегі Қазақстан астанасы — Қызылордаға ауысып, «Еңбекші қазақ» газетіне қызмет істеуге барған. Бірақ кешікпей жалаға ұшырап, Қызылорда қаласында мамырдың 14 күні (1929) ұсталған. «Революцияға қарсы жасырын ұйымның мүшесі» деген айып тағылып, 1931 жылы 21 сәуірде атылған.

## → 6. Тарихтағы орны:

6.1. Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, прозашы, публицист, сыншы, аудармашы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.

6.2. Оның халыққа білім беру орындарында ұстаздық, жетекшілік қызмет атқара жүріп жазған жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатын көздеген «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) атты елеулі кітаптары мен оқу құралдары кезінде халық тағдыры үшін ерекше рөл атқарған еңбектер болды.

6.3. Жүсіпбек Аймауытов кезінде аудармашы ретінде де танылды. Ол аударған А.С. Пушкиннің, Н.В. Гогольдің, А. Дюманың, Дж.Лондонның, Г. Мопассанның, В. Шекспирдің, К. Берковичтің, С. Чуйковтың шығармалары жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ аударма өнерінің өрісін кеңейтті.

## Мағжан Жұмабай

→ 1. **Өмір сүрген жылдары:** □ 1893-1938 ж.ж.

→ 2. **Туған жері:** □ Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабай ауданы, Сасықкөл жағасында дүниеге келген.

→ 3. **Шыққан тегі.**

3.1. Мағжанның атасы – Жұмабай қажы. Әкесі Бекен саудамен айналысқан дәулетті адам болған. Анасының есімі – Гүлсім.

→ 4. **Білім жолы:**

4.1. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905 – 1910 жылдары Қызылжардағы (Петропавл) №1 мешіт жанында медреседе оқыды.

4.2. 1910 – 1913 жылдары Уфа қаласындағы “Ғалия” медресесінде білім алды.

4.3. 1913 – 1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды.

4.4. 1923 – 1927 жылдары Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқыды.

→ 5. **Қызмет жолы:**

5.1. Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында болды. 1917 жылы сәуірде Ақмола облысы қазақ комитеті құрамына сайланды. Мәскеу қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты.

5.2. “Алаш” партиясының Ақмола облысының комитетінің мүшесі болды.

- 5.3. [1918](#) – [1919](#) жылдары Петропавл уездік земство басқармасында қызмет етті.
- 5.4. 1919- [1923](#) жылдары Ақмола губерниялық “Бостандық туы” газетінде, “Шолпан”, “Сана” журналдарында, “Ақжол” газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады.
- 5.5. Ақын 1927 – 1929 жылы Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарады.
- 5.6. 1929 жылы "Жұмабайұлы “Алқа” атты жасырын ұйым құрғаны үшін" деген айыптаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі.
- 5.7. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. Петропавл қаласында мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің меңгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады.
- 5.8. 1937 жылы наурызда Алматы қаласына келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді.

→ **6. Тарихтағы орны:**

- 6.1. Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы.
- 6.2. Публицист → губерниялық “Бостандық туы” газетінде, “Шолпан”, “Сана” журналдарында, “Ақжол” газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады.
- 6.3. «Ұлттық тәрбие» атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М.Жұмабаев болды.
- 6.4. Мағжан өз халқының бойындағы биік рухқа сенген, армандаған азаттыққа жеткізеді, әлемдік өркениет көшінің алдыңғы легіне қайта қосылуға болады деп үміттенген.

**§1. “Қазақстан тарихы” пәні**


- 1. **Анықтама:** Тарих грекше «зерттеу», оқиғалар жөніндегі «әңгіме» деген мағынаны білдіреді.  
Адамзаттың, халықтар мен мемлекеттер-дің өткен өмірін, болашағын зерттейтін ғылым.
- 2. **Шығу тарихы:** Ежелгі Грекияда.
- 3. **Тарихтың негізін салушы:**
- 3.1. Грек тарихшысы → Геродот /тарих атасы/
  - 3.2. Геродот еңбегі → «Тарих» /сақтар туралы/
  - 3.3. Шығыс тарихшысы → Сыма Цянь

- 3.4. Сыма Цянь еңбегі → «Тарихи жазбалар» /ғұн, үйсін, қаңлы туралы/
- 3.5. Иран тарихшысы → Рашид ад Дин/діни ғұлама, энциклопедист, дәрігер, ботаник, табиғаттанушы/
- 3.6. Рашид ад Дин еңбегі → «Жамиғат ат тауарих», «Жылнамалар жинағы» /Түркі тайпаларының көшпелі тұрмысы мен әдет-ғұрпы туралы. Қазақ елі тарихы, Алаша хан мен Оғыз хан Монғол шапқыншылығы туралы./
- 3.7. Мұхамед Хайдар Дулати /XV-XVIғғ/ Жетісудағы дулат тайпаларының тарихшысы, әдебиетші, ғалым. Еңбегі «Тарихи Рашиди» 1546ж Қазақстан хандығы мен Орта Азия туралы.

→4. Міндеті:

- 4.1. Өткен замандағы маңызды оқиғаларды, сол кезеңдегі адамдардың өмір тіршілігін оқып үйретеді.
- 4.2. Тұлғалар іс әрекеттерін өнеге етеді.
- 4.3. Өткен өмірден сабақ алып, келешекті болжай білуге баулиды.
- 4.4. Өз Отанын, жерін, елін, сүйетін ұлтжанды қоғам азаматын тәрбиелейді.

- 5. Қазақстан тарихы- дүние жүзілік тарихтың бір бөлігі:
- 5.1. Еліміздің көне заманнан бүгінге дейінгі тарихының құрамдас бөлігі аса маңызды оқиғаларды, хроноло-гиялық ретпен баяндалады.
- 5.2. Ұлт тұлғалары, көрнекті ғалымдар, ақын жазушылар, белгілі қоғам және өнер қайраткерлерінің өмір жолы, шығармашылығымен танысады.
- 5.3. «Қазақстан тарихы» пәнінің құндылығы өткен өмірді еске алып, қазіргі ұғымын болашаққа бағдар жасайды.
- 6. Салалары: Жекелеген елдер мен дүние жүзінің жалпы тарихы.



## §2. Тарихтың қайнар көзі

1. **Анықтама:** Өткен заманнан бізге дейінге жеткен адамдардың өміріне қатысты әр түрлі мәліметтерді тарихи деректер дейміз.

2. Тарихи дерек көздерінің 5-ке бөлінуі:

2.1. Ауызша деректер:

- а) Тарихи аңыздар мен шежірелер.
- ә) Мифтік аңыз әңгімелер.
- б) Халықтың жыр-эпостары.
- в) Ертегілер мақал-мәтелдер, жұмбақтар, шешендік сөздер.
- г) Салт-дәстүр жырлар (бақсы сарындары, айтыс, балалар фольклері).

2.2. Жазбаша деректер:

- а) Тарихтың сыры мен құпиясын ашып көрсететін жазулары.
- ә) Патша мен әкімдер шығаратын заңдары мен құжаттары.
- б) Мемлекеттік және сауда құжаттары.
- в) Әр түрлі әдеби шығармалары.

**2.3. Археологиялық деректер:**

- а) Еңбек құралдары.
- ә) Қару-жарақтары.
- б) Сәндік бұйымдар.
- в) Ыдыс-аяқтар.
- г) Баспана тұрақтар.
- ғ) Жерлеу құрылыстары.

**2.4. Этнографиялық деректер:**

- а) Аңыздар.
- ә) Шежірелер.
- б) Тұрмыс заттары.

**2.5. Антропологиялық деректер:**

- а) Дене бітімі мен сипатын.
- ә) Этностар мен нәсілдер арасындағы ерекшеліктерін зерттейді.

3. Нумизматика – тиындар, құйма ақша кесектері т.б. ескерткіштер арқылы тиын соғу, ақша айналымын зерттейтін көмекші тарихи пән.

4. Геральдика ел таңба тану ғылымы. Елтаңбаларды арнайы деректеме ретінде зерттейтін қосалқы тарих пәні.

### §3. Жазбаша деректер

1. **Анықтама:** Жазу дегеніміз адамның ойын, пікірін білдіретін, хабарын жеткізетін таңбалар жүйесі.

**2. Жазудың шығу тарихы:**

2.1. Сурет-жазуды пайдаланды (аңшылар мен балықшылар).

2.2. Тастарға белгі қалдырды (Тас дәуірінде, балықшылар).

2.3. Шартты белгі ойлап тапты (пиктография – тасқа, қышқа жазылған сурет жазулар).

- 2.4. Иероглиф сурет-жазудың ерекше дамыған түрі (грекше «қасиетті жазу»). Ерекшелігі: белгілі бір ұғымды тұрақты түрде білдіретін шартты таңбамен жазу. Әлі күнге дейін қолданыста Қытай мен Жапонияда.
- 2.5. Ең көне жазу үлгісі – Шумер сына жазуы. Шартты белгілер, суреттер негізінде б.з.б. IV мыңжылдықтың ортасында Эфрат, Тигр өзендерінің арасында пайда болған. Акат тайпаларының жазуы.
- 2.6. Алфавит 3500 мың жыл бұрын финикиялықтар ойлап тапты. Ерекшелігі: дауысты дыбыстар болмаған.
- 2.7. Қазіргі біз қолданып жүрген әріпті табушылар – гректер.
- 2.8. Ежелгі түріктер б.з. V-IX ғ руна жазуын пайдаланды (Күлтегін, Тоныкөл ескерткіштері).
- 2.9. Сақ жазуы б.з.б. V-IV ғ («Алтын киімді адам», 26 таңба жазуы бар күміс тостаған).
- 2.10. Араб жазуы б.з. X ғ басталады, ислам дінінің орнығуымен тарайды.

2.11. Латын алфавитіне 1929 ж көшірілді.

2.12. Қазіргі кириллица алфавиті 1940 ж енгізілді.

### **3. Жазу түрлері:**

3.1. Папирусқа жазу- Ежелгі Египет, Ніл өзені бойында.

3.2. Тасқа жазу- Құлпытас, Күлтегін, Тоныкөк.

3.3. Балшық, пластинкаға жазу- Шумерліктер б.з.б IV мж.

3.4 Бұзау терісіне (пергаментті) жазу – Пергам патшасы б.з.б II ғасыр.

3.5. Қағазға жазу- Қытай б.з ІІғ

3.6. Кітап басуды – Еуропада,ХVғ И.Гутенберг ашты.

4. Тарихи еңбектер:

- 4.1. Грек тарихшысы Геродот- “Тарих”.
- 4.2. Орхон, Енисей өз бойынан - “Күлтегін” жазуы.
- 4.3. Вавилон патшасы “Хаммурапи заңдары”.
- 4.4. Парсы патшасы – «Бехистун жазбалары».

#### §4. Заттай деректер

- 1. Археология ғылымының қалыптасуы.
- 2. **Анықтама:** «Археология» адамзаттың өткен тарихын зерттейтін ғылым (грекше «архойос» ежелгі, «логос» ғылым) деген мағынаны білдіреді.
- 3. Зерттеудің нысандары қалалар, қоныстардың орны, кен өндірісі, шахталар, тоған, керуен сарайлар, үй-іші заттары, әскери бекіністер, оба, зираттар.
- 4. **Археологиялық ескерткіштер** – адамның қолымен жасалған заттар.

→ 5. **Археологияның мәні тарихты зерттеп танып білу**

→ 5.1. Адамдардың миы, жынысы, еңбек қабілеттілігі, нәсілі, түр-тұрпаты

→ 5.2. Кәсібі, шаруашылығы

→ 5.3. Мәдениеті

→ 6. Көне ескерткіштер мекені Египет, Тигр, Евфрит, Жерорта теңіз жағалауы

→ 7. **Тарихи ескерткіштер табылған қалалар:**

→ 7.1. Шумер қалалары (Ур, Урук), Ахетатон, Геркулакум, Помпей патша мұрағаттары мен кітаптары

→ 7.2. Қытай – сарбаз, ат-арбалардың қыш мүсіндері

→ 7.3. Отырар, Сарайшық, Саурам ежелгі көне қалалар

→ 8. **Зерттеген ғалымдар:**

→ 8.1. Ілкей Марғұлан Беғазы Дәндібай

→ 8.2. Кемал Ақышев «Алтын киімді адам»

→ 8.3. М. Қадырбаев «Мұртты қорғандар»

→ 9. **Этнография «этнос» – ел, халық, «графо» - жазамын немесе «логос» - зерттеймін.**

→ 9.1. Анықтама – халықтарды, шығу тегін, рулық-тайпалық және әлеуметтік құрамын, тұрмыс-тіршілігін, салт-сапасын, әдет-ғұрып ерекшелігін зерттейтін ғылым.

→ 9.2. Кезеңі – XIV ғ. Ортасында Еуропада

→ 9.3. *Негізін салушылар:* Тайлор, Мак-Леннан, Фрэзор, Люис Морган.

9.4. Зерттелген нысандар ертедегі адамдардың мекен-жайлары, тұрақтар, мола-қорым, зираттар.

9.5. *Зерттеу мақсаты:* Миклухо Маклай мұхит, аралда тұрған халықтарды зерттеді. Жаңа Гвинея аралдарында 3 рет болған 1872, 1877, 1883 жылдары. Л.Т.Морган 27 Солтүстік америкалық үндістер – иронездер туралы жазған.

9.6. *Міндеттері:* Экспедициялар жабдықтау. Қажетті мәліметтер жинау (салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар, тұрмысы, шаруашылығы) ауызша шығармалар жинау.

9.7. Зерттеудің маңызы елдің шығу тегін, болмысын зерттеу арқылы оның болашағына қатысты болжамдар жасау.

9.8. Этнология ғылымының саласы этносаралық қарым қатынасты зерттеу.

## §5. Өлке тану дегеніміз не? Тарихи өлке тану

1. *Анықтама:* туған өлкені жан-жақты зерттеп білу

1.2. Хронология кезеңі XVIII ғ. бастап (I Петр кезеңі 1713 жылы 13 ақпандағы қаулы) тарихи құндылығы бар заттарды мемлекетке тапсыру.

1.3. *Міндеттері:* өздерің туған өлкені зерттеп оларды қамқорлығына алып, тарихи ескерткіштерді аялау, олардың сақталуын қадағалау.

1.4. Мақсат археолог, этнограф, тарихшы мамандар көмек көрсету, өз Отанына үлес қосу.

1.5. Ономистика жер, адам есімдері, ру атауларын зерттейтін ғылым. Ономистиканың салалары:

- антропонимика (кісі есімдері)
- топонимика (жер-су атаулары)
- этнонимика (ру, тайпа, халық атаулары)
- теонимия (құдайлар мен басқа да аңыз кейіпкерлерінің атау-есімдері)
- космонимия (жұлдыздыр мен планеталардың атауларының мағынасы)

2. Тарихи география халықтардың ең көне кезеңнен бергі географиялық тарихын зерттеуі.

2.1. Көшпелілер мәдениеті шөлейт, далалық аймақта,

2.2. Отырықшы өркениеттер мәдениеті Ніл, Тигр, Евфрит, Үнді, Хуанхэ өзендері бойында.

2.3. Географиялық сызбалар 15 млн жыл. Географиялық карта 4 млн жыл

3. Тарихи демография халықтардың санын, өсуін азаятын зерттейтін ғылым.

4. Мұрағаттану көне замандардан бері жинақталған жазба құжаттар, қолжазбалар сақталатын орын.

4.1. Мұрағат көзі аса құнды жазбалар, қолжазбалар.

4.2. Міндеті – ауызша, жазбаша деректерді жинау.

5. Демографиялық деректер Геродот «Тарих» кітабында грек-парсы соғыстарында 5 млн парсы

## §6. Тарих және уақыт

1. **Анықтама:** Тарихи уақыт межесін тарихи өлшем арқылы белгілеу.

2. **Шығу тарихы:** Хронология гректің «хронос» – уақыт және «логос» – ғылым.

3. **Уақыт межесін анықтап, белгілеу:**

3.1. Табиғат құбылысы арқылы (күннің жылынуы, суытуы, жаңбыр, қар жаууы).

3.2. Күн мен айдың тұтылуына, айдың қозғалысын бақылау арқылы.

3.3. Қазақ халқы өзіне тән шаруашылық дәстүріне байланысты,

3.4. Әлемдегі елдер өткен айдың есебін екі түрлі жасайды:

– *циклдік* – ұлы тұлғалардың өмір сүрген кезінен.

*Мысалы:* Оғыз ханның заманы.

– *бір түзу тәртібі* – қазіргі уақыттағы жыл санау.

#### 4. **Жыл санаудың бөлінуі:**

4.1. Б.з.б. – біздерге белгілісі және белгісізі бар оқиғалар жыл санауымыздан бұрын да өткен.

4.2. Б.з. Иса пайғамбардың туған жылынан басталып қазіргі III мж басында, XXI ғ өмір сүріп жатырмыз.

5. **Қазақша жыл санау:** мүшел арқылы тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, тауық, ит, доңыз.

5.1. Жылды мүшел арқылы санау (мүшел бойынша әр жылға бір аңның аты берілген.

5.2. Жыл басы – Наурыз айының 22 жұлдызы. Бұл күні күн мен түн теңеледі.

6. «Хижра» - араб тілінде «қоныс аудару».

6.1. Ислам дінінің жыл санау үлгісі.

6.2. Мұхаммед пайғамбардың Мединеге қоныс аударуымен басталады. 622 ж. шілде айының 16 жұлдызы.

#### §7. Тарих және кеңістік

→ 1. **Анықтама:** Кеңістік – тоқтаусыз құбылыс, шексіз қандай да бір тарихи оқиға мен үрдістердің белгілі бір уақыт пен ортада өтетін өлшем бірліктері.

→ 2. **Кеңістік қасиеті:**

→ 2.1. Үш өлшемді кеңістік – сақтарда әлем үш құрылымнан: жер асты – төменгі, дер үсті әлемі – орта, жоғары – аспан.

2.2. Шексіз өлшемді кеңістік – болжамдар негізінде түріктерде тәңір–әке, Умай ана деген түсінік болған.

2.3. Мәңгі кеңістік – мәңгілік тіршілік, қозғалыс тіршілік беріп отыратын қасиетті жаратылыс.

→ **3. Кеңістік ұғымының ғалымдарда қолданылуы:**

→ 3.1. Философиялық кеңістік

→ 3.2. Тарихи кеңістік

→ 3.3. Географиялық кеңістік

→ **4. Қазақ халқының кеңістік туралы ұғымдары:**

→ 4.1. Сақтардың әлемнің құрылысын 3-ке бөлуі: жоғарғы, орта, төменгі.

→ 4.2. Ежелгі тайпалардың түсініктері: Әлемнің 4 бұрышы болған (оң, сол, алдыңғы, артқы).

→ 4.3. XVIII ғғ. Бұқар жырау «шыртарыс» – жердің дөңгелек екендігін аңғарған.

§8. Тарихи карта

→ 1. **Анықтама:** Карта – жер бетінің немесе оның жекелеген бөліктерінің кішірейтілген көрінісі.

→ 2. **Картаның негізін қалаушылар:**

→ 2.1. Ең алғашқы карта – Қытайда.

→ 2.2. Ең жақсы дамыған карта – Грекияда.

→ 2.3. Алғаш рет жердің кескін картасын жобалап жасаған – Геродот.

- 2.4. Птоломей б.з.б. II ғ. «География» дүние жүзі картасы 26 мемлекеттің аумағы.
- 2.5. Махмұд Қашқари XI ғ. Қазақ жерінің саяси-этностық тарихы.
- 2.6. Әл-Идриси «Сураг-әл-ард» (Жер бетінің суреті) қимақтарда 16 қала бар деп көрсетелді.
- 2.7. С. Ремезов XVII ғ. – алғаш рет қазақ жерін картаға түсірген – «Сібірдің сызба кітабы».
- 2.8. И.Г.Ренат Қазақ жері картасын Жоңғар қонтайшысының тапсырысымен жасайды.


### 3. Картадағы қазақ жері туралы мәліметтер берген

- 
- 3.1. Арий, тур тайпалары.
  - 3.2. Араб, парсы көпестері.
  - 3.3. Саяхатшылар мен саудагерлер.
  - 3.4. Қазақтың ұлы перзенттері


### 4. Қазақ жерін географиялық тұрғыдан зерттеген ұлы ғалым Шоқан Уалиханов.

- 
- 4.1. Орыс географиялық қоғамының мүшесі.
  - 4.2. Ыстықкөлдi алғаш рет топографиялық картаға түсірді.
  - 4.3. Қазақстанның Оңтүстік өңірлерінің және Шығыс Түркістанның картасын жасады.

### 5. Қазақстанның картадағы орны

- 
- 5.1. Аумағы – Қазақстан – 5 құрлықпен шектеседі.
  - 5.2. Солтүстікте – Ресеймен, Шығыста – Қытаймен, Оңтүстікте – Өзбекістан, Туркия, Батыс Каспий теңізі – Өзiрбайжан.
  - 5.3. Ұзындығы – 15 мың шақырым.
  - 5.4. Бас қала – Астана, Қазақстанның солтүстігінде.

## §9. Қазақстан әлемдегі ірі мемлекеттің бірі

- 
1. Хронологиялық негізі – XV ғ 50-60- XXI ғ
  2. Тәуелсіз мемлекет аталуы – 1991 жылы, 16 желтоқсан.
  3. Орналасқан орны – Еуразияның дәл ортасында “Еуразия кіндігінде”.

- 4. Жер көлемі – 2 миллион 724,9 шақырым. 1 шаршы шақырым жерге 6 адамнан келеді.
- 5. Әлемдегі жер көлемі бойынша тоғызыншы орында.
- 6. Аумағы:
  - 6.1 Батыстан Шығысқа – 3000 шақырым.
  - 6.2 Солтүстіктен Оңтүстікке – 1600 шақырым созылып жатыр.
- 7. Шекаралық келісім 2005 жылы қаңтар айында - Қытай, Өзбекістан, Ресей.
  - 7.1. Таулары – Тянь-Шань, Алтай, Алатау, Памир.
  - 7.2. Көлдері – Каспий, Арал, Балқаш.
- 8. Топономика – жер-су аттарының шығуын, дамуын, жазылуын зерттейтін ғылым.
  - 8.1. Пайдалы қазба байлығына байланысты: Жезді, Қорғасын; Қалайы.
  - 8.2. Жануарлар, өсімдіктер дүниесін байланысты жер аттары: Аюлы, Маралды, Теректі, Қарағайлы... т.б.
  - 8.3. Тарихи оқиғаларға байланысты: Дон, Днепр, Днестр, Дунай.
  - 8.4. Тұлғалар аттарына байланысты: Едіге билігі – Ұлытаудағы Көкжартас, Абылайдың – Баянауыл, Малайсары тауы – Жетісуда.

## §10. Біздің Отанымыз – Қазақстан

- 1. Қазақстанның табиғаты әр алуан.
- 2. Территориясы Қазақстанның оңт-батыс және оңтүстік аудандары Тұран жазығымен шектеседі.
  - 2.1. Қазақстанның шығысында Алтай таулары жатыр, ең биік шыңы 4506 метр.

- 2.2. Орталық Қазақстанның солт-шығысында Баянаул таулары, ең биік жері 1026 метр жететін Ақбек тауы.
- 2.3. Қарағанды облысында орналасқан Қарқаралы тауы, биік жері Қызыл Арай 1565 метр.
- 2.4. Сарыарқаның қиыр оңтүстік-батысында Ұлытау, биік жері 1133 метр.
- 2.5. Орал тауының жалғасы болып табылатын Мұғалжар тауы, 25 шақырым.


3. Қазақстан Республикасында – 14 облыс, 90-ға жуық қалалар, 200 қала тектес кенттен, 150-ден астам аудан.

4. Қазақстандағы өзендер мен көлдер 85 мыңға жуық өзендер, 48 мыңға жуық көлдер: Балхаш, Алакөл, Теңіз, Марқакөл.


5. Жануарлар дүниесі 155 жануар, 480 құстар, 49 бауырымен жорғалаушылар, 11 қосмекенділер, 150 балықтың түрлері.

6. Шөл, шөлейт далалар Бетпақдала, Қарақұм, Борсық құмы, Үстірт.

7. Қазба байлықтары әр алуан (қорғасын, қалайы, күміс, вольфрам, фосфорит, барий, т.б.)

- 
- 7.1. Мыс (Кенді Алтай, Орталық Қазақстан, Жоңғар Алатау, Қаратау)
  - 7.2. Алтын (Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан)
  - 7.3. Мыс (Жезқазған)
  - 7.4. Темір(Теміртау)
  - 7.5. Мұнай (Батыс Қазақстан)
  - 7.6. Алтын, уран (Шығыс Қазақстан)
  - 7.7. Көмір (Екібастұз)

## §11. Қазақстан халқы



1. **Анықтама.** Этнос – бергілі бір аумақта тұратын тілі мен діні, шығу тегі ортақ ұлт. Диаспора – өз елінен тыс жерде өмір сүретін этностық топ.

1.1. Жер бетінде 3 мыңдай этнос өмір сүрсе, соның тек 200-дейі ғана өз мемлекетін құрған.

## 2. Қазақ халқының басынан өткен қиын қыстау кезеңдері.

- 2.1. Жоңғар шапқышылығы. XVIII ғ.
- 2.2. Ресейдің отырлау саясаттары.
- 2.3. Ашаршылық 1930-32 жылдары.
- 2.4. Зиялылардың репрессияға ұшырауы. 1937-38 жыл.
- 2.5. Қазақ жерін басқа ұлт өкілдерінің жаппай қоныс аударуы. (Қиыр Шығыстан 96 мың кәріс отбасымен, 105 мың поляк Қазақстанға күшпен әкелінуі. Еділ өзенінің бойына 1 миллионнан аса немістің шығысқа көшірілуі, соның ішінде 400 мыңы Қазақстанға келді. 1943-44 жылдары қарашай қалмақ, Қырым татарлары, балғар, шешендер, ингуштар келуі.)
- 2.6. Ұжымдастыру кезеңінде қазақтардың шетелге қоныс аударуы.
- 2.7. Индустрияландыру, тың игеру жылдарында Қазақстанға басқа ұлт өкілдерінің келуі және тұрақтап қалуы. Жалпы 2,5 миллиондай басқа ұлт өкілдері қоныстандырылды.
- 2.8. 1954-65 жылдары азық түлік проблемасын шешу мақсатында тың жыне тыңайған жерлерде игеру науқаны жүргізілді. Қазақстанға тағыда 2 миллиондай басқа ұлт өкілдері көшіп келді.

## 3. Қазіргі күнде Қазақстан көп ұлтты мемлекет.

### 4. Қазақстан Республикасының ерекшелігі:


- 4.1. Ата заңда дініне, тіліне, тегіне қарамастан барлық ұлттардың құқықтары теңестірілген.
- 4.2. Елімізді мекен ететін аз ұлт өкілдеріне қолдау көрсетіледі.
- 4.3. Әр ұлттың өз тілдерінде басылымдары газет, теледидар, хабарлар таратуға мүмкіндік бар.

### 5. Қазақстанның негізгі шарты:

- 5.1. Ұлт аралық қатынасты орнықтыру.
- 5.2. Мемлекеттік тілді білу, құрметтеу.
- 5.3. Аянбай еңбек етіп, кәсіби мемлекет құру.

## §12. Қазақстан қалалары

- 1. Хронологиясы XX ғасырлар.
- 2. Қазақстан қалаларының тарихы 2004 жылы 14 облыс, 90-ға жуық қалалар, 200 қала тектес кенттен, 150-ден астам аудан болды.
- 3. Ең көне қала – Түркістан, жасы 2000 жыл бұрын салынған.



- 3.1. Саяси және экономикалық маңызы: Түркістан төрт жолдың торабында орналасқан.
- 3.2. Батыс пен шығыс, оңтүстік пен солтүстіктен келген керуен жолдарының түйісетін жері.
- 3.3. Түркі халықтарының саяси-рухани орталығы.
- 3.4. Сопылық діннің негізін қалаушы Қожахмет Яссауидің күмбезі бар.
- 3.5. Ұлы адамдар жерленген пансиондар (Абылай, Есім хан, т.б.)

4. Ақтау. Ірге тасы қаланған жыл – 1959. 1964 – Шевченко деп өзгертілді, 1992 жылдан – Ақтау деп аталады.

- 4.1. Маңғыстау облысының орталығы.
- 4.2. Каспий теңізінің жағалауындағы портты қала.
- 4.3. Мұнай мен газ өндірілетін экономикалық аймақ.

5. Ақтөбе. Ірге тасы қаланған жыл – 1869. Қала атағы мәртебесін алған жыл – 1891.

- 5.1. Облыс орталығы.
- 5.2. Елек өзенінің бойында жатыр.

6. Алматы. Ірге тасы қаланған жыл – 1854. Ресейдің әскери бекенісінің тірегі ретінде қаланды.

- 6.1. 1921 жылға дейін Верный деп аталды.
- 6.2. 1921-1993-ке дейін Алма-Ата, 1993 жылдан Алматы деп өзгертілді.
- 6.3. Қазақ мемлекетінің 1929-1997 жыл аралығында астана мәртебесіне ие болған.
- 6.4. Саяси, экономикалық, туристік аймақ орталығы.

7. Атырау. Ірге тасы қаланған жыл – 1640.

- 7.1. Алғашқы атауы – Үйшік, деп аталатын балықшы қыстағы болған.
- 7.2. Гурьев көпестің қаржысымен 1662 жылы салынған, 1992 жылға дейін соның атымен аталды.
- 7.3. 1992 жылдан бастап Атырау қаласы деп аталды.
- 7.4. Алтын Орданың саяси орталығы, Сарайшық орн.
- 7.5. Жәнібек, Бұрындық, Қасым хандар билік жүргізді.

8. Қарағанды. Ірге тасы қаланған жыл – 1934. Қарағанды аталу себебі – «қарағаны қалың өскен жер» мағынасынан шыққан.

- 8.1. Көмір кенінің орталығы.
- 8.2. Қарағанды саяси тұтқындар камалатын ең үлкен лагерге айналған аймақ.

9. Қостанай. Ірге тасы қаланған жыл – 1897. Облыс орт.

- 9.1. 1893 жылға дейін Николаевка деп аталған.
- 9.2. Қостан деген батырдың атымен байланыстырылған.
- 9.3. «Қос өзен» деген мағынаны білдіреді (Тобыл, Обаған).

10. Қызылорда – Сырдария өзенінің бойында орналасқан облыс орталығы.

- 10.1. 1853 жылға дейін Ақмешіт деп аталды.
- 10.2. 1853-1922 жылдар аралығында Перовск.
- 10.3. 1922-1925 ж қайтадан Ақмешіт.
- 10.4. 1925 жылдан бастап Қызылорда болып өзгертілді.

11. Семей. Ірге тасы қаланған жыл – 1718. Ресейдің бекінісі ретінде тұрғызылған.

- 11.1. 1782 жылдан қала міртебесіне ие болды.\
- 11.2. Атаудың шығу тарихы – орыстың «семь палат» сөзінен шыққан.
- 11.3. Ертіс жағалауында қимақтардың қонысы болған.
- 11.4. XVII ғ.б. қалмақтар 7 үй, пұтхана (дінге табынатын орын) салған.

12. Шымкент – Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы.

- 12.1. XII ғ. белгілі ортағасырлық қала.
- 12.2. Атауының тарихы. «Көк майсалы, бау-бақшалы, шыммен қоршалған бекіністі қала».

### §13. Адамды кім жаратты?

1. **Хронологиясы:** 2-2,5-3 миллион жылдай бұрын – Африка мен Азияда өмір сүрген.

2. Адамның пайда болуы.

2.1. Түпкі аталарын аң-құстар деп есептелген.

2.2. Жануарларға, өсімдіктерге немесе табиғат құбылыстарына байланыстырған. Сондықтан да, әр ру өз тотеміне сиынып, әдеп-ғұрыптарын сақтап келген. Бір тотемге табынатын ру өз ішінде туыс саналған және қыз алыспаған.

→3. Жаратушы туралы қазақ аңыздары.

3.1. Көне тотемдік сенімдер (аю, бұғы, бүркіт, қасқыр). Осы сенім-нанымдардың барысында тәңірлік дін қалыптасты. Мекені – көк аспан. Өкілдері – бақсылар. Жаратушы – Құдай. Иелік етуші, Адамды жаратқан. Ал Адам Ата жалғызсырамасын деп, оның қабырғасынан, Хауа Ананы жаратты. Жер бетіндегі адамзат содан тараған.

→4. Адам туралы ілімдер.

4.1. Адам маймылдан жаратылған – Еуропада– XVIII-XIX.

4.2. Адам мен маймылдың арасында туыстық бар – Карл Линней және Чарльз Дарвин.

4.3. Адамның қалыптасуына еңбек әсер етті – Фридрих Энгельс.

4.4. Адам маймылға ұқсас – грек ойшылы Аристотель.

4.5. Маймылдың бірте-бірте барысында адамға айналуы мүмкін – Жан Ламарк.

→5. Адамның пайда болуы және оның даму кезеңдері. 4 кезеңнен тұрады.

*I кезең.* Рамапитек Алғашқы ата-тегіміз Таралу аймағы: Үндістан, Кения, Қытай, Греция.

*II кезең.* Австролопитек «Люси» және Презинджантроп «Елті адам, Homo habilis». Хр. 1959-60 ж Африкадан табылды.

*III кезең.* Номо адамдар «Тік жүруші адамдардың ата-тегі»: Азия, Африка Европадан табылды.

*IV кезең.* Питекантроп (Номо erectus) «Тік жүретін адам», 1890-91 ж Ява аралын табылған. Б.з.б. 800-500 мың жыл бұрын.

Синантроп «Қытай адамы», 1927 ж Пекин, Чжоу-коу-дянь үңгірінен табылған. Б.з.б. 500-200 мың жыл бұрын.

Неандерталь адамы 1856 ж. Германиядан табылған. 1938 жылы Окладников Өзбекістандағы Тесіктас үңгірінен неандерталь баланың сүйегін тапты. Б.з.б. 100-35 мың жыл бұрын.

Краманьон адамы «Қазіргі адамға ұқсас саналы адам – Номо sapiens», Францияның Краманьон үңгірінен табылған. Б.з.б. 40-35 мың жыл бұрын.

—————→ 6. Қазақстан жерінен табылған алғашқы адамдар – 1 миллион жыл бұрын.

6.1. Ежелгі адамдардың тұрағы – Қаратау маңы, Жамбыл облысынан тапқан Х. Алпысбаев, 1958 ж.

#### §14. Тас дәуірі (Палеолит)

1. **Анықтама.** Адам баласының алғашқы еңбек құралдары тастан жасалғандықтан тас дәуірі деп аталады. Қолдану дәуірі өте ұзаққа созылған дәуір.

## 2. Кезеңдерге бөлінуі. 3-бөлінеді:

- 2.1. Ежелгі палеолит – (Хр: б.з.б. 2,5 млн-100 мыңжылдықтыр арасы)
- 2.2. Ортаңғы палеолит немесе мустьер дәуірі (б.з.б. 100-40 мыңжылдықтар арасы)
- 2.3. Кейінгі палеолит (б.з.б. 40-12 мыңжылдықтар)

## 3. Еңбек құралдары:

- 3.1. Тескіш, кескіш, қырғыш, чоппер, чопплинг. Тас өңдеу технологиясы: үшкір тастар арқылы жарып түсіру – Қызылрысбек, Арыстанды қоныстарынан кездеседі.
- 3.2. Болас (жіпке байланған домалақ тас). Тас құралдың 20 жуық түрі болды. Шикізаты кварцит, яшма, тақтатас.
- 3.3. Найза, дротик.

## 4. Табиғаты. Б.з.б. ауа райы күрт өзгерді. Күн суытып жер бетін мұз басады. Көптеген жануарлармен бірге адамдар да топ-тобымен қырылады. Бұл уақыт мұз дәуірі деп аталады.

- 4.1. Мұздықтың еріп, қазіргі ауа-райының қалыптаса бастаған кезеңі, 13 мың жылдай бұрын.
- 4.2. Қазақстан табиғаты өзгеріске ұшырады. Субтропиктік ормандар басты, қайың-шырша көп өсті.
- 4.3. Жануарлардан піл, мүйізтұмсық, жабайы жылқы, бизон, мамонттар болды.

## 5. Орта тас ғасыры (Мезолит). Хр кезеңі 12-5 мыңж.

- 5.1. Ерекшелігі – ірі жаңалықтардың бастамасы болды. Садақ, бумеранг шықты.
- 5.2. Табиғаты: мұз басу аяқталды, күрт жылынды.

5.3. Еңбек құралдары: жебелі садақ (доғал және домалақ ұшы), бумеранг (имек ағаш сияқты аңға лақтыратын қару) шықты.

## 6. Шаруашылығы.

- 6.1. Аң және балық шаруашылығы. Қайық ойлап тапты.
- 6.2. Мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының алғашқы белгілері білінді.


## 7. Тас өңдеу технологиясы жетілді.

- 7.1. Тас кесу, жону.
- 7.2. Тасты жылтырата тегістеу.
- 7.3. Тасты тілетін арнайы құралдар пайда болды.

8. Жаңа тас ғасыры (Неолит). Неолиттің басты жаңалығы балшықтан ыдыс жасау, егіншілік, мал шаруашылығы пайда болды. Хр кезеңі б.з.б. 5-3 м.ж.–600 тұрақ табылған.

9. **Ерекшелігі:** Жабайы жануарларды қолға үйретті (итті үй жануарлары ретінде), саз балшықтан ыдыс жасады, жер өңдеудің жаңа түрін ойлап тапты. Өнімді еңбек дамыды, кен өндірісінің алғашқы белгілері пайла болды. Сондықтанда бұл кезең неолиттік төңкеріс деп аталды.

## §15. Қола дәуіріндегі Қазақстан



→ 1. **Хронологиясы:** б.з.б. II-I мыңжылдықтар.

- 1.1. Ерте қола дәуірі (б.з.б. XVIII-XV ғғ.), Федоров кезеңі: Андронов мәдениеті.
- 1.2. Орта қола дәуірі (б.з.б. XV-XIII ғғ.), Алакөл кезеңі.
- 1.3. Кейінгі қола дәуірі (б.з.б. XIII-VIII ғғ.), Замараев кезеңі: Биғазы-Дәндібай мәдениеті.

## **2. Ерекшеліктері:**

- 2.1. Түсті металдар мен алтын өндіретін кендер игерілді.
- 2.2. Бақташылық мал шаруашылығы, теселі егіншілік пайда болды.
- 2.3. Әкелік, рулық қатынас орнады.
- 2.4. Тайпалар бірлестігі құрыла бастады.
- 2.5. Андронов тайпалары көшпелі мал шаруашылығына көшті.

## **3. Мәдениеті:**


- 3.1. Оңтүстік Сібір-Ачинск маңы (Андронов мәдениеті), 1914 ж. Андронов тапты.
- 3.2. Батыс Қазақстан, Минусинск, Орал тауы, батыс Сібір жазығы, М.П.Грязнов тапты.
- 3.3. Орталық Қазақстан, Андронов тайпасының негізгі мекені.
- 3.4. Арқайым, Ежелгі қала (Қостанай, Челябы шекарасы).

## **4. Шаруашылығы:**

- 4.1. Теселі егіншілік: Бидай, қарабидай, тары.
- 4.2. Мал шаруашылығы: Қос өркешті бактриан түйесін өсіру, малды қолға ұстау, қой мен жылқы көбейді.
- 4.3. Көшпелі мал шаруашылығына көшті.
- 4.4. Кен өндіру: жұмсақ (омыру арқылы), қатты (отпен уату), терең (үнгір қазу).
- 4.5. Қыш ыдыстар жасау: таспалық әдіс, қалыпқа салып пішіндеу, геометриялық өрнек салу.

## **5. Діни наным:**

- 5.1. Табиғат күшіне табыну (күнге, айға, жұлдызға).
- 5.2. Мәйіттің қол-аяғын бүгіп жатқызу.
- 5.3. Кремация (мәйітті өртеу).
- 5.4. Отқа табыну: «Ошак».
- 5.5. Қасиетті орын: Тіреуіш, «Адамды көкпен жалғастырушы».
- 5.6. Басты оңтүстік батысқа қаратып жерлеген.



## **6. Өнері:**

- 6.1. Петроглифтер (қос өркешті бактриан түйесінің мүсіні (Үшқатты)).
- 6.2. 49 соғыс арбасының суреті (Қаратау).
- 6.3. Соқамен жер жырту бейнесі.

7. **Тілі:** Үнді-ирандық.

8. **Нәсілі:** Еуропалық.

## **9. Қоғамдық құрылымы:**

- 9.1. Абыздар (Әдет-ғұрып жоралғыларды уағыздаушы).
- 9.2. Ру басылар (Әкелік отбасы қатынасы артады).
- 9.3. Жауынгерлер (негізгі тобы).

10. **Баспанасы:** үңгір, жертөле.


## **11. Археологиялық ескерткіштер:**

- 11.1. Орталық Қазақстан: Алғабас, Атасу, Дәндібай, Беғазы.
- 11.2. Шығыс Қазақстан: Қанай, Трезднесково, Малокрасноярко.
- 11.3. Оңтүстік Қазақстан: Тегіскен, Таутары.
- 11.4. Солтүстік Қазақстан: Арқайым, Бесбай, Тастыбұтақ, Кіргелді.
- 11.5. Батыс Қазақстан: Ахмет-ауыл, Бесбай, Чаглинка.

## **12. Археологтар:**

- 12.1. 1946 ж. зерттеген Ә. Марғұлан.
- 12.2. В.П.Алексеев Андроновтар бет-бейнесін сипаттаған.

## **§16. Сақтар**

- 
1. **Анықтама:** арғы тегі: арилар, турлар.
  2. **Хронологиясы:** б.з.б. I мыңжылдық-б.з. I мыңжылдық арасы.

3. **Территориясы:** Бүкіл Қазақстан.
4. Қоғамдық құрылысы: Әскери демократиялық.
5. Басқару жүйесі: патша (мемлекет билеушісі), жауынгер (соғыс басқару), абыз (ақ киім), қауым мүшелері (сары, көк түс).
6. **Тайпалар:**
  - 6.1. Тиграхауда: Жетісу, Тянь-Шань, Амударияның төменгі ағысы.
  - 6.2. Парадария: Арал, Қаратеңіз, Амудария, Сырдария.
  - 6.3. Хаумаварга: Түркменстан маңындағы Мұрғаб аңғарында.
7. **Деректер:**
  - 7.1. Гректер «Азиялық скифтер» Страбон «География».
  - 7.2. Парсылар «Құдіретті еркектер», Геродот «Тарих» кітабі.
  - 7.3. Ирандықтар «Жүйрік атты турлар», «Авеста» кітабы.
8. **Тілі:** шығыс Иран тілдес.
9. **Нәсілі:** еуропалық.
10. **Діні:**
  - 10.1. Анимизм (ата-бабаға сыйыну).
  - 10.2. Тотемизм (мәйітті бальзамдау, мумиялау).
  - 10.3. Магия (мәйіттерге қызыл бояу жағу, қабір басына от жағу).
11. **Наным-сенімі:** отқа, жерге, күнге, аруақтарға табынды. «Жылқыны» күнмен, отпен байланыстырады.
12. **Мәдениеті:**
  - 12.1. Сауда дамыды: Дала жолымен лазурит, нефрит тасымалданды.
  - 12.2. Қолөнер дамыды.
13. **Стилі:** аңдық стильде.
14. **Шаруашылығы:**
  - 14.1. Көшпелі мал шаруашылығы (Батыс және Орталық Қазақстан).

14.2. Жартылай көшпелі мал шаруашылығы (Шығыс Қазақстан, Жетісу, Алтай).

14.3. Отырықшы мал шаруашылығы (Оңтүстік Қазақстан, Шу, Талас, Сырдария өзендері).

15. Малдары (түйе, жылқы, қой).

16. Халық аралық қатынас – Батыс елдермен.

## §17. Сақ патшалары. Сақтардың тәуелсіздік үшін күресі

1. *Хронологиясы*: б.з.б. VIII-IV ғғ.

2. *Басқару ісі*. Тайпаны көсем басқарды (бас қолбасшысы, құдайдың қалаулысы болып есептелді).

3. Сақтардың әлеуметтік топқа бөлінуі.

3.1. Жауынгерлер – қызыл түс, ел тыныштығын қорғады «арбада тұрғандар».

3.2. Абыздар – ақ түс, әдет-ғұрып сақтаушы.

3.3. Малшылар мен егіншілер – сары түс «сегізаяқтылар».

4. Сақ патшаларының тәуелсіздік үшін күресі.

4.1. Б.з.б. VIII-IV ғғ. Асирия Медиямен одақтасып б.з.б. 530-529 жылы парсы патшасы Кирмен соғысты.

4.2. Марафон шайқасы б.з.б. 490 ж.

4.3. Сақтардың Парсы патшасы I Дариймен соғысы б.з.б. 519-518 ж. Шырақ қулығын асырып, парсы әскерлерін түгел адастырып, қырғынғы ұшыратты.

4.4. Б.з.б. IV ғ. Александр Македонскийдің Орта Азияға кіруі. Сақтар жан қайырлықпен шайқасып, өз жерін македондықтардан қорғап қалды.

## §18. Алтын киімді адам

1. Хр. кезеңі 1969-70 жыл – Кемал Ақышев.

→2. Табылған құнды жәдігер – «Алтын киімді адам», б.з.б. V- IV ғғ. Табылған орны – Есік қорғаны, Алматы облысы.

→3. Жасы – 17-18 жасар сақ ханзадасы. Қолында екі жүзік, құрастырмалы белбеуі, қызыл қынапты ұзын семсер және темір қанжары бар.

→4. Бойы - 165 см, бас киімінің биіктігі - 70 см.

→5. Алтын адамның зооморфтық белгілері:

→5.1. Алтын киім – күн түсті, патша – Құдайға, күнге теңестірілген.

→5.2. Бас киімі – абыздықты бейнелейтін жоғарғы әлеуметтік тапты көрсетеді.

→5.3. Кеудешесі – атты әскерлерді бейнелейтін ортаңғы әлеуметтік тапты.

→5.4. Төменгі жағы – көшпелі малшыларды, төменгі әлеуметтік тапты көрсетеді.

→6. Түстер туралы идеология.

→6.1. Алтын түс – Күннің түсі. Құдай мен күннің буырқанған қуаты, құдіреттілігі.

→6.2. Күміс түс – Айдың түсі.

→6.3. Көгілдір түс – Аспан түсі.

→7. Стилi аңдық – дем берушi күш.

→8. Алтын адамның киім композициясындағы символикалық мәндер:

→8.1. Бас киім «Алтын таулар мен ағаштар» - дүниенің келбеті.

→8.2. Шаншылған алтын жебелер – күн сәулесі.

→8.3. Алтын адамның өзі – патша, күн құдайымен теңестірілген.

→8.4. «Алтын жебе, ешкі мүйізді, алтын қанатты пар ат» - Патшалықтың белгісі.

→8.5. Құс – жоғарғы әлем, аспан.

→8.6. Ат – ортаңғы әлем, жер.

→8.7. Ешкі – төменгі әлем, жер.

→8.8. Қанатты жебелер – жердің 4 тарабы, 4 құбыласы.

→8.9. Қанаттар – абыздық белгі, абыздық қызмет.

→9. Деректер:


→9.1. Геродот «Тарих» еңбегі.

→9.2. Страбон шығармалары «География».

→9.3. Қытай деректері: Сыма Цянь «Тарихи жазбалар», Бан Гу «Хан тарихы».

## §19. Мөде – Ғұн мемлекетінің негізін қалаушы

1. Хр кезеңі б.з.б. VI-III ғғ. Орта Азияда қоныстанған.



2. «Халықтардың ұлы қоныс аудару кезеңі» б.з.б. I ғ соңы мен б.з. I ғ.

3. Деректер. Б.з.б. III ғ. Қытай деректері оларда «Хунну» деп аталған. Еуропалық деректерде «Гуни».

4. *Билеушісінің титулы* – шаньюй, қытайша «шонби» - Ся руынан шыққан билеушілердің бірі Шуньвей болған.

5. III ғ. Ғұн мемлекетінің негізін қалаған Тұман шаньюйдің ұлы Мөде.

6. Халқы 24 тайпаға бөлінген.

7. *Басқару жүйесі*: Ақсақал, түменбасы, рубасшылары.

8. *Мемлекеттің сипаты*: әскери демократиялық.

9. *Шаруашылығы*:

- 9.1. Мал шаруашылығы – қой, жылқы.
- 9.2. Егін шаруашылығы – тары.
- 9.3. Қосалқы шаруашылығы – құс, елік марал.

10. Соғыс құралдары: садақ, ысқыратын жебе, тас атып, қамал бұзатын қару.

11. *Қол өнері*:

- 11.1. Ыдыстары: қыштан құмыралар, т.б.
- 11.2. Тері бұйымдары: саба, торсық, т.б.
- 11.3. Ағаш бұйымдары: ожау, тостаған, т.б.

12. *Саяси тарихы*


- 12.1. Б.з.б 55 жылы Оңтүстік және Солтүстік болып екіге бөлінді.
- 12.2. Солтүстік ғұндар Моңғолияның Солтүстік Батысындағы Қырғызнұр көлінің маңына орналасты.

13. *Тарихы тұлғалары*

- 13.1. Мөде б.з.б үшінші ғасырда Қытаймен кескілескен соғыс барысында ғұн тайпаларын біріктірді. Ғұндардың билеушісі-шаньюи деген атақ алды. Ол шексіз билікке – “аспан ұлы” деген атаққа ие болды.
- 13.2. б.з бесінші ғасырында Атилла шығыс Рим империясына жорық жасады

14. *Тарихи маңызы*: Түркі халықтарының қалыптасуына ықпал етті.

## § 20 Батыс және Оңтүстік ғұндар



1. *Хронология:* б.з V- II- VI ғасыр. Басшысы Еділ(Атилла)  
400-453 жылдар

2. Территориясы Орта Азияда


3. Б.з.б V ғ ғұн атауы Сюнну, қытайша

4. Ғұндардың батысқа жылжыған жылдары б.з.б II ғ

5. *Ғұндардың соғыстары:*

- 
- 5.1. б.з.б 209 жылы Дунхуларды бағындырады
  - 5.2. б.з.б 203-201 жылдары Алтай, Енисей қырғыздарын бағындырады
  - 5.3. б.з.б 288 жылы Қытаймен соғыста Хань императоры Мөдемен қырық жыл татулықта болады, қызын әйелдікке берді
  - 5.4. б.з.б 174 жылы Юечжілермен соғыста батысқа Бактрияны Кушан ыпатшалығын жаулады
  - 5.5. Мөде 36 мемлекетті бағындырды
  - 5.6. б.з.б 133ж Ғұндармен Қытайдың арасында соғыс қайта жанданды.  
Қытай үйсіндерге қызын беріп, ғұндарға қарсы айдақ салмақ болды.
  - 5.7. б.з.б 71 жылы Үйсін-қытай одағынан ғұндар жеңілді,
  - 5.8. б.з.б 55 жылы Чжи-чжи бастаған ғұндар бірінші рет Қазақстанға, жетісуға Орта Азияға қоңыс аударды
  - 5.9. б.з.б III-IV ғғ Юғбан мемлекетті құрылды, Жетісу, Шығыс Қазақстан.

6. б.з.б II -б.з V ғ Халықтардың ұлы қоңыс аударуы

- 
- 6.1. Жергілікті сақ, үйсін, қаңлы, юэчилер батысқа орналасты
  - 6.2. Сармат, аландар, ғұндармен Еуропаға жылжыды

6.3. Герман тайпалары ғұндармен одақтасты

6.4. б.з 376 жылы Венгрия Румынияға қосылды

6.5. Еділ 445-453 жылдары билікке келді- Еуропаны, Африканың солтүстік Бөлігін, батыс Азияны қамтыған Рим империясын құлатты.

6.6. IVғ 70 жылы Оңтүстік- Шығыс Еуропаны бағындырды.

6.7. Ғұндардың Еуропаны жаулады баламер патша тұсында басталып-

Еділ тұсында аяқталды.

6.8. 451жылы Галлияның Каталаун(Франция жері) даласында шайқас болды.

6.9. Аттила римдегі құлдықты жойды.

#### 7. Деректер


- 7.1. Джузуппе, Верди “Аттила” операсы
- 7.2. Прииск Аттила жайындағы құнды деректер
- 7.3. Марцелин Ғұн жауынгерлері жайлы
- 7.4. Қытай деректерінде

#### 8. Маңызы

- 8.1. феодалдық дәуірің басталуы
- 8.2. Құлдық ыдырауы, ұлттық мемлекеттердің пайда болуы

### § 21 Түрік қағанаты

1. Хронологиясы: 552-603 ж



2. Сипаты-ерте феодалдық мемлекет, Түркі тайпасы-теле (546ж)

3. *Негізін салушы:* Бумын Қаған 552ж

4. *Билеушілері:*

4.1 Қаған-ел билеуші

4.2 Шад, ұлысты басқарды

4.3 Елтебер

5. *Діні:* Тәңірге сыйынған

6. Территориясы: Қазақстан, Орта Азия, Солтүстік Моңғолия мен Шығыс Еуропа Амударияның жағалауы, яғни Сары теңіз бен Қара теңіз аралығы

7. *Шаруашылығы:* Көшпелі мал шаруашылығы, егін, сауда

8. *Астанасы:* Суяб

9. Жаулап алған жерлері

9.1. Эфталиттер (қырғыздар), Бұхар, Манчжурлар, Боспор патшалығы (қырым), Византия, Кавказ Солтүстік Қытай, Иран, Аварлар.

10. *Бөлінуі – 603ж*

11.1 Шығыс түрік қағанаты

11.2 Батыс Түрік қағанаты

11. *Құрамындағы халқы – Түрік тілдес*

11.1. Қырғыз, Оғыз, Ұйғыр, Дулу және 30теле тайпаласы

11.2. Мемлекет 10 ұлысқа бөлінді

12. *Мәдениеті:* Дала өркениетін жасады

## §22 Ежелгі түркі жазулары

→1. Сына руна жазды. V-VI ғғ

→2. *Дерек:* Менандр Протектор

→2.1. Византияның императоры Юстинианның қабылдауында болған, түрік елші Маниах әкелген қағанның жолдама қағазында айтылған.

→3. *Көне түркі жазуы:* Орхон Енисей өзені аңғарынан табылған.

→4. Жазуды тапқан Миссершмиидт, ф.Страленберг, Скандинавия жазуына ұқсас

→4.1. Ядринцев- Солтүстік Моңғолия, Орхон өзенінен руна жазуы бар құлпытас

→4.2. Жазудың сырын ашқан дат ғалымы-Томсон

→4.3. Оқыған-В.Ф Радлов

→5. *Түрік жазба әдебиетінің көне ескерткіштері:* Күлтегін және Тоныкөк жазулары.

→5.1. Үлкен Күлтегін 733 жылы жазылды

→5.2. Кіші Күлтегін, Тоныкөк жазулары б.з.б VI-VIII ғ Солтүстік Моңғолия Енисей, Қоша Сайдан ойпатынан табылды.

→5.3. Білге қаған жазулары Йолығы тегін жазған, ол түрік жазба әдебиетінің атасы VIII ғ


→6. *Есік жазуы б.з.б IVғ*

→6.1. Есік қорғаны, “Алтын киімді адам”, тостағанында 2400 жазу табылған,

→6.2. Талас жазуы б.з.б VI-VII ғ Талас аңғарынан 1500 жыл бұрын табылды

→6.3. Қолданыстан шықты – XI-XII ғғ араб емлесі ығыстырды.

## §23. Ұлы Жібек жолы




1. *Хронологиясы:* б.з.б. II – б.з. XV ғғ.

2. *Анықтама:* Батыс пен Шығыс арасындағы керуен жолдары торабы.


3. *Ұзындығы:* Жерорта теңізінен Қытайға дейін 7000 км-ден астам.

4. *Таралу аймағы:* Үндістан, Бағдат, Шам, Мысыр, Сирия, Мисипотамия, Византия, Парсы патшалығы, Ауғанстан, Түрік қағанаты, Қаптауы (Кавказ), Жерорта теңізі елдері, Русь мемлекеті, Қытай, Жапония.

5. *Тарихи атауы:*

- 
- 5.1. Лазурит жолы: Бадахшантауы, Иран, Месопатамия, Мысыр, Сирия, Қытай.
  - 5.2. Нефрит жолы: Жаркентдария, Шығыс Түркістан, Қытай.
  - 5.3. Дала жолы: Қара теңіз жағалауы, Дон, Оңтүстік Орал, Ертіс, Алтай Зайсан көлі (б.з.б. I мыңжылдықтың ортасы (Геродот дерегі)).

6. *Қазақстандағы тармақтары:*

- 
- 6.1. Жетісу бағыты: Шығыс бағыты: Тараз, Алматы, Шелек, Сүмбе, Жаркент. Солт-Шығыс бағыты: Алматы, Қапшағай, Шеңгелді, Алтынемел, Дүнгене, Қойлық, Алакөл маңы, Жоңғар қақпасы. Солт-Шығыс Қазақстан бағыты: Тараз, Құлан, Хантау, Балатопор, Айнабұлақ, Сарқан. Бұл бағытпен Рубрук Моңғолияға Мөңке ханға барған. Осы үш бағыт Жетісу тұрғындарына өте маңызды болған.
  - 6.2. Шығысқа шығатын қақпа: Оңтүстік Қазақстан арқылы Солтүстік және Орталық Қазақстанға өтетін жолдар: Жанкент – Солт. Қазақстан; Сәйнақ – Ақсүмбе, Орталық Қазақстан; Сауран – Қарақұм; Орталық Қазақстан – бұл тармақтар Қазақстанның ішкі аудандарына апарды.
  - 6.3. Оңтүстік Қазақстан Батысқа шығатын жол: Отырар, Шауғар, Васидан, Сүткент, Шам, Төменгі кент; Қызылқұм, Хорезм, Үргеніш, Еділ, Кавказ, Алтынорда кезінде гүлденді; Шаш, Самарқан, Бұхара батысқа шығады, Шымкент, Отырар,

Түркістан, Сауран, Сығанақ, Барқынкент, Хорезм.  
Жаркент, Арал теңізі, Каспий батысқа шығады.

7. Жібек жолы басып өтетін қалалар:

7.1. Жетісу қалалары: Ілебалық, Екі оғыз (Эквиус), Алматы, Талғар, Шеңгелді, Алтынемел, Дүнтене, Қойлық, Құлан (Цзюдень), Тараз.

7.2. Оңтүстік Қазақстан қалалары: Отырар(ірі қала), Шауғар (Қаратау), Испиджаб (Сайрам), Шаш (Ташкент), Шымкент, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Жаңакент.

8. Тасымал тауар:

8.1. Жануарлар: асыл тұқымды жылқы, піл мүйіз тұқымдастар, барыс, арыстан, құстар (қаршыға, бүркіт).

8.2. Жүзім, шабдалы, қауын, балхар-қытай бұрышы.

8.3. Жібек мата – Қытай валютасы ретінде қолдаған.

9. Діні:

9.1. Будда – Үндістаннан Жетісуға таралды. Ақбешімнен екі храм табылды.

9.2. Христиан діні – Сирия, Иран, Аравиядан келген. Қарлұқ қағанатында тараған Тараз VII-VIII ғ, Мерке шіркеу табылды.

9.3. Манихейлік дінді – Соғдылар таратты: Екі негіздің қасиеті кітап. Ғимараттар Баласұғұн, Шілікбалықтан табылды.

9.4. Зороастризм: Қастөбе, Қызылөзен (от мұнарасы), Отырар (кұрбандық ошақ).

9.5. Ислам діні: Оңтүстік Қазақстан (VIII-IX ғғ.): Қарлұқ (760 ж), Қарахандар (960 жылы мемлекеттік дін), XI-XII ғ Қыпшақтарға тарады; Боранқал (X ғ), Бабаджа Хатун (X-XI ғ), Айша бибі (XI-XII ғ), Қарахан кесенесі, Сарлытам кесенесі (XII ғ).

10. Деректер:

10.1. Қытай дерегі:

10.1.1. б.з.б. I ғ ортасында алғаш рет Қытай елінен батысқа қарай жібек ерткен керіен шықты.

10.1.2. б.з. I-II ғ Қытай үйсін қатынастары (жібек жіп).

10.1.3. VI ғ Юань-Цзян (629 ж Батыс Түрік қағаны нөкерлерімен жібек матадан шекпен киген).

10.2. Вилгельм Рубрук дерегі. Екі оғыз (Эквиус) қаласында Ирандық көпестердің сауда орталығы болғандығын жазған.


11. *Ұлы Жібек жолындағы дипломатиялық қатынас:*

- 11.1. Қытай императоры 138 ж Батысқа елші жіберген, 13 жылдан кейін оралды.
- 11.2. 568 ж Түрік қағанаты мен Византия Иранға қарсы одақ құрды.
- 11.3. Иран шахына Қытай императоры жібек киімдер жіберген.

12. *Жібек жолының тарихи маңызы:*

- 12.1. Транзиттік маңызы: Д.ж. Жібек шаруашылығы жіне басқа да шаруашылықтар дамыды. Түрік тілді көшпенділер отырықшылыққа бейімделді. Қазақстан жеріндегі қалалардың көбейюіне, гүлденуіне әсерін тигізді.
- 12.2. Мәдениеттегі маңызы: Византияның құлауы туралы Тараз Отырардан табылды. Қытай фарфорлары Талғар, Испиджаб, Отырардан табылды. Музыка саласында – саз балшықтан жасалған түйе үстінде отырған өнерпаздар. Тараз, Испиджаб, Баласағұннан әртүрлі діни мешіттер табылған. Сырдариядағы Кедер қаласынан X-XI ғғ жататын саздан жасалған маска табылған. Шығыс пен Батыс елдері сауда байланыстары арқылы дами түсті. Дүние жүзі мәдениеті түріктердің өркендеуіне әсер етті.

**§24. Әл-Фараби – шығыстың ұлы ғұламасы**



→ 1. *Сипаты*: ғалым, философ, тарихшы, мәдениеттанушы, дәрігер, құқықтанушы.

→ 2. *Хр кезеңі*: 870-950 жж.

→ 3. *Туған жері*: Орталық Қазақстан, Шәуілдір ауданы, Отырар қаласы (Фараб қаласы).

→ 4. *Шыққан тегі*: әкесі Мұхаммед қыпшақ тайпасының қолбасшысы.

→ 5. *Толық аты* – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мөхаммединузлағ Тарқани.

→ 6. *Білімі* – алғаш Отырар медресесінде сауат ашты.

→ 6.1. Шаш (Ташкент) – сырт жерге тұңғыш білімдерінің негізі қаланды.

→ 6.2. Самарқан, Бұқара – діни, ғылыми білімдерінің негізі қаланды.

→ 6.3. Мысыр (Каир), Бағдад жұмыстанды, Шам (Дамаск) – ғылыми еңбектерін толық аяқтау үшін барды.

→ 7. *Меңгерген ғылым салалары*:

→ 7.1. Астрономия.

→ 7.2. Философия.

→ 7.3. Логика.

→ 7.4. Музыка.

→ 7.5. Математика.

→ 7.6. Этика.

→ 7.7. Медицина.

→ 7.8. Психология.

→ 7.9. Тіл білімі.

→ 7.10. Құқық.

→ 8. *Еңбектері* – 150-ге жуық.

8.1. «Музыканың ұлы кітабы».

8.2. «Бақытқа жету».

8.3. «Ғалымдар тізбесі».

8.4. «Ізгі қала».

—————→ 9. *Тарихтағы орны* – Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз». Ғылыми еңбектерін толық аяқтау үшін туған жерге келуден бас тартып, 950 жылы Шамда ауыр науқастан қайтыс болды.

—————→ 10. *Кітап оқудағы ерекшеліктері:*

—————→ 10.1. «Жан туралы» еңбегін – 100 рет.

—————→ 10.2. «Табиғат гармониясын» – 40 рет.

—————→ 10.3. «Риторика» еңбегін – 200 рет оқыған.

—————→ 11. *Қорытынды:* Тек шығысқа ғана емес батыс ғылымына да үлес қосқан энциклопедист ғалым.

## §25. Орта ғасырлық Қазақстан қалалары

—————→ 1. *Хронологиялық кезеңі* – VI-X ғ.

—————→ 2. *Қалалық мәдениеттің қалыптасуы* – Орталық Қазақстан, Солтүстік Қазақстан.

—————→ 3. *Шоғырланған орталықтары* – Түркістан, Талас, Шу өңірінде.

—————→ 4. *3 бөлікке бөлінуі:*

—————→ 4.1. *Цитадель* (орда – патша сарайы және әкімшілік басқару орындары орнатқан).

—————→ 4.2. *Шахристан* – кіші билеуші топ өкілдері, түрлі кәсіп иелері.

—————→ 4.3. *Рабат* – еңбекшілер, қарапайым халық.

—————→ 5. *Қалалардың маңызы:*


- 5.1. Халық саны көбейіп, қала саны артты, X-XII ғғ. Оңтүстік Қазақстанда 37 қала болған.
- 5.2. Жаңа қалалар: Отырар, Тараз, Талғар, Баба-ата, Құйрық төбе. Көлемі 30-дан асатын қалалар: Испиджаб, Отырар, Сауран.
- 5.3. Отырықшылық мәдениет – шеберхана, монша, жәрменке, мешіт, ақша сарайлар, металлургия орталары қалыптасты.

6. Халықаралық, сауда, саяси қарым қатынас қалыптасады.

*7. Тарихи маңызы бар қалалар:*

- 7.1. Тараз – көпестер қаласы. Қытай фарфоры, Византияның сәнді әшекей бұйымдары мен күміс құмыралары табылған. Саудагерлердің бас қосқан жері. 2 шығыс моншасы бар (X ғ жататын), шыны ыдыстар шеберханасы бар. Тараз қаласында Қарахан ескерткіші бар.
- 7.2. Иасы IV-X ғ-да, Шауғар IX-X ғ, ал XV ғ бастап Түркістан деп аталған. Орны – қазіргі Шымкент қаласынан 225 шақырым. Түркістан атауы – «түріктер елі, мекені». Орта Азия билеушісі Әмір Темірдің бұйрығымен (XIV ғ соңы – XV ғ басы) Қожа Ахмет кесенесі салынған.  
Есім ханның тұсында Қазақ хандығының астанасы болған.
- 7.3. Сығанақ – XI ғ салынған, Оңт Қазақстанда Сырдария өзенінің бойында. Қыпшақ мемлекетінің саяси және мәдениет орталығы. Дешті-Қыпшақтың сауда айлағы.


**§26. Отырар – қаһарман қала**



1. *Шығу тарихы* – 2500 жыл бұрын қоныс ретінде танымал.
2. *Отырар* – VI-VIII ғғ Сырдария бойында салынғын қала. IX-XII ғғ Оңт Қазақстанда басты қалалардың біріне айналған.
  - 2.1. Халықаралық сауда орталығы (Ирак және Орта Азиядан Сібірге, Моңғолия Қытайға).
  - 2.2. Мықты дуалмен қоршалған қалаға кіретін бес қақпасы бар.
  - 2.3. Өнеркәсіп ортасы дамыған қала (қыш құмыра, шыны ыдыс, ақша шығаратын шеберхана).
  - 2.4. Екі шығыс моншасы бар (XI-XII ғ салынған).
3. «Отырар опаты» атымен белгілі.
  - 3.1. 1218 жылы Шыңғыс хан басқарған моңғолдың әскерлері Жетісуға кірді.
  - 3.2. Отырар қаласын басып алуға себеп. Моңғол көпестерінің керуенінің тоналуы және өлтірілуі.
  - 3.3. 1219 ж Қайырханның Отырарды ерлікпен 5 ай қорғауы.
  - 3.4. Шыңғыс ханның 150 мың әскерімен қаланы 6 айда жаулап алып, жермен жексен етуі.
  - 3.5. Отырардың құлауының себебі: сатқын Қарашаның қақпаны ашып беруі және қаланы опасыздықпен 1220 жылы басып алынуы.

- 1. *Анықтама:* Қазақ этнонимі «еркін адам, ерікті қоғам» мағынасында.
- 2. *Қазақ халқының арғы ата-бабалары.*
  - 2.1. Атау шығуы – энеолит дәуірінен басталады.
  - 2.2. Антропологиялық ерекшеліктері – қола дәуірінен – арий, тур, қиян тасты кезең қалыптасты.
  - 2.3. «Қазақ» халқы – аралас нәсіл. Өкілі: моңғолоидтық (XIII ғ. – Шыңғыс хан империясы), еуропаидтық (30% - қола дәуірі).
- 3. Қазақ халқының арғы атасы – Алаша хан. Қазақ жүздерінің пайда болуы туралы аңыздарда айтылған.
- 4. Қазақ халқының тайпалары: сақ, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар, түріктер, түркештер, қарлұқтар, оғыздар, қимақтар, қыпшақтар, наймандар, алшындар. Қазақ атауының шығу тарихы:
  - 4.1. Түрік дәуірінде «қазақ» сөзі пайда болған – «еркін адамдар» мағынасында қолданылған.
  - 4.2. «Қазақ» атауы - IX-X ғғ Шығыс Дешті-Қыпшақта пайдаланылған.
  - 4.3. XIII ғ – «қазақ» сөзі Хорасан түркмендерінде кездескен (Б. Көменов).
  - 4.4. «Еркін», «кезбе» - деген мағына, араб сөздігінде беріледі.
  - 4.5. «Қазақ» атауы толық этникалық сипатқа ие болды – XV ғ II жартысында Қазақ халқының құрылуына байланысты.
  - 4.6. «Алаш» алғаш рет пайдаланды IX-X ғ. «Қазақ» деген сөз орнында қолданған.
  - 4.7. Алаш тайпалары – қазақ халқының құрылуына негіз болды.
  - 4.8. «Қазақ» термині XV-XVIII ғ-да толық атауға ие болды.
  - 4.9. «Қазақ» мемлекетінің негізін қалағандар Керей мен Жәнібек.

## §28. Қазақ хандығының құрылуы



1. *Анықтама:* хан – тайпа көсемінің, кейіннен мемлекет билеушісінің лауазымы.

2. *Басқару құрылымы:*

2.1. Билік: республикалық, монархиялық (әкеден балаға беріліп отыратын мұрагерлік билік қазақ елінде ХІХ ғ дейін сақталды).

2.2. Хан – ел билеуші. Саяси-экономикалық мәселелерді шешті, бұйрық шығарып отырған.

2.3. Сұлтан – ханның мұрагері.

2.4. Төлеңгіт – ханның жеке шаруашылығын жүргізген. Кейбір жағдайларда соғысқа да қатысып отырған.

3. *Аты аңызға айналған қазақ хандары:*

3.1. Алаша хан – қазақтың арғы атасы. Б.з.б. ІV-ІІІ мыңжылдықта билеген. Алаша хан көшпелі түркі тайпаларын біріктіріп, тұңғыш Алаш мемлекетінің құрушы. «Атасыз Алаш – керегеміз ағаш».

3.2. Уыз хан – б.з.б. І мыңж – б.з. І мыңж. Уыз (Оғыз) ата тегі – Алаша хан бабасы, әкесі – Қарахан. 16 жыл ел билеген.

3.3. Жоша хан (1187-1227 ж) – Шыңғыс ханның үлкен ұлы. Шешесінің аты – Бөрте. Шыңғыс ханның Жошыға бөліп берген иелігі: Ертістен Еділге дейін «Дешті Қыпшақ». Қайтыс болды – 1227 ж, жерлеген жері – Кеңгір өзенінің бойында (Жезқазған облысы).

4. Қазақ хандарының тарихының кезеңі – 1466-1847 ж. Қазақ хандар әулеті – Жошы ханнан басталады – ал Шыңғысхан ұрпақтары төре руын құраған.

5. Қазақ хандығы құрылды: 1466 ж (XV ғ 50-60 ж). Негізін қалаған алғаш хандар – Керей, Жәнібек.

5.1. Қазақ хандығының құрылуына түрткі болған жағдай – Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Жетісуға келіп орнығуы. Моғолстан ханы Есен Бұқа Шу, Қозыбастан жер берді.

5.2. Шекара: Шығыста – Моғолстанмен, Оңтүстік-Батыста – Темір ұрпағы мемлекеті және Әбілхайыр хандығымен шектеседі.

5.3. Мемлекеттік құрылысы: Хандық – үш жүз (қаған (Ұла хан)); Жүз – бірнеше ұлыс (Кіші хан); Ұлыс – бірнеше арыс (Сұлтан); Арыс – бірнеше ру (би); Ру – 10-15 аймақ (Ру басы); Ата-аймақ – 7-10 ауыл (Ақсақал); Ауыл – ауыл басы міндеті: Шаруашылықты басқару, дау-жанжалды шешу, салық төлеу, жарлықтарды орындау, маусымдық көшуді басқару.

6. XV ғ Қазақ хандарының басқару жүйесі. Үш жүзге бөлінді – билеушілері кіші хандар.

6.1. Ұлы жүз – албан, суан, дулат, жалайыр, сарыүйсін, сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, қаңлы, шақшам (Жетісу).

6.2. Орта жүз – арғын, керей, найман, уақ, қыпшақ, қоңырат (Сарыарқа).

6.3. Кіші жүз – үшке бөлінді. Байұлы (12 ата) – адай, алшын, жаппас, байбақты, беріш, масқыр, таз, есемтемір, қызылқұрт, шеркес, ысық, алаша (Батыс Қазақстан).

Жеті ру – табын, тама, кердері, төлеу, керейт, жағалбайлы, рамазан.

Әлімұлы (6 ата) – қаракесек, кете, шекті, төртқара, қарасақал, шөмекей.

7. Әз Тәуке

7.1. Хр 1626-1715 ж.

7.2. Тегі: Есімханның немересі, Салқаш Жәңгір әкесі. 1652 ж қалмақтарға қарсы шайқасқан.

7.3. Билік етуі: 1680-1718 ж.

7.4. Тәуелсіз билеуші – XVII ғ 80 ж танылды.

7.5. Еңбегі: құқықтық жүйе «жеті жарғыны» қалыптастырды.

### §30. Қазақ билері

1. *Анықтама:* XIV-XV ғғ «би» сөзі – «басқарушы, ел билеуші» мағынасын берген.

2. *Атқаратын қызметі:*

2.1. Елшілік

2.2. Қолбасшы

2.3. Даналық иесі

2.4. Шешен

### Төле би Әлибекұлы

1. *Сипаты:* Ұлы жүздің басшысы, Төлеби атанған шешен де тапқыр би.

2. *Туған жылы:* 1663-1756 жыл.

3. *Туған жері:* Жамбыл обл, Жайсан жайлауында дүниеге келген.

4. *Тарихтағы орны:*

4.1. Халықты алауыздықпен қырқыстан сақтандырды.

4.2. Жоңғар қаупінің алдын алу үшін дипломатикалық қарым қатынас орнықтырды.

4.3. Ресейге екі рет елшілік жіберді.

5. *Еңбегі:* Өз Тәукенің «Жеті жарғысын» жасауға қатысқан.

6. 93 жасында қайтыс болды, Ташкентте жерленген.

## Қазыбек би Келдібекұлы

1. *Сипаты:* Көрнекті қоғам қайраткері, мәмлегер, Орта жүздің бас биі.
2. *Туған жылы:* 1659-1765 ж.
3. *Туған жері:* Қарағанды обл, Қарқаралы ауд, Теректі бұлағындағы қыстауда дүниеге келген.
4. *Шыққан тегі:* Қаракесек руынан.
5. *Тарихтағы орны:*

5.1. 18 жасында Жоңғар хандығына жіберілген елшіліктің құрамында болды, мәмлегер ретінде.

5.2. 1740 жылдары Малайсары және 90 биді ертіп, Абылай ханды жоңғар тұтқынан босатты.

5.3. 40-60 жылдары Қазақ хандығының Қытай және Ресеймен қатынасын нығайтуға ат салысты.

## Әйтеке би Байбекұлы

1. *Сипаты:* Кіші жүздің әйгілі биі.
2. *Туған жылы:* 1682-1766 ж.
3. *Туған жері:* Өзбекстан, Қазбибі тауы, Қызылша мекені.
4. *Шыққан тегі:* Төртқара руынан.
5. *Білімі:*

5.1. Ауыл молдасынан сауатын ашқан.

5.2. «Ұлықбек» және «Арыстанды» медресесінде оқыған.

6. *Ықпал еткен жағдайлар:*

6.1. Ақшадан ел басқару, елшілік байланыстар жасауды үйренді.

6.2. Жалаңтөс батырдан әскери өнерді меңгерді.

7. *Тарихтағы орны:*


7.1. «Жеті жарғыны» құруға атсалысқан.

7.2. Бұқара Самарқанд төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ жұртына бас би болған.

7.3. Қазақ хандығының бірігуі біртұтас, әрі күшті мемлекет болуы үшін әділетті қоғам жолында күресті.

## §31. Қазақ батырлары

1. *Анықтама:* Батыр (баһадүр – ержүрек, батыл) – әскери өнерді жақсы меңгерген, ерлігімен аты шыққан қаһарман адамға берілетін құрметті атақ.
2. Хр кезеңі XVIII ғ.
3. Жоңғар мемлекеті құрылу кезеңінде
  - 3.1. XVII ғ 30 жылдарында батыс Моңғолияда Жоңғар мемлекеті құрылды.
  - 3.2. Қазақ жеріне шапқыншылығы XVII ғ бас кезеңінен басталып, XVIII ғ ортасына дейін, яғни 150 жылға созылды.
  - 3.3. 1723 ж-ғы «Ақтабан шұбырынды» қасіретті жылдар болып тарихқа енді.
  - 3.4. Жоңғарлармен шайқаста қазақтардың Елім деген ерен, ер жүрек батырларының ерлік істерімен даңқы шықты.
4. ***Бөгенбай батыр.***
  - 4.1. *Туған жылы:* 1680-1778 ж.
  - 4.2. *Туған жері:* Түркістан өңіріндегі Бөген өзенінің жағасында.
  - 4.3. Шыққан тегі – әкесі Ақша батыр, Тәукенің 80 мың қолын басқарған сардар болған. Шешесі – Сандық баласын ел көзінен таса ұстауға тырысты.
  - 4.4. *Қалыптасуына әсер еткен:* би-батырлардың өнегелі ерліктері. Әкесінің іскери өнерге баулуы.
  - 4.5. *Тарихтағы орны:* 50 жылдан астам қазақ қолын басқарды.
  - 4.6. Жоңғарларға қарсы 100-ден астам ерен ерлік көрсетті.
  - 4.7. Алтай, Тарбағатай, Жетісу жерлерін азат етті.



## **5. Қабанбай батыр.**

5.1. Шын есімі Ерасыл, жеңгелері Нарбала жеп атаған. Абылайханның жарлығымен «Дарабоз батыр» атанған.

5.2. *Туған жылы:* 1691-1769 ж.

5.3. *Туған жері:* Алакөл өңірі.

5.4. *Шыққан тегі:* Қаракерей.

5.5. *Қалыптасуына әсер еткен:* 7 жасынан жетім қалып, сол кезеңнің қиыншылықтарын жалғыз басынан өткізді.

5.6. *Тарихтағы орны:* аты ерлігімен 13 жасында шыққан, қырғыз, өзбек, жоңғарларға қарсы шайқасқа қатысқан. 1718 ж Аягөз өзенінің бойында, 1721 ж Түркістанды қоршауда, 1725 ж Алакөл маңында, 1728 ж Шұбартеңіз маңында шайқасқан. 1750 жылы аса ірі ерлік көрсетті.

## **6. Наурызбай батыр.**

6.1. *Туған жылы:* 1706-1781 ж

6.2. *Туған жері:* Қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Жалпақтас, Серіктас деген жерлер.

6.3. *Шыққан тегі:* Шапырашты.

6.4. *Тарихтағы орны:* 20 жасынан бастап Жоңғарларға қарсы шайқастарға қатысады. Ұлы жүз жерін қорғау үшін ат салысты. 1750 ж Алтай, Тарбағатай, Жетісу жерлерін жаудан босатты.

## §32. Қазақстан және Ресей. Қазақстанның Ресейге қосылуы

### 1. Алғышарттары:

- 1.1. XVIII ғ басында Қазақ елінің бірлігінің ыдырауы, Тәуке хан қайтыс болғанынан кейін.
- 1.2. Қазақтың шұрайлы жерлеріне Жоңғарлардың қызығуы.
- 1.3. Ру ішіндегі алауыздық, бірліктің болмауы.
- 1.4. Көрші елдермен қарым-қатынастың бұзылуы: шығыстан – Жоңғар мемлекеті, батыстан – Ресей, бір жағынан өзбектер мен башқұрттар қысым көрсетті.

### 2. Қосылуға түрткі болған жағдай:

- 2.1. Қазақ қоғамының ішкі жағдайы мен көрші елдердің тұрақты қысымы, Жоңғарлардың қауіпті шапқыншылығы.

### 3. Ресей имперасияның бодандығын қабылдаған хан – Әбілхайыр (Кіші жүз).

- 3.1. Ресеймен тек келіссөз жүргізуді тапсырған – Кіші жүздің ықпалды билері 1726 ж.
- 3.2. Қарсы болған сұлтан – Барақ.
- 3.3. Әбілхайыр елшіліктері – I-ші елшілігі 1726 ж жауапсыз қалды, II-ші елшілігі 1730 ж сенбеді, III-ші елшілігі 1731 ж 19 ақпан ұсынысын қабыл алды.
- 3.4. 1731 ж Анна Ивановна Қазақстанға арнайы елшілік жіберді. Оны А.И.Тевкелев басқарып келді.
- 3.5. Әбілхайыр мақсаты – Питербург билеушілеріне арқа сүйеп, өз қарсыластарының сағын сындыру, Ресемен байланыс орнатып бар күшті ойраттарға жұмсау.



3.6. 1731 ж қазан айында Әбілхайыр, оның саясатын қолдаған 29 старшины Ресейдің қол астына кірді.

#### 4. *Әбілхайыр тарихи тұлға:*

4.1. Әбілхайыр – 1723 жылдан жетекші хан, 1726 ж көктем айында Қаратаудың күнгеі бетіндегі, Ордабаса тауында Қазыбек бидің ұсынысымен бас қолбасшы сайланған.

4.2. Қазақ – Жоңғар шайқасында бас сардарбек болып сайланған. Бұланты шайқасында тас-талқан етіп жеңген. «Қалмақ қырылған» деген атпен қалды.

4.3. Әбілхайыр – шекті руына сүйенді, 1742 жылғы Ор бекінісіндегі кездесуінен кейін Қазақ пен Ресей елінің жағдайы жақсарды.

#### 5. *Қазақстанның Ресейге қосылуының нәтижесінде:*

5.1. Қазақ халқының жеңіске деген үміті оянды.

5.2. Ресей бодандығын 1731 жылдан бастап мойындады.

#### 6. *Салдары:*

6.1. Сырттан келетін жаулардан қорғаймыз деген сылтаумен Қазақ жеріне бекіністер көптеп салынды.


6.2. Жайық өзені мен Ертіс өзенінің оң жағалауындағы жайылымдық жерлерді қазақтардан тартып алып, оларды ығыстыра бастады.

### 33. Абылай хан

1. *Сипаты:* Жошы ханнан тарайтын, Уәлиханның отбасында дүниеге келген.
2. *Туған жылы:* 1711-1781 ж.
3. *Шыққан тегі:* атасы – Орта жүздің билеушісі, Түркістанды билеген «Қанішер Абылай» болған.
4. *Шын есімі* – Әбілмансұр, лақап аты – Сабалақ.
5. *Білімі:* Мұсылманша білім алып, Шығыстың 7 тілін меңгерген.
6. *Тарихтағы орны:*
  - 6.1. Арғын тайпасының Атығай атты ірі руының басшысы.
  - 6.2. Аса дарынды дипломат, мемлекет қайраткері.
  - 6.3. Сөзге шебер, әрі тапқыр, әділ, алғыр батыр, шежіреші, күйші (20-дан астам күйі бар).
  - 6.4. 15 дастан атқа отырып ел қорғаған қаһарман.
7. *Мақсаты:*
  - 7.1. Қазақ хандығының тәуелсіздігі мен аумақтық тұтақтығын сақтау.
  - 7.2. Көрші мемлекеттермен саяси, мәдени, экономикалық байланыс орнату.
8. *Абылай ішкі сыртқы саясатта:*
  - 8.1. 1730 ж Жоңғарлармен шайқаста көзге түседі – Шарышты жекпе-жекте жеңеді.
  - 8.2. 1740 ж Әбілмәмбетпен бірге Ресей билігін мойындады.
  - 8.3. 1757-60 ж Абылай Қазақ елінің дербестігін сақтап қалу мақсатында Қытай билігін мойындады.
  - 8.4. XVIII ғ 70 ж соңында Түркістан, Сайрам; Шымкент, Созақ қалаларын күшпен қайтарып алып, Қазақ билігіне қаратты.
  - 8.5. Абылай жер шаруашылығын қолдап, билер қызметіне шек қойды.
9. *Ерекшелігі:*
  - 9.1. Темір ұстаханасы мен үй салушылардың бастамашысы.
  - 9.2. Егіншілік, балық шаруашылығын дамытты.
10. *Арқа сүйеген тұлғалары:*
  - 10.1. Абылайдың сүйікті ақыны – Тәттіқара.
  - 10.2. Жанына жақын жырау – Үмбетей.
  - 10.3. Өмірін жырға қосып, кеңесші болған – Бұқар жырау.

## § 34. XIX ғасырдағы тәуелсіздік үшін күрес жылдары

1. *Кенесары* – 1802 жылы Көкшетау өңірінде дүниеге келген.
2. *Мақсаты:* Қазақ жерінің дербестігін, тұтастығын сақтау, хандық билікті қалпына келтіру.
3. *Тұрткі болған жағдай:* Жер мәселесі және салық түрлерінің көбеюі, Отаршылдық саясаттың күшеюі.
4. *Сылтауы:* 1836 жылы Қоқан билеушілері Абылайдың немересі Саржанды өлтіруі.
5. *Қамтыған жері:* Бүкіл Қазақстан.
6. *Қозғаушы күші:* Қазақ шаруалары мен 80-нен астам би сұлтандар қатысты.
7. *Көтеріліс жылдары:*
  - 7.1. 1838 жылы мамыр айында Кенесары отрядтары Ақмола бекінісіне шабуыл жасады.
  - 7.2. Кенесарының алғашқы қарсылығы 1837 жылы Ақтау бекінісіне қарсы шабуыл жасауы болды.
  - 7.3. 1841 жылы көтерілісшілер қокан әскерлері орналасқан Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт бекіністерін қоршады.
  - 7.4. 1841 жылы Кенесары хандық билікті қолына алды.
  - 7.5. 1845 жылы қазан және қараша айларында К. Қасымұлы Созақ, Жүлек, Жаңақорған, бекіністерін алды.
  - 7.6. 1847 жылы Кенесары қырғыз жеріне басып кірді.
  - 7.7. 1847 жылы Тоқмаққа жақын Майтөбе деген жерде Қырғыз манаптарымен шайқаста жеңіліс тауып, қаза болды.
8. *Николай патшаның талабы*
  - 8.1. Қазақ ауылдарының жаппай көшіп қонып жүруін тоқтату.
  - 8.2. Басқа елдермен қарым-қатынасты үзу.
9. Кенесарының қойған талабы Отарлау саясатына шек қою, салықты тоқтатып, бекіністерді салғызбау.
10. Нәтижесі Қазақ халқының толық қолдамауы, сатқындық салдарынан көтеріліс жеңіліске ұшырады

- 
11. *Кезеңі:* 1836-1838.
  12. *Көтерілістің жетекшілері:* Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы.
  13. *Сипаты:* Ұлт азаттық, отаршылдыққа қарсы.
  14. *Себебі:* Жер мәселесі.
  15. *Қозғаушы күші:* Қазақ шаруалары, би старшындар.
  16. *Тұрткі болған жағдай:* Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің және қайын атасы Қарауылқожаның озбырлығы патшаның отарлау саясаты.
  17. *Көтеріліс болған жер:* Бөкей ордасында(Еділ мен Жайық өзендерінің арасында).
  18. Көтерілістің барысы 3 кезеңнен тұрады:
    - 18.1. 1836 жылы ақпан айында басталып хан ауылдарын ойрандатты.
    - 18.2. 1837 жылы қазан айында Исатай көтерілісшілерінің 2000-ға жуық адам хан резиденциясын басып алды.
    - 18.3. 1837 жылы қарашада 700 қазақ әскері, 400 жүзден асқан хан жасақшыларынан құрылған жазалаушылар Исатайға қарсы тұрды.1838 жылы шілденің 12-нде екі жақтың қарулы күштері Ақбұлақ деген жерде кездесті. Ауыр жараланған Исатайды қазақтар қылышпен шауып, атып өлтірді.
  19. *Нәтижесі:* Көтеріліс жеңіліске ұшырады.
  20. *Жеңілу себептері:*
    - 20.1. Хан мен сыбайластарының опасыздығы.
    - 20.2. Қару жарақтарының, басқару орталағының болмауы.
    - 20.3. Халықтың толық қолдамауы, кейбіреулерінің сатқандығы
  21. *Тарихи маңызы:*

XIX ғасырдың 30-40 жылдарыотаршылдық саясатқа бағытталған ірі көтеріліс болды.

### 35. Шоқан Уәлиханов

- 1. *Сипаттама:* Қазақтың ұлы ғалымы, саяхатшы.
- 2. *Хр. кезеңі:* 1835-1865ж.
- 3. *Туған жері:* Қостанай өңіріндегі Аманқарағайда дүниеге келді.
- 4. *Шыққан тегі:* әкесі Шыңғыс Құсмұрында сұлтан болған.
- 5. *Толық аты:* Мұхамед-Қанапия.
- 6. *Білімі:*
  - 6.1. 12 жасында Омбы кадет корпусына қабылданды.
- 7. *Меңгерген ғылым салалары:*
  - 7.1. География.
  - 7.2. Тіл білімі.
  - 7.3. Әдебиет.
  - 7.4. Тарих.
- 8. *Еңбектері:*
  - 8.1. Жонғария очерктері.
  - 8.2. Ыстықкөл сапарының күнделігі.
  - 8.3. Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы.
  - 8.4. Қырғыздар туралы жазбалар.
- 9. *Тарихтағы орны:* Қазақ елін танытқан ұлы ғалым.
- 10. *Қызметі:*
  - 10.1. Гасфорттың адъютанты.
  - 10.2. Ыстықкөлдің картасын жасауға қатысты.
  - 10.3. 1856ж. Құлжа қаласына барды.
  - 10.4. 1858-59ж. Қашқария экспедициясына қатысады.
- 11. *Қорытынды:* Шоқан аз ғана ғұмырында аса құнды ғылыми еңбектер жазды.

### **36. Абай Құнанбайұлы – қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы**

1. *Хр. кезеңі:* 1845-1904.
2. *Туған жері:* Семей облысы, Абай ауданындағы, Шыңғыстау баурайында Ұлысай.
3. *Шын есімі:* Ибраһим, атасы еркелетіп Абай деп атап кеткен.
4. *Шыққан тегі:* Тобық руы, Әкесі-Құнанбай ел билген би әрі шешен болған.
5. Саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен-әжесі Зере, анасы Ұлжан, орыс зиялылары, шығыстың ақындары Науаи, Низами, Фирдоуси.
6. *Білім жолы:* ауыл мектебінде, он жасында Семейдегі Ахмед Риза медресінде оқыды.
7. *Шығармашылық, еңбек жолы:*
  - 7.1. Отыздан асқанда өлең жазумен айналысты.
  - 7.2. Елуге тарта қарасөздер жазды.
  - 7.3. Орыстың ақындарының шығармаларын ана тіліне аударды – Пушкиннің “Евгений Онегин” шығармасын.
8. *Мақсаты:*
  - 8.1. Жастарды өнер, білімге және ғылымға шақырды.
  - 8.2. Қазақ халқының сол кездегі болмысын, рулық қайшылықтарын ашу болды.
  - 8.3. Жастарды ел басқару ісіне тартты.
9. *Тарихтағы орны* – Қазақтың ұлы ақыны, кемеңгер, ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы.

### 36. Ыбырай Алтынсарин

1. *Хр:* 1841-1890 жылдар.
2. *Туған жері:* Қостанай облысы, Торғай жері.
3. Саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен атасы-Балқожа.
4. *Білім жолы* – Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы мектеп, 1857 Алтын медальмен бітірді.
5. *Ғылыми, еңбек жолы:*
  - 5.1. Тілімәш-1857ж.
  - 5.2. Торғай 1864-қазақ балаларына ұстаздық етті.
  - 5.3. Торғай облысының мектеп инспекторы, 1879.
  - 5.4. Ырғызда 1887 жылы қыздарға арнап мектеп ашты.
6. *Меңгерген тілдері* – араб, орыс, татар, парсы.
7. *Жазған еңбектері:*
  - 7.1. “Қазақ хрестоматиясы” оқулығы, әңгімелер, аудармалар, өлеңдер.
8. Досы- Потанин.
9. Тарихтағы орны: педагог, ғалым, ағартушы.

## 38. Сәулет ескерткіштері

1. *Анықтама:* “мықтың үйі көне құрылыс”. Мық-ергежейлі, бірақ күшті адам деген сөз.

2. Хр. к.-б.з.б III-II мыңжылдық.

3. *Көне құрылыстың тарихы:*

3.1. Салынуы әдістері – жер бетіне, жеркепе(жерді қазып жасаған).

3.2. Құрылыс материалдар- тас, ағаш, шикі кірпіш, шымдары.

3.3. Күйдірілген кірпіштен қола дәуірінде салынған”Түгіскен кесенесі”.

3.4. Күйдірілген кірпіштен орта тас ғасырында жасалған-Түрік, Қарахандар заманында.

3.5. Киіз үй- арий, тур тайпалары қолданған

3.6. Киіз үй түрлері- күймедегі арбадан, үстіне киіз үй орнатылған арба

4. *Орта ғасырлардағы сәулет ескерткіштері:*


4.1. *Анықтама:* Сәулет өнері- жобалау, салу деген мағынаны білдіреді.

5. *Тарихы:* қола дәуірінде Беғазы, Дәндібай, Түгіскен қорымдарынан басталды.

6. *Айшықты туындылар:* “Дың”,”Қозы Көрпеш-Баян Сұлу”,”Домбауыл”.

7. *Орта ғасырдағы тарихи ескерткіштер:* мешіт, кесене, керуен сарайлар, моншалар.

8. Сәулет өнерінің дамығанын көрсететін ескерткіштер- Айша бибі, Қарахан Жошы хан, Қожа Ахмет Иассауи т.б.

- 
9. XI-XII ғасырда Тараз қаласынан он сегіз шақырым жерде ою өрнекпен өрнектелген ғимарат- Айша бибі кесенесі.
  10. Қарахан кесенесі Тараз қаласының маңында орналасқан.
  11. Жезқазған қаласынан қырық шақырымда Кенгір өзені бойында XIII ғасырда күйдірілген кірпіштен салынған – “Жошы хан күмбезі”.
  12. Қарахан дәуірінде салынған ескерткіштер- Айша бибі, Аяққамыр, Болған апа, Қарахан, Бабаджа қатын.
  13. Алтын орда заманында салынған – Жошыхан, Абай, Байтақ Сарайшық.
  14. Қазақ хандығының заманында салынған ескерткіштер- Алаша хан кесенесін Қасымхан салғызған.
  15. Ислам дінінің ғұламасы, сопы Қожа Ахмет Йасауи кесенесі-Тараз қаласында Әмір Темір бұйрығымен 1396 -1404 жылы салынған.
  16. “Пантеон” – грек тілінен аударғанда “құдайлар мекені” деген мағынаны білдіреді.

### 39. Наурыз мейрамы

- 1. Қазақ халқының ұлттық мейрамы.
- 2. *Анықтама:* Әр халықтың өзіне тән ұлттық салт-дәстүрлері мен ұлттық мәдениеті бар.
- 3. *Қазақ халқының ұлттық мейрамдары:*
  - 3.1. Бесік той, шілдеhana, тұсаукесер, сүндет той, үйлену тойы, қыз ұзату, жар-жар және т.б.
- 4. *Наурыз мейрамы*
  - 4.1. Анықтама: Наурыз-парсы сөзі қазақша мағынасы “жаңа күн”, “Ұлыстың ұлы күні”.
  - 4.2. Қазақтар үшін жыл басы 22 наурыз күн мен түннің теңелген уақыты. “Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің, үзілер шағы”.
- 5. *Наурыз күннің тойлану шарттары:*
  - 5.1. Бар жақсысын киіп, бір бірін құшақтап, төс қағыстыру.
  - 5.2. Жеті түрлі тағам қосылған наурыз көже дайындалады.
  - 5.3. Аула тазартылып, ағаштар отырғызылады.
  - 5.4. Бірі-біріне жақсы тілектер айтып, ұлттық ойын сауық өткізіледі.
- 6. Наурызға қатысты бата тілектер айттылады, “Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын”, т.б.

## 40. Қазақ халқының шешендік сөз өнері

1. *Анықтама:* Шешендік сөздер – қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі тілмен айтылған халық шығармасы, тапқырлық сөздер мен тұжырымдар.

2. *Шешендік сөз өнерінің мәні:*

2.1. Орынды сөйлеу: «Өнер алды – қызыл тіл», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Сөз сүйеніш өтеуі», т.б.

2.2. Қазақ халқына тән қасиет – сөзге шешен болу: «Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып» сөйлеген.

2.3. Шешендік сөзде билердің, алатын орны – тәрбиелік маңызы зор: өсиет, насихат, нақылдар уағыздайды.

3. *Сөз өнерінің мақсаты:* би-шешендер арқылы, халық мүдесі қорғалып, ұлттың рухты көтереді.

4. *Атақты би-шешендер:*

4.1. Майқа би, Досбол – Асан Қайғы - ақыл-ойға толы қанатты сөздерімен әйгілі.

4.2. Әз Тәуке мен Абылай хандары заманындағы шешендер: Әкет баба, Төле, Қазыбек би, Сырым батыр.

5. Қазақ халқының шешендік сөз өнерінің дамыған дәуірі – XVIII ғ қазақ-жоңғар қатынастарының қиын-қыстау кезеңімен дәлме-дәл келеді.

6. *Шешендік сөз өнерінің міндеттері:*

6.1. Шешендікке балаларды ерте жастан жаттықтыру. Кейіпкерлер (Аязби, Алдаркөсе, Тазша бала, Жиренше шешен) арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.

6.2. Той-жиындарға би-шешендер жиналып, шешендер ақыл-парасатымен, өнеге өлең-

жырларымен, өздерінің жүйелі сөздерімен халықтың тілін таба білген.

6.3. Бата алу, ақын-шешендерді құрметтеу, халыққа тән ұлттық өнерді , ұрпаққа ата-бабадан қалған міндеттерді ұғыну.

7. *Тәрбиелік маңызы зор мақал-мәтелдер:*

**7.1. Қазыбек би:**

«Біз қазақ деген мал баққан елміз,  
Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз  
Елімізден құт-береке қашпасын деп,  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп  
Найзаға үкі таққан елміз  
Ешбір дұшпанға басынбаған елміз,  
Сөзді асырмаған елміз.  
Дәм-тұзын ақтай білген елміз,  
Асқақтаған хан болса,  
Хан ордасын таптай білген елміз.  
Атадан ұл туса, құл боламын деп тұмайды,  
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды,  
Ұлмен қызды қаматып отыра алмайтын елміз...»

## 41. Қазақ даласындағы ән-күй өнері

1. Дала әуендерінің тарихы.
2. *Хр кезеңі* – көне заманнан бері.
3. *Музыкалық ұлттық аспаптар* – 50-ге жуық: домбыра, сыбызғы, дауылпаз, шаңқобыз, даңғыра т.б.
4. *Әнші, күйшілердің мақсаты:* халықтың арасында жүріп, олардың арман-тілектерін, мақсат-мүдделерін ән арқылы жеткізу.
5. XIX ғасыр қазақ ән өнерінің – алтын ғасыры. Ұлт өнерпаздары: Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Майра, Сара, Естай.
6. *Ән өнерінің аса дамыған орны:* Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы.
7. *Күй өнер түрі:* шертпе күй, төкпе күй.
8. *Атақты төкпе күйдің негізін қалаған:*
  - 8.1. Құрманғазы Сағырбайұлы (1806-1879 ж).
  - 8.2. Туған жері: Қазіргі Батыс Қазақстан.
  - 8.3. Ұстазы – Ұзақ.
  - 8.4. Күйлері: «Ақбай», «Ақсақ киік», «Кішкентай», «Көбік шашқан», «Қайран шешен», «Түрмеден қашқан», т.б.
  - 8.5. Шәкірттері: Д. Нұрпейісова, Сүгірәлі, Шора.
9. Шертпе күйдің негізін салған – Тәттімбет Қазанғанұлы (1815-1862 ж)
  - 9.1. Туған жері: Қарқаралы.
  - 9.2. Күйлері – 40-тан астам: «Балқылдақ», «Қосбасар», «Көшектесті», «Сарыжайлау», «Балбырауын», т.б.
10. *Атақты қобызшылар:*
  - 10.1. Қорқыт (IX-X ғғ) – жырау, қобызшы, бақсылардың қамқоршысы, оғыз тайпасынан шыққан.
  - 10.2. Ықылас Дүкенұлы (1843-1916 ж) – «Жалғыз аяқ», «Жарын патша», «Жез киік», т.б.

## 42. Халықтың ауызекі шығармашылығы

### Ауызша тарих – ежелгі дүние айнасы

→ 1. *Анықтама:* Халықаралық ежелдегі қоғам, адам және табиғат туралы ой тұжырымы.

→ 2. *Қазақ жеріндегі жазба тарих дәстүрі:*

2.1. Есік қорғанынан табылған (б.з.б. VI ғ) күміс тостағандағы сына жазу.

2.2. Көне түріктердің құлыптас бетіне қашап жазған (Күлтегін, Бумын қаған, Тоныкөк) тарихи маңыз жыр жазбалары.

2.3. Араб әліпбиіне негізделген шығармалар (Мұхамед, Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыры).

→ 3. *Ауызша тарих – ғылымның жеке бір саласы.*

3.1. Шетелдерде енген кезеңі – XV ғ-дан бастап. Ағылшын тілінде қолданған – Колумбия университетінің профессоры – А. Невинг.

3.2. Ауызша тарихтың үлгісін жасаған – Ян Вансана. Ол Азия және Африка халқының тарихын зерттеді.

3.3. Қазақтың белгілі зерттеушілері: Ш. Уәлиханов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышбаев, Е. Бекмаханов, т.б.

Мақсаты: ата-тарихымыздан мұра болып қалған аңыз, эпос, әңгіме, жыр, шежірелеріне арқа сүйеген.

→ 4. *Алғашқы көркем шығармалар:*

4.1. Гомердің – «Илиада» және «Одиссея» поэмалары.

4.2. Орыстың «Игорь полкі» туралы жыры.

4.3. Француздың «Роланд» туралы жыр.

→ 5. *Осы күнге жеткен тарихи ескерткіштер:*

5.1. Тасқа қашап жазылған көшпелі халықтарының ауызша тарих айту дәстүрі (Орхон-Енисей жазба ескерткіштері).

5.2. Ежелгі таяу Шығыстың Месопотамия, Египет, Палестинаның тасқа қашалып жазылған ауызша эпикалық жырлары, мифтері, шежірелері.

→ 6. *Шежіре – халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы.*

6.1. «Шежіре» сөзі екі мағына береді: ағаш бұтағы, тармақ, ал көне түрік және моңғол тілдерінде есте сақтау, жадыда ұстауды білдіреді.

6.2. Жеткізушілер – көнекөз қариялар.

## 43. Қазақ халқының материалдық мәдениеті

### 1. Анықтама:

- 1.1. Дін – ежелден келе жатқан рухани білім мен түсінік.
- 1.2. Адамзаттың жаратылуға, табиғаттық тылсым күштеріне табынуы.
- 1.3. Адамзаттың бүкіл әлем мен болмыс, қоршаған орта, табиғаттың тылсым сырлары жайлы дүниетанымы.

### 2. Ежелгі адамдардың діни түсініктері:

- 2.1. Тас дәуірінде адамдар ағаштан, тастан құдай бейнесін жасап, оны тұл деп атаған.
- 2.2. Отқа, суға, ежелгі тас дәуірінде, сиынды, қасиетті деп санады.
- 2.3. Аруақтарға – қола дәуірінде.

### 3. Дінді зерттейтін ғылым – теология.

### 4. Қазақ халқының алғашқы діни-сенімдері:

- 4.1. Тәңірге табыну яғни тәңірлік. Түркі халықтары: Тәңір – «Көк аспан» деп есептеді. Ұмай ана – отбасы мен балалардың қамқоршысы болды. Шаман дәстүрімен жерлеген.
- 4.2. Будда, христиан, манихей. Б.з. VI ғ Қазақстанға Ұлы Жібек жолдары арқылы келген. Соғдылар Үндістаннан – Будда дінін кіргізді. Ислам діні Арабия, Ираннан кейіннен енеді.
- 4.3. Заратуштра – 3500 жыл бұрын Орта Азияда пайда болған. Орта Азия, Үндістан, Ауғанстан жерінде тарады. Заратуштраға табынатын ең жоғары ие – Ахурамазда. Заратуштра дінінің қасиетті кітабі «Авеста», ұстанған тайпа арийлер. Негізін салған Заратуштра II мыңжылдық.

#### 44. Қазақ халқының материалдық мәдениеті

1. *Анықтама:* Белгілі бір кезеңде өмір сүрген халықтың шаруашылығына байланысты тұрмыс тіршілігіне игіліктер.
2. *Баспанасы:* Киіз үй.
  - 2.1. *Жіктелуі:* үлкен-кішілігіне (4, 6, 8, 12 қанатты), сән-салтанатына (ақ орда, хан орда, қараша үй, лашық, абылайша, ұрынқай, жолым үй).
  - 2.2. *Жабдықтары:* кереге (шеңбер қабырғасы), сықырлауық, есік, уық, шаңырақ (күмбезді ең жоғарғы бөлігі), киіз (туырлық, үзік, түндік).
  - 2.3. *Тиімділігі:* жығыл-тігуге жеңіл, тез, тиеуге қолайлы, жылы, салқын.
3. *Ұлттық киімдері:*
  - 3.1. Жастар киімі – қызыл-жасыл, оюы көп. Үлкендер киімі – бір түсті, оюы аз.
  - 3.2. Тақия, сәукеле (бас киім алтын, күміс, бағалы асыл тастармен әшекейленген), кимешек, бөрік, тон (мал терісінен, жылы, ыңғайлы сырт киім(қаптама қыста, камзолша көктем мен күзде)), камзол, шапан, шеккен (қой, түйе терісінен, дәулетті адамдар киген), мәс, етік.
4. *Үй жиһаздары:*
  - 4.1. Негізгі жиһаздар – кебеже, абдыра, жастық, төсек.
  - 4.2. Мал терісінен – саба, торсық.
  - 4.3. Ағаштан – келі, күбі.
5. *Қолөнер бұйымдары:*
  - 5.1. *Қыз-келіншектерге:* сырға, қантырма, шашбау, білезік, жүзік, сақина, шолпы, алқа.
  - 5.2. *Ерлерге:* қару-жарақ, ер-тұрман.
  - 5.3. *Ұсталар:* айбалта, қылыш, наркескен, сапы, селебе.
6. *Пікірлер:* Рубрук – XIII ғ – Еуропа саяхатшысы. Тағам түрлері – айран.

## 45. Кеңес үкіметі билігінің орнауы

1. *Хр кезеңі* – 1917 ж 24 ақпан. I Николай патшаның тақтан құлауы. Басқару құрылымы:
  - 1.1. Патша титулының шығу тарихы – XV ғ қаһарлы Тван кезінен басталды.
  - 1.2. XVIII ғ басында – I Петр империяны қалыптастырды. Анна Ивановнаның кезінде қазақ елі Ресейге бодандыққа өтті.
  - 1.3. Империялық мемлекет (лат *imperium* – үстемдік, мемлекет) – императордың билігіндегі монархиялық мемлекет.
  - 1.4. Билік – шексіз, ұрпақтан-ұрпаққа мұрагерлікпен қалдырылады. Ресейде монархиялық билік 1917 жылы жойылды.
2. *Патша билігіне қарсыластар*:
  - 2.1. *1-ші бас көтеру*: «Қанды жексенбі» 1905 ж 5 қаңтарда халыққа патша әскері оқ атып қырып салды.
  - 2.2. *Екінші көтеріліс*: 1917 ж 24 ақпан Ресейдің астанасы Петроградта болды. Петроград халқы қаруланып, патша отыратын Қысқы Сарайға шабуылдады. Нәтижесінде – патша тақтан құлап, «Романовтар әулеті» II Николай тақтан кетті, революция жеңіспен аяқталды.
3. *Қос үкіметтің орнауы*:
  - 3.1. Билікке отырды (қос үкімет): Уақытша үкімет, жұмысшылар мен солдаттардың кеңес үкіметі.
  - 3.2. Уақытша үкімет – соғысты тоқтату, шаруаларға жер, 8 сағаттық жұмыс күнін уәде етті. Бірақ олар құлаған патша үкіметінің саясатын жалғастырды.
  - 3.3. Азамат соғысы – екі саяси топтардың арасындағы соғысты айтады. Құлаған үкіметті жақтаушылар тарапынан қарсылық туғызды, «қызылдар» деп аталып, большевиктер жеңіп шықты.
4. Кеңес үкіметінің орнауы – 1917 ж 25 қазанда.
  - 4.1. Империядан бөлінген мемлекеттер: фин, эстон, поляк, литва, латыш.
  - 4.2. Ресей құрамында қалған елдер: қырғыз, өзбек, украин, белорусь және қазақ елі (1920 ж Орынборда) автономиялық республика ретінде федеративті мемлекеттің құрамына енді.
5. КСРО 15 одақтас елден құралып (1922 ж 30 желтоқсан), 1991 жылға дейін өмір сүрді. Орталығы Мәскеу еді.

#### 46. Алаш қозғалысы

1. *Хр кезеңі*: 1917 ж 5-13 желтоқсан.
2. *Алаш қайраткерлерінің мақсаты* – Қазақ халқының жеке мемлекет болып құрылуын, өз тілін, әдет-салтын сақтап, тәуелсіздігін алу еді.
3. *Алаш партиясының жетекшісі* – Ә. Бөкейханов.
4. *Мүшелері* – Ахмет Байтұрсынов, М. Дулатов, т.б.
5. Алашорданың бағдарламасы жарияланған баспасөз – Қазақ газеті (1913-1918 ж).
6. Бағдарлама – 10 бөлімнен тұрды, қаралған мәселелер: басқару, білім, құқық, т.б.
7. Алашорда автономиясының орталығы – Семей қаласы.
8. 1917 ж желтоқсан Орынборда өткен Алаш партиясының II съезінде «Алаш» атауымен қазақ автономиясының құрылғанын мәлімдеді.
9. Автономияда – ислам діні – мемлекеттік дін болды.
10. Алашорда таратылуы – 1920 ж.

## Әлихан Бөкейханов

- 1. *Туған жылы* – 1866 ж.
- 2. *Туған жері* – Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ауылында дүниеге келген.
- 3. *Тарихтағы орны:* қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясының төрағасы, XX ғ басында ұлттық сананы оятушы, кадет партиясының мүшесі, публицист, ғалым, аудармашы.
- 4. *Білім жолы:*
  - 4.1. Қарқаралыда медреседе оқыды.
  - 4.2. 1879-1886 ж Қарқарыладағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыды.
  - 4.3. 1886-1890 ж Омбыдағы техникалық училищеде оқып, «Техник» мамандығын алып шықты.
  - 4.4. 1890- 1894 ж Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқиды.
- 5. *Қоғамдағы саяси орны:*
  - 5.1. Ұлт-азаттық қозғалыстық жетекшісі.
  - 5.2. Қазақстанның егемендігі үшін күресуші.
  - 5.3. Алашорда автономиясының құрылуына ат салысып, жетекшілік еткен.
  - 5.4. «Қазақ» газетін шығаруға қатысқан.

## 47. 1920-30 ж өнеркәсіптің дамуы

1. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы, азамат соғысының салдары:

1.1. 10 мыңнан астам өнеркәсіптің үштен бірі соғыс кезінде қирады.

1.2. Кәсіпорын иелерінің көбі өз жұмыс орындарын тастап, шет елге елге кетті.

1.3. Мал саны азайды, азық-түлік жетіспеді.

1.4. 1920-21 қуаңшылықтың салдарынан облыстар аштыққа ұшырады.

2. Қазақстан елді индустрияландыру жылдарында:

2.1. Анықтама – «индустрияландыру» – ірі, техникасы дамыған өнеркәсіпті, ең алдымен өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін салаларды құру.

2.2. Индустрияландыру бағыты – 1927 жылы қабылданды.


2.3. Өнеркәсіптер: Шымкент қорғасын зауыты, Балхаш мыс қорыту, Ащысай полиметалл комбинаты, т.б.

2.4. Кен орындарында: Қарағанды –көмір өндіруден КСРО бойынша III орынды иелену. Ембіде – мұнай «Екінші Баку» деп аталды. Мұнай өндіретін III орынға шықты (Ресей, Әзірбайжаннан кейін).

2.5. Ең алғаш құрылыс: Түркістан-Сібір (Түрксіб) теміржолы 1927 ж басталып, 1930 салынып бітті. Ұзындығы 1500 шақырым Орта Азия мен Сібірді байланыстырды.

2.6. Жеңіл және тамақ өнеркәсіптері Қазақстан КСРО елдерінің ішінде алдыңғы қатарда болды.

3. Қазақстан – шикізатпен қамтамасыз етуші базаға айналды.



4. Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағыты – 1929 ж қабылданды.

4.1. «Кіші Қазан» төңкерісінің авторы – Голощекин 1924 Қазақ өлкесін басқару билігіне келген.

4.2. 1928 ж 27 тамызда бай және арташа байлардың «мал-мүлкін тәркілеп, мемлекетке өткізу» керек деген шешім қабылданды.

5. *Ұжымдастыру қарсаңындағы жағдай:*

5.1. Мал саны 40,5 млн болса, оның саны 4,5 млн-ға азайды.

5.2. 1930-32 аштық жылдары қарсаңында Қазақстан халқының саны 6,2 млн болса, соның 2,1 млн-ы аштықтан қырылды.

5.3. 1 млн 760 мың адам Қазақстаннан тыс аймақтарға көшіп кетті.

5.4. Ұжымдастыруға қарсы көтеріліс Қазақстанда 372 рет болды, 80 мыңдай адам қатысты.

5.5. Т. Рысқұловтың 1933 наурызда «Сталинге хат» деген ашық хатын жазған, «Бесеудің хаты». М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Ғатауилин, Қ. Қуанышев, Ғ. Мүсірепов жазады.

6. Голощекиннің биліктен кетуі – 1933 ж.

7. *Зардабы:*

7.1. Орны толмас үлкен апат болды.

7.2. 1928-32 ж адамдар зор шығынға ұшырады.

7.3. Қазақ жерінде көптеп лагерьлер салынды, ең ірісі – Карлаг (Қарағанды).

7.4. Малдары азайып, халқының жартысы қырылды.

## 48. 1920-30 ж білім мен мәдениет

1. *Мақсаты:* Халық арасында ағарту жұмысын жаппай міндетті оқу жүйесін енгізу 1930 ж (15-50 жас аралығын қамту).
2. *Қаралған мәселе:* 1930 ж 27 тамыз «Мектеп жасындағы балаларға міндетті 4 жылдық бастауыш білім алуы тиіс» қаулы.
3. *Қазақстандағы ағарту жұмысының жағдайы:*
  - 3.1. Қазақ халқының сауаттылары 25% болған, оның ішінде 10% сауатты қазақтар еді
  - 3.2. Оқуды жалғастыруға мүмкіншілік болмады (Мұғалім жоқ, оқу құралдары жетіспеді, аштық, жоқшылық, т.б.).
4. *Жазу:* 1929 ж араб әрпінен латын әрпіне, 1940 ж латын әрпінен кирилицаға көшті.
5. *Халық ағарту ісіндегі өзгерістер (1930 ж II жартысында):*
  - 5.1. Мектеп, интернат ашты.
  - 5.2. Техникумдардың саны – 118-ге жетті.
  - 5.3. 1928 тұңғыш жоғарғы оқу орны – Қазақ педагогика институты ашылды.
  - 5.4. 1931 ж Алматыда медицина институты.
  - 5.5. 1934 ж Қазақ мемлекеттік университеті ашылды.
  - 5.6. 1990 соғыс қарсаңында Қазақстанда 20 оқу орны жұмыс істеді.
6. Ғылым мен мәдениет өзгерістері (1920 ж) – «Қазақстанды зерттеу қоғамы». Қоғамның мақсаты – Қазақстанның тарихын, табиғатын, этнографиясын, экономикасын зерттеу.
  - 6.1. *Зерттеу қоғамының мүшелері* – А.Ф. Рязанов, Ә. Диваев, М. Тынышбаев, М. Дулатов, А.П. Чулошников.

6.2. «Қазақстанды зерттеу қоғамы» бөлімдері ашылған қалалар: Петропавл, Көкшетау, Орал, Семей.

6.3. *Геология ғылымы* – қазба байлықты зерттеу, еңбек сіңірген академик – Қ. Сәтбаев.

6.4. Қазақстандағы зерттеу аймақтары: Қарағанды, Екібастұз, Ембі.

7. *Қазақ әдебиеті:*

7.1. Әдебиет қайраткерлері - А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов.

8. Саяси билікте қалыптасқан жүйе – тоталитарлық, 1937-38 ж репрессия кезеңі (жаппай қудалау, жазалау).

8.1. Мәдениет, әдебиет қайраткерлеріне тағылған айыптар – «жапон шпионы», «халық жауы», «тыңшылар».

8.2. Тоталитарлық жүйенің құрбандары – ұлт мүдесін қорғаған аса білімді, адал қазақ жанашырлары, зарылар.

8.3. Қолданған жазалар – қудалау (отбасы мүшелерімен), қамау, ату жазасын.

9. *Қазақ өнерінің қалыптасуы:*

9.1. Әйгілі өнер қайраткерлері – А.В. Затаевич, орыс зерттеушісі (ән-күй өнерін жанақтаушысы). Этнограф 15 жылдық экспедициясынан – «Қазақ халқының 1000 әні», «Қазақтың 500 әні мен күйі» деген жинақтар шығарған.

9.2. Қазақ әншісі – Әміре Қашаубаев, 1925 ж Парижде, 1927 ж Германияда болып, әнімен әлемді тәнті етті.

9.3. Белгілі талантты, драмашы режиссер, артист – Жұмат Шанин (1891-1937) алғашқы спектакль «Алтын сақина», «Еңлік-Кебек» пьесасы.

9.4. Қазақ халқының белгілі суретшісі – Әбілхан Қастеев, Хлудовтың шәкірті.

## 49. Ұлы Отан соғыстың басталуы

1. Хр кезеңі – 1941 ж 22 маусым-1945 ж.
2. *Мақсаты:* «Барбаросса» жоспары бойынша КСРО-ны қысқа мерзімде жаулап алып, жерін шикізат көзіне, халқын оны өндіретін күш ретінде пайдаланғысы келді.
3. *Сипаты* – Кеңес халқы тарапынан әділетті, сондықтан да «Ұлы Отан соғысы» деп аталды.
4. Ұлы Отан соғысы қарсаңында, 1930 ж халықаралық қатынас шиеленісті. Екінші дүние жүзілік соғыстың бастаушысы – Германия болды.
5. *Көсемі:* Адольф Гитлер 1933 ж Германияда фашистік партияда сайлауда жеңіске жетіп, қатал фашистік тәртіп орнатты.
6. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жолдарында.
7. *Қазақстанның майданға арналған арсеналы:*
  - 7.1. Қарағанды шахтерлері 4 жыл – 34 млн тонна көмір.
  - 7.2. Ембі – жанармайды 39% арттырады.
  - 7.3. Электр қуатын өндіру 2 есеге өсті.
  - 7.4. Ыбырай Жақаев – күріштен, ал Шығанақ Берсиев – тарыдан рекорд жасады.
  - 7.5. Жазылбек Қуанышбаев – төл алудан ең жоғарғы көрсеткіш берді.
  - 7.6. 1941-42 ж – 220 зауыт, фабрика, цехтар көшіріліп әкелінді.
  - 7.7. Қорғасын өндіруден – КСРО бойынша бірінші орынға шықты, әрбір үш оқтың бірі Қазақстаннан жіберілді.
  - 7.8. Ерлігі алтын әріппен жазылған батырларымыздың қорғаған қалалары: Мәскеу, Сталинград, Ленинград, т.б.
  - 7.9. Әрбір бесінші Қазақстандық майданға аттанды.
8. Кеңес Одағы батыры атағын бір мәрте алғандар – 497 қазақстандықтар, ал 97-сі қазақтар, барлығы КСРО бойынша 11600 дей адам Кеңес Одағының Батыры атағын алды.
9. Ұлы Отан соғысының Кеңес халқының тарихында алатын орны зор.
10. Қазақстандықтар КСРО-ға төнген қауіпте атсалысып, фашистік Германияның тізе бұғуіне үлес қосты.

## 50. Қазақстандықтар Ленинград және Мәскеу үшін шайқастарда

- 1. Мәскеу үшін шайқас. Хр кезеңі – 1941 ж қараша айы.
- 2. Қазақстаннан аттанған дивизия – 316 атқыштар дивизиясы, басқарған генерал-майор И.В. Панфилов.
- 3. Мәскеу үшін шайқасқан белгілі қазақ батырлары: Б. Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Т. Тоқтаров, Р. Елебаев.
- 4. Ленинград үшін шайқас. Хр кезеңі – 1941 ж қыркүйек-1944 ж, «900 күн қоршауда қалған қаһарман қала».
- 5. «Өмір жолы» – қаланы жау әскерлері қоршап, тек Ладога көлінің мұзы арқылы салынған жалғыз бір жол.
- 6. Ленинград қаласындағы Қазақстанның ерліктері:
  - 6.1. Азық-түлік, оқ-дәрімен қамтамасыз етілді.
  - 6.2. Қазақстаннан 310, 314 атқыштар дивизиялары аттанды.
  - 6.3. Шығыстың қос жұлдызы – Ә. Молдағұлова мен М. Мәметова ерлікпен қаза тапты.
  - 6.4. С. Баймағанбетов – кеудесімен жау пулеметінің үнін өшірді.
  - 6.5. Нәтижесінде: Ленинградты жаудан қорғауды, олардың даңқты есімдері күрес шежіресінде мәңгі қалды.

## 51. Ұлы Жеңіске қосылған үлес

*Аты аңызға айналған қазақтың даңқты батырлары:*

### 1. Әлия Молдағұлова

- 1.1. *Сипаты* – қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының батыры.
- 1.2. *Хронологиялық кезеңі*: 1924-1944ж.
- 1.3. *Туған жері*: Ақтөбе обл. Қобда ауданы Бұлақ ауылы.
- 1.4. *Ата-анасы*: Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржан.
- 1.5. *Шын аты* – Ілия (майдандас достары Лия деп атаған).
- 1.6. *Білім жолы*:
  - а) Санкт-Петербургтегі 9 мектепті оқыды.
  - ә) 2 Мәскеуде 91 мектептің 4-сыныбын бітірді.
  - б) 3 Ленинградтағы 46 мектеп-интернатта орналасты.
  - а) Ресейдің Рыбинск авиатехникумын бітірген.
  - г) Өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынып мергендер мектебін үздік бітіріп шығады.
- 1.7. *Ерліктері*: Балттық жағалауындағы фронтта жау әскерінің 30-дан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жояды.
- 1.8. *Тарихтағы орны*: Кеңес Одағының батыры.
- 1.9. *Атағы*: Ленин орденімен марапатталды.
- 1.10. *Қорытынды*: өзінің халқы үшін аянбая соғысып Псков облысында, Новоскольникови ауданында ерлікпен қаза тапты.

### 2. Мәншүк Мәметова

- 2.1. *Сипаттама*: Кеңес одағының Батыры.
- 2.2. *Туған жылы*: (1922-1943) жылы Гурьев облысы Орда ауданында туылғын.
- 2.3. *Шын есімі* – азан шақырып қойған аты Мәнсия.
- 2.4. *Ата-анасы*: әке-шешесінен ерте айырылып 5 жасында немере ағасы Ахмет Мәметов және әйелі Әмина асырап алған.

2.5. *Білімі:* Медицина институты.

2.6. *Ерліктері:* Ұрыстарда өзінің асқан мергендігімен, батылдығымен көзге түсті.

2.7. Неваль қаласы үшін болған шешуші ұрыста ақтық демі қалғанша пулеметпен оқ боратып шайқасты.

2.8. *Тарихтағы орны:* Кеңес Одағының батыры, қаһарман қазақ қызы.

### **3. Бауыржан Момышұлы**

3.1. *Сипаты:* Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, гвардия полковнигі, қазақтың көрнекті жазушысы.

3.2. *Хронологиялық кезеңі:* 1910-1982 жыл.

3.3. *Туған жері:* Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені.

3.4. *Білімі:*

а) 1928 жылы Шымкенттегі жетіжылдық интернатты бітірді.

ә) 1932 жылы Ленинград финанс академиясы жанындағы курсты бітірді.

б) 1950 жылы Кеңес әскері Бас штабының жанындағы жоғарғы әскери академияны бітірді.

3.5 *Қызметтері:*

а) Мектеп мұғалімі.

ә) Милиция бастығы.

б) Қызыл әскер қатарында взвод, рота командирі, полк штабы бастығының көмекшісі.

в) 316-атқыштар дивизиясын жасақтап, майданға аттанды.

г) Мәскеу түбіндегі шайқасқа қатысты.

ғ) Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, Полк командирі, соғыстың соңғы жылдарында дивизияны басқарды.

д) 1950-1956 жылы әскери академияда сабақ берген және тұрақты әскери қызмет атқарған.

е) 1956 жылы демалысқа шығып, шығармашылық қызметпен айналысқан.

3.6. *Еңбектері:*

- а) “Бір түннің тарихы”.
- ә) “Біздің семья”.
- б) “Москва үшін шайқас”.
- в) “Артымызда Москва”.
- г) “Генерал Панфилов”.
- ғ) “Ел басына күн туса”.

3.7. *Тарихтағы орны:* Кеңес одағының батыры, қазақстанның халық қаһарманы.

3.8. *Б. Момышұлы туралы:*

- а) Қазақфильм киностудиясы “Ел басына күн туса” атты көркем фильм түсірді.
- ә) Мәскеу академиялық театры “Волкаламск тас жолы” спектакльн қойды.

3.9. *Орден мен медальмен марапатталған*

- а) Қызыл ту.
- ә) Еңбек қызыл ту.
- б) Халықтар достығы.
- в) 1-дәрежелі Отан соғысы.
- г) 2 рет Қызыл Жұлдыз.
- ғ) Құрмет белгісі.
- д) Қазақстанда ауылдарға, көшелерге республикалық әскери балалар мектебіне есімі берілді.

3.10. *Қорытынды:* Бауыржан Момышұлы есімі, оның жасаған ерлігі, соғыс туралы еңбектері есте қалады.

## 52. Тың игеру

1. *Хр кезеңі:* 1954-1965 ж.

2. *Себебі:* соғыстан құлдырыған халық-шаруашылығы қалыпқа келтіріп, азық-түлік мәселесін шешу.

3. Қабылдаған жоспар – «Тың және тыңайған жерлерді игеру» – 1954 ж ақпан-наурыз пленумында.

4. *Мақсаты:*

4.1. Еуразиялық кең байтақ жерлерін жыртып, оны егіс алқабына айналдыру, елде астың өндіруді одан әрі ұлғайту.

4.2. КСРО халықтарын және басқа мемлекеттерден тың игеру деген желеумен адамдарды көптен көшірді.

5. *Тың игерілген аймақтар, облыстар:*

5.1. Оңт Сібір, Қазақстан, Орал, Еділ бойы, Солт Кавказ.

5.2. Қазақстанның 6 облысына – Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Торғай, Павлодар, Ақмола.

6. Тың жерлерді игеру барысында – 1954 ж Қазақстанда 6,5 млн жер жыртылды. 1954-65 Қазақстанда 25 млн гектар жерге егін егілді.

7. *Тың жерлерге берілген жеңілдіктер:*

7.1. 2-5 жылға ауылшаруашылық салғын босатылды.

7.2. 10 мың сом несие тұрғын үй салуға, 1500-2000 сом мал сатып алуға тегін беріледі.

7.3. Әрбір отбасы мүшелеріне 150-200 сом, ал отбасы басшысына 500-1000 бір реттік көмек көрсетілді.

8. *Тың игерудің маңызы:*

8.1. Отан қоймасы алтын дәнге толып, астың мәселесі шешілді.

8.2. Ұлт аралық қатынастар дамыды.

9. *Тың игерудің зардаптары:*

9.1. Жайылымдық жерлер тарылды, Қазақстанға тың игеру жылдарында 2 млн астам ұлт өкілдері келіп қоныстанды.

9.2. Көп көлемдегі жер жыртылып, оның бетіндегі гумус деп аталатын құнарлы бөлігі желге ұшып, жер эрозияға ұшырады.

9.3. Көптеген аймақтарға орыс атаулары берілді.

### 53. Ғарышты игеру

→ ***Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров***

→ 1. *Туған жылы:* 1946 ж. 26 маусым.

→ 2. *Туған жері:* Қарағанды обл, Қарқаралы ауданы, 1-ші Май ауылы.

→ 3. *Шыққан тегі:* Әкесі – Оңғарбай, шешесі – Қамия. Арғын.

→ 4. *Білімі:*

4.1. Ресей Федерациясындағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін бітірген (1969 ж).

4.2. Мәскеу ұшқыш сынақшылар мектебін (1976).

4.3. Мәскеу авиация институтын бітірген (1979).

→ 5. *Қызметтері:*

5.1. 1969-75 жж Кеңес Одағы әскери-әуе күштерінің Қиыр шығыс әскери округінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилия командирінің орынбасары.

5.2. Теміртау құйма механикалық зауытында токарь.

5.3. Мәскеудегі А.И. Микоян атындағы Тәжірибелік-контрукторлық бюроның ұшқыш-сынақшысы.

5.4. 1992-93 жылдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1-ші орынбасары.

5.5. 1993-94 жж Қазақстан Республикасы Ұлттық Аэроғарыштық агенттігінің бас директоры.

5.6. Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары.

5.7. 1994-95 жж Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болды.

5.8. 1996 жылдан Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі.

6. *Ғарышқа ұшуы:*

6.1. Т. Әубәкіров 1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде, қонбай ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы Солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады.

6.2. 1989 жылы 1-ші болып авиатасушы крейсердің алаңқайшысы «Миг- 29к» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды.

6.3. Сондай-ақ ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді.

6.4. 1991 жылы 2-ші сәуірде Кеңес Одағының Ғарышкерлер дайындау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты.

7. Ғарыштағы уақыт 7 күн 22 сағат 12 минут.

8. *Меңгерген ғылым салалары:*

8.1. Биотехнология.

8.2. Металлургия.

8.3. Медицина.

9. *Қорытынды:* А.И. Микоян атындағы авиаконструкторлар бюросына қызметке қабылданып, ғұмырының ең қиын сәттерін бастан кешірді. Бұл тұста Тоқтар үшін өмір мен өлім ылғи қатар беттесіп отырышты.

## Талғат Мұсабаев

1. *Сипаттама:* Ғарышкер, Реседің батыры, Қазақ халық қаһарман.
2. *Хр кезеңі:* 7 қаңтар 1951 ж.
3. *Туған жері:* Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауд.
4. *Білімі:* 1968 ж Алматыдағы №58 мектепті бітірді.
  - 4.1. 1974 ж Рига азаматтық авиация институтын бітірген.
  - 4.2. 1984 ж Алматы әуе клубында оқу бітірген.
  - 4.3. 1989 ж Ульяновск қ-да ұшқыштар орталығын бітірді.
  - 4.4. 1993 ж Ақтөбедегі жоғарғы ұшу училищесін бітірді.
5. *Қызметі:* 1974 ж инженер
  - 5.1. 1975-84 жж әуе кәсіпорындарында саяси-тәрбие қызметкері.
  - 5.2. 1987-1990 жж азаматтық авиация ұшқыш командирі.
  - 5.3. 2005 ж «Бәйтерек» акционерлік қоғамының бас директоры.
  - 5.4. 2007 ж Қазақстанның әуе-ғарыш агенттігінің директоры
  - 5.5. 2007 ж 11 сәуір Қазақстанның ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы.
6. *Ғарышқа ұшуы:* 1994 ж 1-ші рет 126 күн болды (Союз ТМ-19).
  - 6.1. 1998 ж 2-ші рет 208 күн өткізді (Союз ТМ-27).
  - 6.2. 2001 ж 3-ші рет 8 күн болды (Союз ТМ-32).
7. *Марапаттары:* 1995 ж «Халық қаһарманы» атағы.
  - 7.1. 1995 ж «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» атағы.
  - 7.2. 1998 ж «Отан» ордені.
  - 7.3. 1998 ж «Барыс» 1 дәрежелі ордені.
  - 7.4. 1999 ж «Астана» медалі.
  - 7.5. 1991 ж «Дружба народов» ордені.
  - 7.6. 1994 ж «Герой Российской Федерации» атағы.
  - 7.7. 1994 ж «Летчик-космонавт РФ» атағы.
  - 7.8. 1998 ж «За заслуги перед Отечеством» 3 дәрежелі ордені.
  - 7.9. 1998 ж «За заслуги перед Отечеством» 2 дәрежелі ордені.
  - 7.10. 1998 ж «Аустралия Республикасы» ордені.
  - 7.11. 1998 ж «Ғарышқа ұшқан үшін» НАСА медалі.
8. *Талғат Мұсабаевті:* Қазақстандық маркаға муретін қойды.
9. *Қорытынды:* Талғат Мұсабаев біздің елімізде мәңгі қалады.

## 54. Қазақстанда ғылым мен өнердің дамуы

→ 1. *Қ.И Сәтпаев* – тұңғыш қазақ академигі.

→ 2. *Білім жолы:*

2.1. Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітірді.

2.2. Томск технология институтын аяқтады.

→ 3. *Ғылыми еңбек жолдары:*

3.1. Жезқазғанның Ұлттық ауданында кен байлығын ашады.

3.2. Жездіде марганец рудасын ашып, соғыс жылдарында қорғамыс саласына үлес қосты.

3.3. 1996 жылы Алматыда Қазақ Ғылым академиясын құрып, тұңғыш президенті болып сайланды.

3.4. Сегіз томдық ғылыми еңбектер жинағы орыс және қазақ тілінде басылып шықты.

→ 4. *Мәдениет пен өнер:*

4.1. Қазақстанның ұлттық музыкасы, сөз өнері, айтыс, жыраулар поэзиясы дамыды.

4.2. Қазақ операсы саңлақтары- К.Байсейітов, И. Ержанов, Ғ.Құрманғалев, Е. Серкебаев, Ә.Дінішев.

4.3. Қазақ спортшылары- Ольга Шишигина, Ермахан Ибрагимов, Бекзат Саттарханов, Бахтияр Артаев.

→ 5. *Драма театры:*

5.1. Мысырда “Абылайдың ақырғы күндері ” спектаклін көрсетті.

5.2. Суретші көрмесінде –“Жігер-2001” көрмесі 122 жас суретшінің 150 Шығармасы қойылды.

→ 6. *Сәулет өнері:*

6.1. “Тәуелсіздік монументы”, “Анкара”, “Рахат-Палас”, “Астана” қонақүйлері, ірі сауда кешендері, супермаркеттер.

6.2. Есілдің сол жағында-Ақ Орда “Астана Бәйтерек”, Президенттің мәдени орталығы, Еуразия университетті.

## 55. Тәуелсіз Қазақстан

1. *Анықтама:* Ешкімге бағынышты емес, жеке дара егемен мемлекет.
2. *Хронологиялық кезеңі:* 1991 жылы 16 желтоқсанда.
3. *Мақсаты:* Өзінің егемендігін алып, экономикасы, әлеуметтік жағдайы дамыған, бәсекелес мемлекеттер қатарына кіру.
4. *Сипаты:* Азат, тең, біртұтас, демократиялық әлеуметтік зайырлы мемлекет.
5. *Мемлекетті басқарушы ұйымдары:*
  - 5.1. Президенті- Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы 1991 жылы сайланды.
  - 5.2. 1995 жылы референдумында президент қайта сайланды.
  - 5.3. 2005, 2011 жылы президенттіке қайта сайлануы болды.
6. *Заң шығарушы орган:* Парламент, Сенат, Мәжіліс палатасы.
7. *Тәуелсіздік шежіресі:* Рәміздер, Атазаң, Ұлттық қауіпсіздік, Қарулы күштер:
  - 7.1. Қарулы күштер: құрлықтағы әскер тобы, әскери әуе күштері, әскери теңіз флоты, президенттің тікелей өз қарамағындағы әскер тобы Ұлан.
  - 7.2. Республикалық қарулы күштерінің жоғарғы бас қолбасшысы Президент.
8. *Сыртқы саясат:* 200ге жуық елмен қарым-қатынаста, шекаралас елдермен тату қарым қатынаста.

## 56. Тәуелсіз Қазақстанның Ата Заңы

1. *Анықтама:* Әр мемлекеттің қалыпты өмір сүріп, тұрақты дамуы үшін өз заңдарын бекітеді.
2. *Қазақстан Конституциясының қабылдануы:*
  - 2.1. Мерзімі-1993 жылы 28 қаңтарда тұңғыш конституция қабылданды.  
Ол 21-тараудан 4 бөлімнен тұрады.
  - 2.2. 1995жылы 30 тамызда ҚР-ң жаңа Конституциясы референдум нәтижесінде қабылданып және ол мемлекеттің және қоғамның өміріндегі қандай да бір маңызды мәселе бойынша бүкіл халықтың дауыс беруі және бүкіл халықтың пікірін сұрауын оңдады.
  - 2.3. ҚР-ғы басқарушы орган-президенттік. Президент жеті жылға сайланады.
  - 2.4. Қ.Р Конституциясы 9 бөлімнен 98 баптан тұрады.
- 1- Бөлім – Жалпы ережелер.  
2- Бөлім – Адам және Адамзат.  
3- Бөлім - Президент.  
4- Бөлім – Парламент.  
5- Бөлім – Үкімет.  
6- Бөлім – Конституциялық кеңес.  
7- Бөлім – Сот және сот төрелігі.  
8- Бөлім - Жергілікті мемлекет басқару және өзін өзі басқару.  
9- Бөлім – Қорытынды және өтпелі заңдар.
3. Қазақстан демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет
  - 3.1. Демократия дегеніміз грек тілінен халық билігі деген мағынаны білдіреді.
  - 3.2. Құқықтық мемлекет: адамдардың құқықтары мен бостандықтары ең басты орында.
4. Ата Заңда – мемлекеттің ең басты қазынасы- адам және оның құқықтары мен бостандықтары.
5. Қазақстан Конституцияның екінші бөлімі адам және адамзатың құқықтары мен бостандығына арналған.
6. Ежелден бері қалыптасқан заң үлгілері “Қасқа жол”, “Ескі жол”, “Жеті жарғы”.

## 57. Қазақстан Республиканың мемлекеттік рәміздері

1. *Анықтама:* Рәміздер – әрбір елдің саяси егемендігінің белгісі.
2. *Хр. кезеңі:* 1992 ж 4 маусым.
3. Ту – бейбіт өмірде тыныштықтың, күш қуаттың, ал соғыс жағдайында ерліктің, батылдықтың, қайғы-қасіреттің белгісі.
4. Тудың хр кезеңі XII ғ (Қытайда).
5. Түскен жобалар саны – 600.
6. *Туға сипаттама:*
  - 6.1. Көк түс – адалдықтың, тазалықтың, ынтымақтың, бірліктің көрінісі. «Көк» – сөзі, шығыс деген мағынасын білдіреді.
  - 6.2. Күн бейнесі – өмірдің, береке-байлықтың белгісі. Шеңбер – өміршендіктің нышаны.
  - 6.3. Қыран бүркіт – күш-қуаттың, қырағылықтың, биіктіктің, көрегендіктің бейнесі.
  - 6.4. Тудағы ұлттық өрнек (қошқар мүйіз) – қазақтарда X ғ қолданылған өнердің жарқын бейнесі, ұлттың ерекше бейнесі. Ту ұстау құрметі – батырларға тән.
  - 6.5. Туларды зерттейтін ғылым – вексиология.
7. Елтаңба – «Қазақстан» ел аты ретінде мәдени рәміз болып саналады.
  - 7.1. Геральдика дегеніміз – елтаңбатану (герб) ғылымы, елтаңбаны деректеме ретінде зерттейтін қосалқы тарихи пән.
  - 7.2. Елтаңбаның авторлары: Ж. Мәлібеков, Ш. Уалиханов. Оның алдында 245 жоба мен 67 суреттеме қаралған.
  - 7.3. Киіз үй – ата-бабаларымыздың басты баспанасы.
  - 7.4. Елтаңбадағы шаңырақ – отбасындағы амандық, береке-бірлік, тату өмір, қоршаған орта, әлемдік сәулет

өнерінің тамаша үлгісі, ортақ отанымыздың тыныштық, тұрақтылық, беріктілік ұғымдарымен байланысты. Ата-бабаларымыз шаңырақты айрықша қастерлеп, қадір-қасиет тұтқан.

7.5. Елтаңбадағы қанатты тұлпар – алтын қанаттары астықтың алтын масақтарын бейнелейді, олай болса ол молшылықтың, тіршіліктің нышаны деуге де болады. Ал оның мүйізі – айбындылықтың, күштіліктің, беделдіктің белгісі.

7.6. Қазақ ұғымында «жылқы» – қасиетті жануар, адамның өмірлік серігі, азығы, сұлулықтың, тектіліктің, еркіндіктің, жылдамдықтың, күш-қуаттың нышаны.

7.7. Елтаңбадағы «бес бұрышты жұлдыз» – мемлекетіміздің бес құрлыққа ашықтығын, еркін еліміздің ертеңі еңселі, ел өркениетін бұдан да биік нысанаға көтеруге шақырады. Бес саны ақиқат пен әділдіктің белгісі.

7.8. Кеңестік дәуірде Қазақстанның елтаңбасы 2 рет бекітілді (1925 ж ҚазАКСР елтаңбасы, 1937 ж ҚКСР елтаңбасы).

▼8. Әнұран – белгілі бір халық жайлы, оның арманы, болашағы туралы сипаттима. Қазақстан Республикасының жаңа әнұраны – «Менің Қазақстаным» (2006 ж). Авторлары: сөзі – Ж. Нәжімедденов, Н. Назарбаев, әні – Ш. Қалдаяқов.

## 58. Ұлттық теңге – мақтанышымыз

- 1. *Анықтама:* «Ақша» – қандай да бір затты сатып алу үшін қолданатын, заттық құнын білдіретін, металдан, қағаздан жасалған белгілер немесе бірлік.
- 2. *Әр ұлттың ақша бірлігінің атаулары:*
  - 2.1. АҚШ – доллар, Жапония – иен, Өзбекістан – сом, Ресейде – рубль, Қытайда – юань.
- 3. *Теңге – ұлттың мақтанышы.*
  - 3.1. Хр кезеңі 1993 ж 15 қарашада айналымға енді.
  - 3.2. Шығу тарихы: 1990 ж ағылшынның «Харрисон» атты фирмасына тапсырыс берілді.
  - 3.3. Ұлттық теңгені жасауға кеткен уақыт – 2 жыл.
  - 3.4. Бейнеленген тарихи ескерткіштер мен ұлы қайраткерлер (теңгелікте). Кітапта – 184 бет.
- 4. *Теңгенің жасалу ерекшелігі:*
  - 4.1. Металл және қағаз ақша түрінде.
  - 4.2. Көзге көрінбейтін сапа белгісінің саны – 18.
- 5. *Нумизматика* – табылған теңге, ақша жасауға қолданылған материалдар бойынша ақша айналымның тарихын зерттейтін ҒЫЛЫМ.
- 6. *Нумизматиканың негізін салушы* – веналық коллекционер, оқымысты И.И. Эскель (1734-1798 ж).

## 59. Астана – Қазақстанның басқаласы

### ▼ 1. Бозоқ (Бұзоқ) – ортағасырлық қала.

1.1. Бозоқ – ерте орта ғасырдағы қазіргі астананың ежелгі атауы.

### ▼ 2. Тарихи маңызы:

2.1. Солтүстіктен Есіл бойымен, одан Нұра, Қорғалжын, Сарысу бойына, оңтүстікке апаратын керуен жолдарының торабында орналасқан.

2.2. Бозоқ қалашығы X-XII ғғ ірі және саяси қолөнер орталығы болған.

2.3. Қалашықтың атқарған қызметі – жолаушылар мен керуендер түнейтін орын.

### ▼ 3. Астана – ел мақтанышы.

3.1. Кеңес үкіметі кезінде Целиноград деп аталған.

3.2. 1950 ж ортасында тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде даму орталығына айналған солтүстік облыстың бірі.

### ▼ 4. Алматыдан Ақмолаға астананың көшіру туралы шешімдер:

4.1. 1996 ж 6 шілде – астананы көшіру туралы шешім қабылданды.

4.2. 1997 ж 10 желтоқсан – Ақмола Қазақстанның астанасы болып ресми түрде жарияланды.

4.3. 1998 ж 6 мамырда елбасы Назарбаев Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарды.

4.4. 1998 ж 10 маусымда ресми түрде жаңа астананы тұсаукесер тойы болып өтті.

## 60. Бүгінгі Қазақстан

### 1. Қазақстан – біздің Отанымыз.

1.1. Қазақстан – егемен тәуелсіз ел (1991 ж 16 желтоқсан).

1.2. 1992 ж 2 наурызда БҰҰ-ға мүше болды.

1.3. ЕҚЫ-ң төрағасы.

### 2. Жер көлемі жөнінен – 9 орында. (2 млн 724,9 мың шаршы шақырым).

2.1. Азия аумағының 6,1% алып жатыр.

### 3. Қазақ халқының саны – әлемде 70 орында.

3.1. Дүние жүзіндегі қазақ халқының саны – 12 млн.

3.2. Қазақстаннан тыс шетелдерде тұратын қандас бауырларымыздың саны – 3,5 млн адам.

3.3. Қазақтар түркі тілдес халықтың ішінде саны жағынан – 4-ші орында.

### 4. Антропологиялық сипаты – азиялық нәсілдің тұрандық тармағына жатады.

### 5. Тілі – алтай тілінің түркі тілдік тобына, оның ішінде қыпшақ бөліміне кіреді.

### 6. Діні – ислам дінінің сунниттік тобы.

### 7. Қазақстанда тұратын этнос өкілдерінің саны – 130-ға жуық.

7.1. Ең көбі орыстар – 30%, украиндар – 3,7%, өзбектер – 2,5%.

### 8. Қазба байлықтары – Менделевтің кестесіндегі элементтердің республикада 99-ы табылған, 70-інің қоры зерттеліп, 60-тан астамы өндіріске қосылған.

8.1. Вольфрам қоры бойынша – бірінші, хромит, фосфор кені бойынша – екінші, марганец кені бойынша – үшінші орында.

8.2. Минералдық қоры бойынша әлемде 6 орында Қазақстанда 400-ден аса көмір орындары, мол мұнай қоры бар.

9. *Қазақстан халықаралық қатынаста:*

9.1. Әлемнің 145 мемлекетімен сыртқы байланысын жүргізген. Басты әріптесі Ресей мен ҚХР т.б. мемлекеттер.

9.2. Қазақстан Батыс пен Шығыстың мәдениетін, тарихы, дінін біріктіруші мемлекет.

9.3. Қазақстан ЕҚЫҰ төрағалық етумен беделі зор.

9.4. ҚР-да ел болашағы – жастардың білім алуына барлық жағдай жасалған.

10. Қазақстанда 84 қала, 200 кені, 2036 ауылдық округ, 7684 ауылдық мекендер бар. Қазақстан тұрғындарының 56% - қалада, 44% - ауылдық жерлерде өмір сүреді.